

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылғы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№3 (160),
НАУРЫЗ
2018 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев –
т.ғ.д. акад.; Б.Аяған, Т.Омарбе-
ков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбаев,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина –
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – п.ғ.к.

С.Әбішқызы – тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
– озат ұстаздар.

Басуға 12.03.2018 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1590.
Индексі – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары, орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспейі де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Ержан Бұланов. Қазақ ирредентасының қалыптасуы.....	2
Құндызай Ерімбетова. Алаш зиялылары – төл тарихты зерттеушілер.....	5
Эльвира Абланова. Маңғыстау түбегінің даму тарихы.....	10
Аққали Ахмет, Бағдат Жапаш. Балық шаруашылығындағы зобалаң.....	13
Жәния Құсайынова. Кенесары Қасымұлы – мәмілегер және саясаткер.....	14
Амангелді Шамғонов. Құрманғазы Сағырбайұлы.....	17
Болат Сайлан, Ардақ Мырзағұл. Генерал Сабыр Рақымовтың жауынгерлік жолы.....	19
Аскар Алтаев, Ляззат Кожакеева. Совершенствование и развитие педагогического творчества в современных условиях.....	21
Гүлжанар Шуланбекова. Оңтүстік Қазақстанның отарлануы.....	23
Тайыржан Оразхан, Олжас Қалықов. Философияны оқыту.....	25
Ербол Сырбаев. Әл-Фараби философиясы.....	27
Раушан Балгозина. Концепт Шакарима о правовом положении женщин в казахском обществе.....	29
Кайни Котошева. Ментальная-духовная идентичность казахов.....	31
Диана Құндызбай. "Батыр" сөзі және мағынасы.....	33
Ақтоты Мүлкаманова. Дін және қазіргі қоғам.....	35
Асан Сүлейменов. Қазақ зиялыларының оқу-ағарту жолындағы күресі.....	37
Әлима Нұртазаева. Туған өлкені зерттеген ғалымдар.....	38
Ләзиза Сәрсен. К.Ясперстің "белдеулік уақыт" концепциясы.....	40

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

А.Бөленбаева. Құқықтық білім берудің маңызы.....	42
Анарбек Хатешов. Қаңлылар.....	44
Жұмабек Ғабдолов. Көне түркілер. Түрік Қағанаты.....	45
Шынар Сымағұлова. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында.....	46
Талап Садықбеков. Ислам дінінің тарихы, тәжірибесі мен таралуы.....	47
Сандуғаш Шадиева. Қаңлылардың қалалық мәдениеті.....	48
Гүлнар Жұмабаева. XIII-XV ғасырлардағы Қазақстан.....	49
Айгүл Иманбаева. Тәуке хан тұсындағы Қазақ Хандығы.....	50
Ғалия Тілекметова. Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.....	51
Сәбира Бертілеуова. Ш.Уәлиханов – қазақтың ұлы ғалымы.....	51
Нұргүл Қасынбаева. Қазақстан – егемен мемлекет.....	53
Гүлбану Әлімқадырова. Қазақстанның мемлекеттік рәміздері.....	53
Света Ишебаева. Ежелгі Грекия.....	54
Ақбота Әбенова. Ежелгі Грекия мәдениеті.....	55
Айтолқын Аханова. Ежелгі Қытай мәдениеті.....	56

УДК 94 (574)

ҚАЗАҚ ИРРЕДЕНТАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

(XVIII – XIX ғасырлар)

Ержан БҰЛАНОВ,
 І. Жансүгіров атындағы
 Жетісу мемлекеттік университеті
 Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі,
 тарих ғылымдарының кандидаты

XVIII ғасыр мен XVIII ғасырдың алғашқы онжылдығында қазақ-ойрат қатынастарының шиеленісуі және екі жақ арасындағы соғыстар Қытайдағы қазақ ирредентасының пайда болуы мен қалыптасуына тарихи негіз болды.

XVIII ғ. 30-жылдарында бірнеше тайпалық бірлестіктен құралған ойраттар Ертіс өзенінің жоғарғы ағысында немесе Орталық Азияның солтүстік-батыс бөлігінде Жоңғар хандығын құрды [1]. Жоңғар тағына Сыбан Рабданның келуімен (1697-1727) қазақ халқының басына үлкен нәубет, зор апат «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы төнген болатын. Жоңғарлардың қазақ жеріне басып кіруі Орталық Азияны мекендеген тайпалар мен халықтардың бір-бірімен араласуына және қалыптасқан тарихи этникалық шекараларының бұзылуына алып келді. Мәселен, Ұлы жүз қазақтарының басым бөлігі Орта Азияның Қаратегін, Самарқанд, Ходжент, Ферғана, тіпті Памирге босып, еріксіз көшуге мәжбүр болса, Орта жүз қазақтары Ойыл, Тобыл өзендері бойына ығысты, ал Кіші жүздің бір бөлігі Жайық, Ор, Елек өзендерінің аңғарларына кетіп, ол жерлерден қалмақтар мен башқұрттарды солтүстікке қарай ығыстырса, екінші бір бөлігі Бұқара мен Хиуа жерлеріне көшіп кетті.

Қазақ ирредентасының пайда болуы мен қалыптасу тарихын танып-білуде атап көрсетілген нақ осы оқиғалардың тарихи алғышарты аса маңызға ие. Өйткені, Жоңғария мен Қытай арасында алғаш рет шекаралық-территориялық мәселелер талқыланды. Нәтижесінде XVIII-XVIII ғғ. әскери қимылдар барысында жоңғарлар қазақтан тартып алған жерлерді Жоңғар хандығын талқандаған Қытай мемлекеті өзіне мұра ретінде қалдырды һәм өз иелігіне алды. **1725 ж. Пекинге келген жоңғар елшілігіне қытайлар шекараны былайша белгілеуді ұсынады: «Моңғол Алтайының батыс сілемдерінен Ұлынғы өзені, одан оңтүстікке қарай Бұлаған, Хабутақ, Байтақ, Ұлан-Ұлу арқылы тура Лобнор көліне және ары қарай оңтүстіктегі Қазкөл көліне»** [2].

Бұндай бөлісу Жоңғария үшін өзінің ең жақсы және шұрайлы жерлерінен айырылуға әкеліп соғатын еді. Ол жерлердің басым бөлігі қазақтардан, қырғыздардан және Оңтүстік Сібірдің түркі халықтарынан тартып алынған болатын, ал Қытай Жоңғария мен Түркістанның маңызды экономикалық және стратегиялық аудандарына қол жеткізуге мүмкіндік алатын. Қытайдың бұл ұсынысы қабылданбай, әуелі Циньдерге қарсы Тұрфандағы жоңғарлар, одан кейін іле-шала Халхадағы халха-моңғолдар әскери іс-қимылдарға көшті. Жоңғар қон-

тайшысы Сыбан Рабдан Циньдерді бірқатар жеңіліске ұшырауға мәжбүр етіп, Тұрфан, Баркөл, Құмыл облыстарын және Халханың қайтарылуын талап етті. Циньдер Жоңғарияға қарсы әскери қимылға дайындықтарын бастап, Ганьсу провинциясы мен Халхаға әскерлерін шоғырландыра бастады. **1729 ж. басталған жоңғар-қытай соғысы 1730 жылдың соңында аяқталды және бұл соғыс жоңғарлардың Циньдік Қытайға қарсы тұратын күш-қуаты жоқ екенін көрсетті.** Осыған байланысты Жоңғар хандығы әскери-саяси бағытын айқындап, оны батысқа, яғни Қазақстан мен Орта Азия ауданына түпкілікті бұрды.

Қытайдағы маньчжурлық Цинь әулетінің билігі тұсындағы маңызды екі облыстың болғандығын және ол аймақта ежелден мекендеп келе жатқан тұрғылықты халықтың үнемі азаттыққа ұмтылып, сол жолда көтеріліске шығып отырғандығын атап өтуге болады. **Оның біріншісі – 1720 ж. Циньдер жаулап алған Тибет, екіншісі – Қытайдың солтүстік-батыс бөлігіндегі Орталық Азия халықтарының жерлерін құрамына қосып алған Жоңғар хандығының территориясы.** Бұл аумақтың тарихи атауы – Шығыс Түркістан. Қытай билігі 1762 ж. бұл жерлерді «Синьцзян» деп атап (мағынасы «Жаңа жер», «Жаңа шекара»), өзінің бір провинциясына айналдырды. Бұл екі облыс стратегиялық, экономикалық, саяси тұрғыда перспективалық маңызға ие болғанымен, қытай билеушілері үшін әрқашан проблема тудырып отырды. Сондықтан, аталған аймақта тез арада бекінуді жүзеге асырып, әлеуметтік, саяси жарылыс қаупі бар жағдайды реттеуді мақсат етті. Қытай билігі саясатының алдын-ала және ұзақ мерзімге жасаған бұндай қауіпсіздік іс-шараларының зая кетпегенін тарихтың өзі көрсетіп берді.

Қытайлар әскери күшті қолдана отырып, бейбітшілікті орнатудың «тамаша» саясатының нәтижесінде 600 мың жоңғардың 80%-ға жуығы соғыстан және аурудан қырылды. Тарихшы ғалым Зардыхан Қинаятұлының «Жылаған жылдар шежіресі» атты монографиясында қытайлар тарапынан талқандаған жоңғарлардың тағдыры туралы мынадай мәлімет келтіреді: «...200 мың отбасынан тұратын 600 мың жоңғар халқының 4/10 аурудан өлсе, 3/10 қанды шайқаста қаза тапты, 2/10 туған жерлерінен босып кетсе, тек қана Жоңғария жерінде 1/10 тірі қалды» [3].

1757 ж. Жоңғарияны талқандап, Цинь әулеті билеген Қытаймен бейбіт келісім жасаған соң қазақ билеушілері елшілік келіссөздер жолымен өздеріне тиесілі жерлерді қайтаруға әрекеттенді.

Бірақ, бұл саясат белгілі дәрежеде өзінің нәтижесін бермеді. Цинь билеушілері қазақ даласынан келген елшілерді Аспанасты империясына қазақтардың «кіріптарлығын» нығайтудың құралы деп санады және ешқандай да территорияны қайтару туралы сөздің болмайтынын аңғартты. Тіпті бірқатар қазақ феодалдарының Цинь империясына «сыртқы вассал» («вай фань») болатындығына ресми түрде келісіміне қарамастан, оң нәтиже әкелмеді. Мәселен, 1757 ж. император Цяньлун Абылайға жазған хатында аталған кезеңде Орталықазиялық саясатта қазақтардың алар орны мен рөліне өзінің көзқарасы мен ұстанған позициясын нақты айқындағанын көрсетті: *«Сен бізге бағынышты бодан болдың, сен мынаны білуің керек, яғни барлық жоңғар тайпалары толығымен еліміздің аумағында тұр, сондықтан біздің шекараны бұзуды ойлама»* [4]. Бұл жерде қытайлардың өктемдігін, қазақ билеушілерін менсінбегенін анық көреміз.

Цинь империясы Орталық Азияға жүргізген сыртқы саясаттағы бағытында «бөліп ал да билей бер» принципі ұстанып, қазақтардың мүддесіне қарама-қарсы іс-әрекеттерге көшті. **Цинь әулеті билеушілері қазақтармен арадағы саяси ойынды тоқтатып, 1762 ж. қазіргі Іле округі аймағында әскерлерін тиімді басқару мақсатында Бас штабтың бөлімін орналастырды.** Нақ осы уақыттан бастап Үрімжіде Қытай губернаторы ставкасының негізі қаланды және Тарбағатай, Іле және Қашқар жерлері мен тұрғындары олардың билігінің қол астына түсті [5]. **Осы уақыттан бастап қытай жерінде қазақ ирредентасы пайда болып, қалыптасты.**

1763 ж. 5 қыркүйекте Қытай императоры Цяньлун Шыңжаң билеушілеріне арналған арнаулы жарлығында қазақтар мен қырғыздардың Шу, Талас өзендері аймағында және Іле өзенінен батысқа қарай, сондай-ақ Аягөз өзенінен оңтүстікке қарай жерлерге көшіп-қонуына тыйым салды. Жарлықта: *«Егер де қазақтар мен буруттар (қырғыздар – Е.О.) малдарын жайса, оларды дереу қуып шығуымыз керек»* [2, 60-б.], – деген арнайы бұйрық та болды. Бұндай қатаң тыйымдарға қарамастан, қазақтардың Тарбағатай мен Жетісу өңірлеріне көшіп-қонуы жалғаса берді және сол үшін қытай гарнизондары тарапынан үнемі қуғын-сүргінге ұшырап отырды.

Маньчжоу-го Іле өзенінің бойынан, Қорғастан, Лепсі, Алакөл, Тарбағатайдан және Ертістің жоғарғы ағысындағы жерлерден қазақтарды ығыстырып шығару саясатын жүргізе бастады. 1762-1765 жж. бұл саясат өте қаталдығымен орын алды. Яғни, Циньдік Қытайдың Қазақстан тұрғындарына қарсы жаңа әрп жарияланбаған соғысы ретінде көрініс берді. Әр түрлі әдіс-тәсілдерді (физикалық және рухани тұрғыда) қолданған қытайлықтар қазақтарды жазалап, олардың малдарын айдап, мүліктерін тонап әкетіп отырды.

Қазақтар тарапынан табанды тойтарысқа ұшыраған Цинь үкіметі келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. Тамыз бен наурыз аралығында бүкіл көшкен мал отарының 1%-ын алым-салық ретінде төлеп тұру шартына көнген жағдайда Тарбағатай және Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның басқа да өңірлеріне қыстап шығуға 1767 ж. «рұқсат етті» [4, 174-б.]. **Сөйтіп, қазақтар 1767 ж. Моңғол Алтайынан, Іле өлкесі аудандарынан өз атақоныстарының кейбір жерлерін қайтарып алуға қол жеткізді.** Ұлы жүз қазақтарының азғантай бөлігі Іле өзенінің аңғарына көшіп, қытай императорының бодандығын нақтылы мойындаса, кейбір бөлігі 1850 ж. дейін тәуелсіздігін сақтап қала алды. Алайда, ақыр соңында Ресей

империясының қоластына өтті.

Аталған өңірлерде қазақтар XIX ғ. 1-жартысына дейін еркін көшіп-қонып жүрді. Ресейдің Қазақстан мен Орта Азиядағы жүргізген отаршылдық басып алу саясаты табысты нәтижеге жетуі, ресейлік жаңа иеліктердің Циньдік қытайдың иеліктерімен жақындасуына алып келді. **Бұның өзі екі елдің бірқатар мемлекетаралық мәселелерді дереу шешу қажеттігін күн тәртібіне қойды:** бірінші, орыс-қытай сауда-саттық қатынастарын дамыту; екінші, Орталық Азиядағы орыс-қытай мемлекеттік-территориялық шекараны межелеу нәтижесіне анықтау.

Орталық Азия бойынша шекараны белгілеуде Қытай мен Ресей арасындағы алғашқы ресми құжат 1860 ж. 2 қарашадағы Пекин келісінде қабылданды. Ол 1864 ж. Шәуешек Хаттамасында келісімінен әрі нақтылы түрде толықтырылды. Пекин келісімінің екінші бөлімінде шекаралық сызық Енесай (Енисей) өзенінің бастауынан Шабын-даба арқылы Томск және Енесай генерал-губернаторлығы жерлері арқылы Зайсан көліне, одан Жоңғар Алатауына қарай Іле өзенін кесіп өтті, одан әрі Тянь-Шань арқылы Қоқан иеліктеріне дейін жетті [6].

Жоғарыда атап өткеніміздей екі мемлекет арасындағы нақтылы территориялық межелеу 1864 ж. 25 қыркүйектегі Шәуешек хаттамасының негізінде жасалды. *«Русско-китайские отношения, 1689-1916»* (Мәскеу, 1958) атты жинақтағы ресми құжатқа мұқият қарасақ, Орталық Азиядағы Ресей мен Қытай арасындағы территориялық-мемлекеттік шекараны белгілеу аталған аймақта тұратын халықтардың ешқандай да экономикалық, этнопсихологиялық және саяси мүдделері ескерілмей, тек географиялық принципке сүйеніп жасалғанын анық байқаймыз. Мәселен, Хаттаманың 5-бөлімінде айтылғандар жасаған тұжырымдарды нақты айқындайды. Онда былай деп атап көрсетілген: *«Настоящее определение границы делается в том намерении, чтобы навсегда скрепить доброе согласие между двумя государствами, поэтому для избежания споров из-за обитания вдоль теперь определенной между двумя государствами границы народов поставляется принять в основание день размена этим протоколом: т.е. где помянутые народы жили до сегодня, там попрежнему должны оставаться и спокойно жить на прежних местах, пользуясь предоставленными средствами жизни, и к какому государству, вместе с землею, отходят и самые люди, и тем государством управляются. И если после сего кто-либо из них с прежнего места жительства перейдет в другую сторону, то таковых возвращать назад и тем прекратит замешательство из-за определенности на границе»* [6, 48-б.]. Міне, нақ осы уақыттан бастап Қытайда қазақ ирредентасының пайда болуы мен қалыптасуы орын алды.

Орталық Азиядағы Ресей мен Қытай арасындағы мемлекеттік-территориялық шекараның белгіленуі бірнеше мәрте түзетілді. Шәуешек Хаттамасына қол қойылған соң бірнеше жылдан кейін 1864 ж. Шыңжаңда басталған антициньдік ұлт-азаттық қозғалысты пайдаланған Ресей империясы бұрынғы қабылданған келіссөздердің шешімдеріне қайта тексеру жүргізуді және Қытай империясының иелігіндегі жерлерді өзіне қосып алу мақсатында демаркациялық сызықтарды өзгертуді талап етті. **Соның нәтижесінде 1869 ж. Хобда Хаттамасы, ал келесі 1870 ж. Тарбағатай Демаркациялық хаттамасына қол қойылды.**

Бірақ, Шыңжаңда қалыптасқан ахуал, Цинь империясының ішкі, сыртқы жағдайының ауыр болуы және Ресей империясының саяси, дипломатиялық және әскери үркітуі мен қорқытуы әрекетінен кейін Қытай ымыраластыққа баруға мәжбүр болды. Сөйтіп, **1881 ж. 12 ақпанда Петербург келісімі жасалды**. Петербург келісімі бойынша Қытай билігінің Шыңжаңдағы антиманьчжур көтерілісіне қатысушыларға қарсы жазалау шарасын жүргізбейтіндігі туралы уәдесіне қарамай, хань емес халықтардың өкілдерінен 100 мыңдай адам Қазақстан мен Орта Азия аумағына қоныс аударуға талпынды [2, 77-б.]. Ұйғырлар мен дүңгендерді айтып отырмыз.

Біздің ойымызша, 1881 ж. Петербург келісімі Ресейдің Орталық Азиядағы позициясының әлсіреуін білдіргендей. Ал, Қытайдың пайдасына өтіп кеткен нақ сол жерлер оның тарихи иелігі болған жоқ, патшалы Ресей болса аталған геосаяси, экономикалық, стратегиялық қатынастарда аса маңызды аймақты өз қолында ұстап қала алмады. Бұл Ресей мен КСРО-ны басқарушылар ортасында өкінішті салдарының болғандығын бірнеше мәрте тарихтан көрсетіп берді.

Ресей тарапынан Іле өлкесінің Қытайларға қайтарылуы қазақтардың суан, албан, қызай руларының Іле өзені бойындағы маусымдық жайылымдықтарынан айырды. Бұның өзі қазақ жерлерін өзара бөлісіп, екінші бір мемлекеттің еншісіне күшпен өтіп кетуіне және қазақтардың дәстүрлі көшпелі маршрутының бұзылуына алып келді. Бұл мәселені шешу үшін орыс және қытай шенеуніктері оны бірнеше мәрте талқылап, нәтижесінде қытай бодандығындағы қазақ, қырғыз, қалмақтарға Нарынқол маңында тұз өндіруге, орыс бодандығындағы қазақтар мен қырғыздарға қыс айларында Текес аңғарында малдарын қыстатуға рұқсат етті.

Ресей мен Цинь империялары арасындағы қол жеткізген келісімдерге байланысты қазақтар Қытай территориясындағы бұрынғы жайылымдықтары болған Іле және Тарбағатай округтарындағы Барлық пен Тарбағатай таулары, Текес өзені аңғарындағы Жұлдыз, Сүмбе, Бороталаны 1892 ж. дейін іс-жүзінде пайдаланды. Бірақ, Ресей бодандары болған қазақтардың қытай жеріне рұқсатсыз үнемі еніп кетуі мен тәртіпсіздіктердің жиі орын алуына орай Қытай билігі қазақтардың көшіп-қонуына шек қоя бастады, ал бұл өз кезегінде олардың, яғни қазақтардың өмір сүруіне кері әсерін анық көрсетті.

Сонымен, Қытай аумағында қазақ ирредентасының пайда болуы мен қалыптасуы туралы жоғарыда айтылған тұжырымдардан мынадай қорытынды жасауға болады. **Қытайдағы қазақ ирредентасының пайда болуы мен қалыптасуының үдерісі екі этаптан тұрады: бірінші – XVII-XVIII ғғ. қазақ-ойрат соғыстары уақытын қамтиды және оның барысында қазақтар өздерінің ата-қоныстары болған Жетісудың кейбір жерлерінен, Тарбағатайдан, Барлықтан айырылды. Қазақ-ойрат соғыстары мындаған адамның қырылуына, Орталық Азия халықтарының қуатты миграциялық үдерісіне тікелей әсер етіп, аталған аймақтың демографиялық ахуалына түбегейлі өзгеріс алып келді**. Нақ сол кезеңде сонау Түркеш қағанаты кезінде Атлах шайқасында тас-талқан болып жеңілген қытай әскерінің мың жыл өткеннен кейін түркілердің ата-қонысына қытайлардың екінші мәрте енуіне алып келді. Жоңғар хандығының талқандалуын пайдаланған қазақ билеушілері өз ата-қоныстарын қайтарып алуға әрекет жасағанымен,

Қытай мемлекеті ойраттарды талқандауда басты жеңімпаз әрі мұрагер ретінде ол жерлерді өздерінде қалдыратынын мәлімдеді. Сол себепті, XVII-XVIII ғғ. жоңғарлардың жүргізген әскери іс-қимылдары барысында қазақтардан тартып алған жерлері Қытайдың құрамында қалды. Сонымен қатар, XVIII ғ. екінші жартысында Қазақстан мен Қытай арасында алғаш рет тікелей шекара орнатылды.

Екінші этап – Орталық Азиядағы Қытай мен Ресей арасындағы территориялық-мемлекеттік шекараны белгілеу үдерісімен сипатталады. Нәтижесінде бірқатар маңызды үкіметтік құжаттарға қол қойылды, олар 1860 ж. 2 қарашадағы Пекин келісімі, 1864 ж. Шәуешек Хаттамасы, 1869 ж. Хобда Хаттамасы, 1870 ж. Тарбағатай Демаркациялық хаттамасы, 1879 ж. Ливадия келісімі, 1881 ж. Петербург келісімі. Атап көрсетілген келісімдер мен хаттамаларға қол қойылып және ратификациялануының салдарынан қазақ жерлері мен тұрғылықты халқы зорлықпен екі мемлекет арасында бөлінді және олардың тілегіне қарамастан, бодандықтың қамытын кюге мәжбүр болды. XIX ғасырдың соңында 100 мың қазақ Ресей империясының аумағынан тыс жерлерде өмір сүрді. Әлбетте, оның басым бөлігі Қытай жерінде қалған қазақ ирредентасы екендігі ешбір дау тудырмайды. Яғни, ежелден мекендеп келе жатқан өздерінің ата жұртында өмір сүріп жатты.

XX ғ. орын алған оқиғалар екі мемлекет – Ресей империясының, кейіннен оның орнына келген КСРО-ның және Қытайдың құрамында болған қазақ халқының жағдайы күрделене берді. Қазақстандағы және Шыңжаңдағы қазақтардың адам шығыны орасан зор болды. Бұл қасіретті жылдардың нәтижесінде қазақ диаспорасының пайда болуына және оның Орталық Азия елдерінде дамуына, одан кейінгі бүкіл әлемге таралуына алып келді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются история и причины формирования казахской ирреденты в Китае в XVIII-XIX вв. Автор на основе источников делает вывод, что территория Китая, где компактно издавна проживают казахи, является их собственной территорией и прародиной. В этой связи данная группа населения определяется термином «ирредента».

The article describes the history and reasons of XVII-XIX century's Kazakh irredentism in China. The author tries to prove that the territory in China where lived Kazakh people is their ancestral home.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII в. – Алма-Ата, 1988. – 16-б.
2. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Фалым, 1997. – 61-б.
3. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. – Алматы, 1995. – 33-б.
4. Гуревич Б.Г. Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX в. – М., 1983. – 133-б.
5. Мұхаметқанұлы Н. XVIII-XX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. – Алматы, 1996. – 40-б.
6. Русско-китайские отношения, 1689-1916. Официальные документы. – М., 1958. – 35-б.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ – ТӨЛ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУШІЛЕР

Құндызай ЕРІМБЕТОВА,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

Ел тарихы – келешек ұрпаққа қалдырылатын асыл мұра. Қазақ тарихының сақталуына бірден-бір әсер еткен факторлар: шежіре жазу және оны сақтау дәстүрі (халық ауыз әдебиеті), Мұхаммед Хайдар Дулаттың, Қадырғали би Қосымұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің мұралары және басқа да тарихи жазбалар, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізді. Қазақ тарихына қатысты шетелдік деректердің (қытай, моңғол, батыс еуропалық және басқалардың) жарыққа шығуы, тарих және тарихи зерттеулер дәстүрінің тереңде жатқанын көрсетеді. Еліміз шежірелік деректерден бастап, тарих саласындағы академиялық жүйенің құрылуы, зерттеу жұмыстарындағы ұстанымдық өзгерістер кезеңінен өтті. 1888 жылы Омбыдан шыға бастаған «Дала уәлаяты» газетінің ағартушылық-танымдық рөлі ерекше болды. Қазақ тарихын зерттеумен арнайы айналысатын академиялық ғылыми мекеменің ұйымдастырылуы кеңестік кезеңде жүзеге асырылды. Қазақ тарихы қағидалық және тақырып жағынан алғанда да жылдар бойы КСРО тарихының құрылымдық тақырыбы аясына басыбайлы болған-ды. Әлемдік-тарихи эволюциялық дамудың бір бөлшегі екендігі де еске алынбады, қалай да кеңестік дәуірмен байланыстыру үрдісі қалыптасты.

Қазақстан тарихы мен этнографиясын зерттеумен көптеген кәсіби ғалымдар (Ш.Уәлиханов, Пржевальский, Козлов, Богданович, Мушкетов, Сверцев, Семенов-Тяньшанский) айналысты немесе өздерінің еңбектерінде құнды мәліметтер қалдырды. 1925 жылға дейін қазақ тарихының тарихи кезеңдері мазмұндалған зерттеу жұмыстары қолға алынбады. Мұнан бұрын Вельяминов-Зернов, Левшин, академик Бартольд, Аристовтардың мұрағаттық материалдар арқылы патша өкіметі мен оның саясаты аясын қамтитын жеке жазылған жазбалары ғана болған-ды. Ұлттық намысты оятуда Ы.Алтынсарин, Сұлтанғазы Уәлиханов сияқты дала ұлдары із қалдырды. Алаш қайраткері Халел Досмұхамедов 1923 жылы Әбубәкір Диваев жинаған «Кенесары-Наурызбай» жырын Ташкент қаласында жеке кітап етіп шығарып, өзінің «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы туралы қысқаша мағлұмат» еңбегін жазады. Сырым, Исатай, Кенесары бастаған қозғалыстардың халықты «орыстың... құшағынан құтқару» мақсатын көздегені жөніндегі тұжырымын бекітеді. 1923 жылы Ташкентте «Баян батыр» поэмасы жарық көрді. Бұл кезең ауыз әдебиеті арқылы ата тарихты тану өріс алған мезгіл болатын.

Осы сәтте «Қазақ тарихынан» атты бес бөлімнен тұратын (дін, діл, мәдениет, әлеуметтік жіктелу, қарсы қозғалыстар, шаруашылық, кәсіпкерлік және тарихи тұлғалар мәселелері қозғалады) кітапты 1922 жылы Омбы қаласында Қошк

Кемеңгерұлы жазып бітіреді. Кітап 1924 жылы Мәскеуде Нәзір Төрәқұлұлы басқаратын «Күншығыс» баспасынан басылып шығады. Қазақ үшін басты мәселелердің бірі – қарашекпенділерді дала-лық жерлерге қоныстандырудағы патша өкіметінің саясатының ішкі мазмұнын ашып көрсетеді. Қазақтың қарапайым ғана емес, бай-ауқаттыларының иеліктерін ығыстыру арқылы орыстар мен қазақтар арасындағы текетірестерге жол беру, шоқындыру, қазақтың рухын жер қылу мүдделеріне сай іс-әрекеттерін ашық жариялайды. Қоныстанушыларға қатысты «келімсектер» ұғымын дәйекті түрде бекітіп, патша үкіметінің оларды қызғыштай қорыған әрекеттерінің себептерін негіздейді (Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т.–Алматы: Алаш, 2005. 50-б.). Қошк Кемеңгерұлы зиялылардың басты мақсаты «*қара тұрмыстың кіріне былғанып, саясат сандалына түсу емес*», уақытты өткізбей, халықты алға сүйрейтін стратегиялық жаңғырту тұжырымдамасы аясындағы тірліктердің келешекке көп пайда келтіретініне болжам жасаған алаш азаматы. Бұл заманауи кезеңде де өзектілігін жойған жоқ. Кеңес үкіметі мен Компартияның езілген ұлттардың кеңестік республикасына теңгермелік саясатына шүбә келтірмеген зиялылар Қазақ мемлекеттілігінің тарихын жазу қажет деп тапты.

Солардың бірі 1925 жылы 30 мамырда И.Тоқтыбаевтың алғы сөзімен, Мұхаметжан Тынышпаевтың «Қырғыз-қазақ халқының тарихы» еңбегі жарық көрді. Әрине, бұл академиялық басылым болмағанмен, қазақ халқы құрамындағы рулардың



пайда болуы, үш жүзге бөлінуі және ерекшелігі, Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты өзекті мәселелерді сол кезеңдегі ауқымды материалдарды пайдалана отырып, жазып шығады. Ш.Уәлиханов, Ш.Құдайбердіұлы, Х.Досмұхамедовтің еңбектері және басқа да

экспедиция материалдары ғылыми айналымға енгізілді. Қошк Кемеңгерұлы, Телжан Шонанұлы да

«Қазақ тарихына» қатысты еңбектерінде қазақтың басты дауы – жер мәселесіне қатысты азаттық күрестер алғышарттарын аша түсті. Бұл ғылыми, тарихи танымаға ұмтылыстың алғашқы қадамы болатын. Қалай дегенмен де, Қазан төңкерісінен кейін академиялық ғылыми орта қалыптастыруда ғылыми-зерттеу жұмыстар қолға алына бастады.

1925 жылы Ленинградта В.В.Бартольдтың «Еуропа және Ресейдегі Шығысты зерттеу тарихы» жарық көрді. Сондай-ақ **А.Ф.Рязановтың «Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі үшін қырық жылғы күресі (1797-1838)»** еңбегін 1926 жылы Қызылорда қаласындағы Қазақстанды зерттеу қоғамы басып шығарған еді. **Оның басқалардан ерекшелігі** – бұдан бұрын ұлттық тәуелсіздік тақырыбы тек қазақ басылымдарында ғана кең өріс алса, енді іргелі зерттеулерде қолданыла бастады. Алаш қайраткерлерінің идеялық бағдары тұмшаланып, тарихи-саяси баға беру дәстүрімен жазылған А.К.Бочаговтың «Алаш-Орда» атты қысқаша тарихи очеркі Қызылорда қаласында жарық көрді. Кезінде бұл шағын еңбекті жазған автордың тұжырымдарына қатысты (Б.Сүлейменов, М.Қозыбаев, К.Нұрпейісұлы, М.Қойгелдиев, Д.Аманжолова және басқа сараптамашылар тарапынан) ғылыми сараптама берілген болатын. 1925 жылы Санжар Асфендиаров КСРО Орталық Атқару Комитетінің (ОАК) төрағасы А.С.Енукидзениң орынбасары және Комитеттің Төралқасы жанындағы Ұлттар істер жөніндегі бөлімнің меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Атқару билік жанынан құрылған көптеген арнайы комиссиялар мен комитеттердің қызметіне басшылық жасады немесе тікелей араласқан болатын. Мысалы, 1926 жылы Төралқа жанындағы Жұмысшы әйелдердің еңбегі мен тұрмысын жақсарту комиссиясының төрағасы және аптасына бір рет шығарылатын ОАК-тың баспа органы – «Власть Советов» журналының редакциялық алқасына мүше болды.

1926 жылы қараша айында РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов Компартия көсемдерінің рұқсатынсыз ұйымдастырған ұлт қайраткерлерінің «құпия кеңесіне» қатысады. Онда Орталық пен ұлттық республикалар арақатынасы мәселе талқыланып, Мәскеудің шовинистік саясаты сыналған болатын. Мұнысы үшін ол кейін «саяси сенімсіздер» қатарында жазаға тартылады. Алайда, дәл осы кезеңде С.Асфендиаровтың тарихи-саяси көзқарасы бекіген болатын. Сол сияқты жұмысшы әйелдердің еңбегі мен тұрмысын жақсарту комиссиясында қызмет атқара жүріп, академик Анна Панкратовамен тығыз байланыс құрғанын пайымдауға болады. Социалистік қоғамды құру үрдісінде маркстік-лениндік теориямен қоса, жеке өзіндік ойлар мен көзқарастар тұжырымдалғаны айқын. Сондықтан да болар, бұрынғы патшалық Ресей отарлаған аймақтардағы және «Орталықтағы» тарихшы-ғалымдардың, оның ішінде Анна Панкратова еңбектеріндегі тарихи оқиғалар мен үрдістерді ашып көрсету, бір жақты таптық тұрғыда бағыт-басымдылығымен сипат алғаны мәлім. Оның тапсыз қоғамды және атеизмді негізге ала тұжырым жасауы, зиялыларды біріктіретін өзге ортақ мүдделер болмады деген сөз емес. Мұндай ғалымдарды адами құндылық пен рухани-мәдени сұраныстар біріктірді және бір-бірін қолдай жүрді.

Олардың пайымдарында кездесетін қателіктермен қатарлас, жаңалық пен жаңа көзқарастар легіне ұмтылыс та орын алды. Көптеген

ғылыми мақалаларда тарихшы Анна Панкратованың С.Д.Асфендиаровпен жақсы қарым-қатынасы, оған көмек қолын созғаны да тілге тиек етіледі. Бұл қатынас қалайша өрбігенін айқындау – болашақтың ісі. Бір анығы 1919 жылы мамыр айында Санжар Асфендиаров Коммунистік партия қатарына (А.Панкратова да осы мезгілде) өтеді. Мәселе мұнда емес. Мәселе төңкеріс пен Кеңес өкіметін орнату және оны нығайту кезеңінде Санжар Асфендиаров Кеңес мемлекетінің танымал қайраткерлерімен тығыз байланыста болады: В.В.Куйбышев, Д.А.Фурманов, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, Н.Н.Нариманов, М.Н.Покровский. Осы тізімдегі кеңестік жүйені орнату кезеңінің алғашқы екі он жылдығында ең беделді әрі бірегейі – М.Н.Покровский. Ол – В.И.Лениннің серіктесі ғана емес, алғашқы кеңестік мемлекет тұжырымдамасының мәтінін жасауға қатысқан тұлға. Яғни, С.Асфендиаровтың тарихқа бет бұруы, Түрікбүро құрамына енуі де осы кезеңдегі зиялы ортамен кірігуімен айқындалады. **Мұнан шығатын қорытынды** – М.Н.Покровскиймен С.Асфендиаров Анна Панкратовадан бұрын таныс болған және қарым-қатынас орнатқан. Мұнан оның тұлғалық әлеуеті танылады. Кеңестік патриотизм идеясы аясында, ұлт мәселесіне қатысты ғалымдар жікке бөлінді. Осы кезеңде Кеңестік жүйені негіздеуде, Одақтың ұлт аймақтарында жалпы ғылыми ортаны орталықтандыру жұмысы қолға алынған болатын. Сталиндік биліктің бекуімен, кеңестік партиялық идеологиялық көзқарастар қағидасы орнықты. 1930 жылдардың басындағы ғылыми зерттеу тарихнамасында алаш қайраткерлерінің атқарған қызметтері «түпкілікті реакциялық» сипатта деп танылып, тарих бетінен ысырылды.

КСРО-ның орталық ғылыми мекемелеріне қарасты Қазақстан филиалдары ашылып, жергілікті мамандар даярлау қолға алынды. Негізінен Қазақ КСР ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми мекемелерінің көпшілігі сталиндік бесжылдықта құрылды. Осы жылдары КСРО-дағы индустрияландыру және оның қорғанысын нығайтуда Қазақстанның бай, пайдалы, кенді мекендерін игеру үшін кең көлемде зерттеу жүргізу қажеттілігі туды. Осы мақсатта республикалық ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік (Қазақ геологиялық басқармасы, Қазақ сирек металдарды іздестіру, КСРО ҒА Қазақ филиалының Геологиялық секторы, Гурьев ғылыми-зерттеу мұнай станциясы, ғылыми мекемелер мен өндірістерде ғылыми зертханалар) ұйымдар жұмыс атқарды. 1931 жылдан бастап Экономика ғылыми-зерттеу институты мал шаруашылығы саласын зерттеумен айналысты. 1935 жылы ашылған академик Вильямс атындағы Қазақ жер шаруашылығы институты да (КИЗ) ауыл шаруашылығы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданды. Қазақ КСР-ында қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми-зерттеулердің орны ерекше. Қазақстанда академиялық ғылыми мекемелердің қалыптасуы 1932 жылдан, яғни осы жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасының құрылуынан басталады және БК(б)П ОК жанындағы. Маркс-Энгельс-Ленин институтының Қазақстандық филиалы (маркстік-лениндік идеяны насихаттаумен, олардың шығармаларын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен айналысады) ашылады.

Қазақстанның академиялық ғылымының дамуына маңызды үлес қосқандардың бірі – С.Д.Асфендиаров. Ол КСРО ҒА филиалында академиктер А.Н.Самоилович пен Б.А.Келлермен президиум құ-

рамына енді және оның төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Бұл уақытта Санжар Асфендиаров Одақ ауқымындағы білім беру мен ғылыми зерттеу жұмыстарына қызу араласып, тәжірибе жинаған болатын. 1925 жылы БОАК (ВЦИК) Президиумы мүшесі және оның хатшысының орынбасары жұмысын атқарды. Ол КСРО ОАК жанындағы Шығыстану институтымен тығыз байланыс жасап, Мәскеу университетінде оқытушы қызметін бірге алып жүреді. Шетелдік Шығыс елдерінің өкілдерімен жиі кездеседі. Осылайша ол орыс, ағылшын, неміс, француз және шығыс тілдерін толыққанды меңгерген бірегей тұлға болып қалыптасты. 1926-1928 жж. ММУ профессоры және 1927 жылы Н.Н.Нариманов атындағы Шығыстану институтының директорлығы қызметіне тағайындалады. Егер тарихшы Анна Панкратова профессор ғылыми деңгейін 1928 жылы алғанын ескерсек, С.Асфендиаров бұл мезгілде ғылыми ортада шығыстанушы ретіне көпшілікке танымал болған.

Профессор Санжар Асфендиаров 1928-1931 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің тұңғыш ректоры болған. КСРО ҒА Қазақ филиалындағы ғылыми кеңес беру және үгіт жасау комиссиясын, тарихи-археологиялық комиссиясын, қазақ сөздігі комиссиясын басқарды. 1933 жылы құрамында тарих, археология, әдебиет және фольклор, тіл, бейнелеу және музыкалық-хореографиялық өнер салалары бар Қазақ ұлттық мәдениеті институты ашылған болатын. С.Асфендиаров Қазақ ұлттық мәдениеті ғылыми-зерттеу институтының Тарих секторының меңгерушісі қызметін атқарды. Мәскеу және Ленинградтық ғалымдардың қатысуымен қазақ халқының мәдениеті мен тарихына қатысты материалдар жинақтауға археологиялық, этнографиялық экспедиция жасақталды. Оған Ә.Диваев, А.В.Затаевич, А.Х.Марғұлан белсене қатысқан. Төңкеріске дейінгі Қазақстандағы мәдениет пен тарихқа қатысты материалдар жинақтау, ескерткіштерді тіркеу және оларға сипаттама беру қолға алынған болатын. Бірақ бұл жүйелі жүргізілмегендіктен, Қазақстанның археологиялық картасындағы «ақтаңдақ» беттер айқындалды. Тарихи кезеңдерді зерттеу хронологиясы ерте тас ғасырынан басталды. Қазақстанның ежелгі ескерткіштерін зерттеуге кеңестік археологтар ішінен алғашқы болып археологтар М.П.Грязнов пен Б.Н.Граков тартылды.

1926-1928 жылдары Қазақстанның батыс өңіріндегі қола ғасырының қорғандар тобына қазба жұмысы жүргізілді. Содан соң, 1929 жылы Б.Н.Ждановтың басшылығындағы геологтар Солтүстік Қазақстан аумағында қола дәуіріне жататын мәдениеттер ошағын ашса, 1930 жылдары КСРО ҒА ИИМК және КСРО ҒА Қазақ филиалының ғылыми экспедициясы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда А.Н.Бернштамның басшылығымен зерттеу нысандары қолға алынды. 1920-1930 жылдар аралығы республикадағы тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуының алғашқы кезеңі болатын.

Бұл мезгілде дәстүрлі ұғымдық қағидаттар мен маркстік тұрғыдан түсіндіру арасында қайшылықты күрес жүрді. 1921-1941 жылдар аралығында тұңғыш кеңес өкіметінің «Пролетарская революция» тарихи жураналын Октябрь революциясы және Коммунистік партия тарихы жөніндегі Комиссиясы (Истпарт) шығарды. Ғылыми әдебиеттерде Қазақстан тарихы мәселелерін зерттеуде маркстік-лениндік методологияның түпкілікті бекітілгені айшықталып отырды. Дәл осы тұста С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университеті, Абай атындағы Педагогикалық институты, Заң институты, Пуш-

кин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана, республикалық және облыстық мұрағаттар ашылып, онда мамандар қызмет атақара бастайды. **1925 жылы «Тарихшы-марксистердің қоғамы» құрылады. 1926 жылы осы қоғамның органы «Историк-марксист» журналы шыға бастайды.** Осылайша, таптық идеология бекіді. Ал бұл уақытта Қазақстанда іргелі кешенді ғылыми тарихи зерттеулер жүргізілмеген болатын.

Ел мүддесін ойлаған партия және мемлекет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері С.Асфендиаров, Ғ.Тоғжанов, С.Сейфуллин, О.Жандосов, И.Қабылов өздерінің хал-қадерінше қазақ тарихына атсалысты. Кейін олардың еңбектері тарихнамадан орын алды. Мұндай қадамға 1920 жылдары Қазақ республикасының құрылуы, этносаяси шекараның айшықталуы, қазақ халқының орналасу аймағының айқындалуы түрткі болды және жол ашты. Тарихи тақырыптарға арналған баспасөз беттерінде мақалалар жарияланып тұрды. Қазақ тарихына қатысты олардың баяндамалары көпшілік қауымның қызығушылығын тудырды.

1930 жылдың ортасынан бастап қазақ халқының тарихына қатысты М.П.Вяткин ізденістер жүргізді. Ол – Қазақстанның төңкеріске дейінгі деректану саласына өз үлесін қосқан бірегей тұлға. Михаил Порфирийұлының тырнақалды еңбектерінің бірі – 1936 жылы «*Путевые записки лекаря Зибберштейна*», «*Сказки XVIII в. как источник для истории Казахстана*». Кейбір жаңсақтығына қарамастан, оның жетекшілігімен және белсенді кірісуімен жазылған екі томдық «Қазақ КСР тарихы бойынша материалдар жинағында» қызықты да ауқымды мұрағаттық деректер кездеседі.

1933 жылы желтоқсанда Қазақстандағы Марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институтында алаш қозғалысына қатысты ғылыми талқылау өтті. Алшорданың ұлт-азаттық күресі және 1917 жылғы қазан төңкерісіндегі ұлттық буржуазияның орны мен рөлі теріске шығарылды. Ресейге қосылу үдерісінің негізгі қозғаушы күші – экономикалық фактор болып есептелді. **М.Н.Покровский Ресейдің Орта Азияға жылжуын күштеп жаулап алу деп қарастырды. Алайда өзге тарихшылар тарапынан М.Н.Покровскийдің «шегіне жеткен қиянат» тұжырымы сынға ілігеді.** 1935 жылы шыққан тарихи деректер кең көлемде пайдалана талданған тұңғыш толыққанды ғылыми еңбек «Қазақстан тарихы (ежелгі кезеңнен 1917 жылға дейін)» очеркінен бұрын С.Д.Асфендиаров пен неміс профессоры, коммунист-иммигрант П.А.Кунте редакциясымен бірлескен Қазақстанның өткен тарихына қатысты деректер мен материалдар жинағы басылып шығады. 1936 жылдан бастап Тарихи-археологиялық сектор Тарих секторы болып өзгертіледі. Бұл партия мүшелері құрамын «халық жауларынан» тазарту кезеңі болатын. 1936 жылы Қазақ Өлкелік баспасы шығарған С.Асфендиаровтың «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі» еңбегі жарық көрді.

1937 жылы «*КСРО тарихы бойынша орта мектептің 3 және 4-сыныптарына арналған үздік оқулығына арналған байқау бойынша үкіметтік комиссиясы қазылар алқасының қаулысында*» Ресей құрамына өзге ұлттардың қосылуына қатысты біржақты баға беруге келіспейтіндіктерін білдірді. Қазақтардың Ресей құрамына қосылуы басқа мемлекеттермен салыстырғанда, болмашы қаскөйлік болып табылатынын көрсетті.

Қазақстанның Ресейге қосылуын зерттеуге

және «төменгі ауқымды қаскөйлік» тұжырымын жасауға М.П.Вяткин және Н.Г.Аполлова үлкен үлес қосты. Оны алғашқы ғылыми айналымға қосқан М.П.Вяткин болатын. Тарихшы Н.Г.Аполлова Хандық биліктің әлсіреуі, «қаралар» санының өсуі, Жоңғармен күрестің ушығуы мен түркімен, Бұқара, Хиуамен қарым-қатынастардың шиеленісуіне байланысты Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресейге мойын бұруына тура келгенін негіздейді.

Н.Г.Аполлова қазақтарды орыстардың отарлауын патша өкіметінің қазақ даласын отарлауы және өздерінің ықпалын нығайту бағытында жасалған әрекет ретінде (И.И.Крафт бойынша) қарастыруды қате көзқарас ретінде қабылдайды. Және қазақтардың Ресейге бағындырылуын «төменгі ауқымды қиянат», Ресейге қарағанда артта қалған ел ретінде, Жоңғарларға жұтылу немесе Ресей бодандығын қабылдау арқылы, алға жылжудың үлкен мүмкіндік жолдарына шығу» баламалы таңдау алдында болғандығын алға тартады. Дәл осы тұжырым тәуелсіздік алғанша күшінде қалды. 1941 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы құрамында Тіл, әдебиет және тарих институты құрылып, оның өмірге келуіне Н.Т.Сауранбаев (институттың бірінші директоры), Ә.Марғұлан, С.Аманжолов сияқты ғалымдар ат салысты. 1937 жылы С.Асфендиаровқа «халық жауы» ретінде негізсіз айып тағылған болатын. Бұған дейін қазақ интеллигенциясының бірінші толқыны Алаш партиясының өкілдері (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және басқалар) қуғынға ұшыраған-ды. С.Асфендиаровқа «Қазақстан тарихы (ежелгі кезеңнен 1917 жылға дейін)» очеркінің екінші бөлімін аяқтауға мұрша берілмейді және оның қолжазба нұсқасы із-түссіз жоғалады.

XX ғасыр басында М.Тынышбаев, Т.Рысқұлов, С.Аспандияров, Г.Сафаров, С.Сәдуақасов, Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов және басқа да зиялылардың қазақ тарихы мен мәдениеті, тарихи танымы мен тағылымы аясындағы ой-тұжырымдары мен ізденістері академиялық отан тарихының қағидалық негізіне әсер етуші фактор болып қалыптасты. 1935 жылы Қазақ Халық-ағарту Комиссарияты Оқу-әдістемелік бөлімінің Қазақ халқы тарихы мәселелері «Конспекты для учебника по истории Казахстана для средних школ» бойынша даярлаған сызбалық жобада патша өкіметінің отарлау саясатының мәнін ашуға негізделгені көрініс тапқан.


Қазақстандағы жалпы ұлт-азаттық көтерілістердің тарихын жазу: Асфендиаров, Вяткин, Алманов, Хокколковтарға жүктелген. Кейін кеңес үкіметі тарапынан Асфендиаровқа қиянат жасалады. Ол 1956 жылы ақталғаннан кейін де, оның тарихи-рухани мұралары арнаулы қоймада сақталады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ішінара С.Ж.Асфендиаров

жөнінде газет, журнал беттерінде мақалалар және Қазақ энциклопедиясына материал жарияланады. 1989 жылы ғалымның 100 жылдығына шағын жинақ шығарылды. Ал 1993 жылы профессор Ә.С.Тәкеновтің жалпы редакциясымен С.Ж.Асфендиаровтың кітабы екінші, 1998 жылы үшінші рет баспадан жарық көреді.

С.Ж.Асфендиаров басты тұжырымын былайша тарқатады: «...Кочевое скотоводство представляет собой уже такую форму хозяйства, которая обротовалась в силу общественного разделения труда на земледелие и скотоводство это могло произойти на том уровне, при котором уже обладал значительными средствами производства». Кітаптың кейбір мазмұны бүгінгі өлшеммен қарағанда социализм идеясы төңірегінде қателіктерге құрылса да, ол қазақ тарихын әлемдік тарихтағы маңызды орны бар Орталық және Орта Азия тарихындағы «көшпелі халықтың» мәселелерімен байланыстыра қарастырған алғашқы ғылыми еңбек болатын. С.Ж.Асфендиаров жүздеген жылдар «көшпелі халықтардың» басқа елдер тарихындағы (Орта Азия, Қытай, Таяу Шығыс, Орыс және басқа) атқарған маңызды рөлін көрсетуге ұмтылыс жасайды. «Қазақстан тарихы (ежелгі кезеңнен 1917 жылға дейін)» очеркінде шартты түрде патшалыққа дейінгі және Қазақстан – Ресей империализмінің отары ретінде бөліп, қазақ тарихының тәуелсіздік кезеңін, отарлық даму кезеңі және кеңестік кезең түрінде береді. Дәл осы кезеңделу 1943 жылғы М.Әбдіхалықов пен А.Панкратованың жалпы редакциясымен шыққан «Қазақ КСР тарихында» негізге алынды. КСРО ҒА-ның Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институтына қатысты, Қазақ КСР Халық комиссарлары Кеңесінің 1944 жылғы 6 желтоқсандағы 689-шы Қаулысына сәйкес, 1945 жылы 14 тамызда КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы Президиумының отырысы болып өтті.

Оның шешімі бойынша Тарих, этнография және археология институты мен Тіл және әдебиет институты жеке өз алдына шаңырақ көтерді. 1960 жылдың 26 желтоқсанындағы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1080-ші қаулысына сәйкес, 1961 жылдың 31 қаңтарындағы Қазақ КСР ҒА Президиумының қаулысымен – Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтына Ш.Ш.Уәлиханов есімі берілді. 1940-1950 жылдары қазақ елінің революцияға дейінгі тарихы мен қазақ халқының этногенезі мен мемлекеттіліктің қалыптасуы, қоғамдық ойлар тарихы, Қазақстанның Ресейге қосылуы, өлкедегі ұлт-азаттық көтерілістер сипатына қатысты маңызды мәселелерді зерделеу қолға алынды.

Алашорда тарихын аңызға айналдыру: Тарихи зерттеулерде кеңес мемлекетін орнату мен нығайту үшін Қазақстан ғана емес, Кеңес Одағы ауқымы ашық күрес алаңына айналғаны белгілі. 1948 жылы Алматыда тарихшы С.Н.Покровский «О некоторых основных вопросах истории Октябрьской революции и гражданской войны в Казахстане» мақаласында «ұлы орыс халқының өзге жұртқа қамқорлығы мен азамат соғысын тұтандырған шетелдік интервенттердің рөлі» туралы зерделей келе, былайша негіздейді: «...Халық жаулары, әсіресе, қазақтың буржуазиялық ұлтшылдары КСРО-дағы социалистік революция мен азамат соғысының біртұтас үдерістерін, 1917-1920 жж. Қазақстандағы оқиғалардың жалпыодақтық оқиғалардың бөлінбес бөлшегі болғанын, барлық жағынан теріске шығарумен болды. Ұлтшылдар кеңес өкіметінің Қазақстанға күштеп таңылғанын,



Қазан социалистік төңкерісінің Қазақстанның ішкі тамырынан өрбімегендігін «дәлелдегісі» келді. Ал, азамат соғысын ұлтшылдар «Қызыл Армияның Қазақстанды» «жаулап алуына» балады». Осылайша, С.Н.Покровский «халық жауларының» революцияны, социализм орнатудың мүмкіндігін, жұмысшы табының шаруаларға билік жасай алатын қабілетін теріске шығарған олардың фальсификаторлық тұжырымдарын жою қажеттігін мәлімдейді. Оған қоса, 1940 жылғы Казгосполитиздат шығарған «20 лет Казахской ССР», 1943 жылғы «Қазақ КСР тарихы» кітабында Кеңес өкіметіне қарсы күштердің, «оның ішінде Қазақстандағы ағылшындардың, империалистердің ақ гвардияшыларды және алашорда бандаларын қаржыландыру мен қаруландыру бағытындағы жұмыстары», өздерінің агенттерін, революцияға қарсы күштерді қаржыландыру арқылы моралдық және қаржылық қолдау жасау арқылы ұйымдастырылғаны айқын ашылмағанын көрсетеді. Шетелдік империалистер Ұлы Қазан төңкерісінен кейін Қазақстан мен Орта Азияны кеңес үкіметіне қарсы қойғаны баса айтылады. С.Н.Покровскийдің жоғарыдағы мақаласында келтірген деректері қатарында 1925 жылы Лондонда шыққан Қазақстан мен Орта Азияға интервенция ұйымдастырушылардың бірі, полковник Эссертонның «В сердце Азии» кітабындағы ағылшын агенті Бэйлидің алдына қандай міндет қойылғанын оның өзінің жазбасы негізінде береді: «...ақпараттар алу және оны қолдану мақсатында қолайлы болатындай және оған сүйенетін қармауыш ретінде, кішігірім ағылшын әскери ұйымы қажет болды... Бізге насихат жүйесін құру және оны іске асыру қажет болды, өйткені соғыс кезінде мықты факторға айналған насихат – күшті қару болатын». Мұндай арадағы «делдалдар» ақгвардияшылар мен буржуазиялық-ұлтшыл элементтермен, оның ішінде кеңес өкіметіне қарсы шабуыл даярлап жатқан жасырын Түркістан әскери ұйымымен (бұл ұйымның басқа бөлімдері Верный және Әулиеата қалаларында болды) және атаман Дутовпен байланыс орнатқан. Ағылшын интервенттерінің 1918 жылдың шілде айында РКФСР-ды Орта Азия мен Қазақстаннан бөліп, Орынборды жаулап алған атаман Дутовтың артындағы басты қолдаушы болғанын баса айтады. Жапон империалистерінің атаман Анненковпен байланысы да сөз болады. Орта Азиядағы революцияға қарсы күштерді біріктіру мақсатында 1918 жылдың күзінде Ферғана басмашылары орналасқан жерге ақгвардияшы Түркістан ұйымы және атаман Дутовтың өкілдерімен бірге Алашорданың батыс бөлімінің өкілдері де келіп қосылады.

Алашордалықтар чехославак отряды және ақгвардияшылармен бірігіп, Солтүстік Қазақстанда, Семейде кеңес өкіметін құлатып, Жетісуда қарулы көтерілісті қолға алады. 1918 жылдың 29 шілдесінде чехославак бөлімінің съезінде Алашорда өкілі капитан Тоқтамұсов құттықтау сөз сөйлегені («Сибирская речь» № 52, от 31.07.1918 г.), оған қоса, 1919 жылдың тамыз айында буржуазиялық ұлтшылдар Колчакқа құрметті ақсақал атағын тапсыру үшін Омск қаласына делегация жібергені тұжырымдалған. Бұл тұста С.Н.Покровский алашордалықтардың автономия үшін күресін теріске шығара отырып, екі мәселенен дейектейді. Біріншісі, Сталиннің сөзімен: «... национальный флаг пристегивается к делу лишь для обмана масс, как популярный флаг, удобный для прикрытия контрреволюционных замыслов национальной буржуазии (Сталин В.И. Марксизм

и национально-колониальный вопрос, ОГИЗ. 1939 г.-с.73)». Екіншісі, 1919 жылғы 11 ақпандағы колчак «үкіметінің» шақырған жиналысындағы Бөкейхановтың 1917 жылы желтоқсандағы Қазақстанды буржуазиялық автономия жариялаған «II Жалпықазақ» съезінің қаулысы былайша түсіндірілді: «Съезд қаулысы қырғыздар тұратын аумақта, бассейндық іс-қимылдың алдын алу және далалықтар арасында большевизмді қолдау мүмкіндігіне жол бермеу мақсатынан туындады». Революцияға қарсы партия ретінде, «Алаш» жойылды. Алашордалықтардың соңынан ергендер «өресі таяз адамдардың берекесіздік әрекеті» деп түсіндірілді.

Осылайша, қазақ халқының басты жауы – «буржуазиялық ұлтшылдар» анықталды. Бұдан кейін Алашорда мен алашордалықтар қызметі «аңыз әңгімеге» айналып, халықтың тарихи санасынан өшіріле бастайды. Одан бері арада ғасыр өтті. Заман өзгерді. Ширек ғасырдан бері шашылған тарыдай тарихымыздың көмескі беттерін түгендеуге күш жұмсалуда. Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың биылғы Жолдауы аясында ұлттың әлеуетін арттыру үшін рухани жаңғырудың ерекше белесіне бет бұрдық. Жанандық сын-қатерлерге қарсы тұра алатын, өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, жан-жақты көзқарасы бар, бәсекеге қабілетті болуға ұмтылыс жасалуда. Бастысы – алаш аманатына адал болу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тынышпаев М. История Киргиз-казахского народа. 1925 г.
2. Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата, 1941// «Известия АН КазССР», серия археологическая, 1948, вып. 1; Древний Отрар. //«Известия АН КазССР», серия археологическая, 1948, вып. 3 және басқалар.
3. «История Казахской ССР», Алма-Ата, 1943; Панкратова А.М. Основные вопросы истории Казахской ССР. // «Большевик Казахстана», № 10, 1943; М.П.Вяткин. Очерки истории Казахской ССР. Алма-Ата. 1941; Е.Б.Бекмаханов. Некоторые итоги и очередные задачи историков Казахстана. // «Вестник АН КазССР», 1947, № 10.
5. Нусупбеков А.Н. Развитие исторической науки в Казахстане за годы Советской власти. // «Известия АН КазССР. Серия истории, археологии и этнографии. Вып. 2. 1958.
6. КСРО тарихы бойынша орта мектептің 3 және 4-сыныптарына арналған үздік оқулығына арналған байқау бойынша үкіметтік комиссиясы қазылар алқасының Қаулысы. //«Правда» газеті. 22 тамыз 1937 жыл.
7. РҒА РТИ СГБ филиалы мұрағаты. 267-қор, 1-тізім, 40-іс. 4-п. // Дюсебаев Н.К. Актуальные проблемы истории Казахстана в трудах М.П.Вяткина. // Вестник Томского государственного университета. 2012. № 4(20). -С. 58-59
8. Санджар Джафарович Асфендиаров (Материалы к библиографии). -Алма-Ата, изд. «Наука» Ан КазССР, 1989; С.Д.Асфендиаров. История Казахстана (с древнейших времен), 2-ое издание. Под ред. проф. А.С.Такенова: Учебное пособие. -Алма-Ата, «Қазақ университеті», 1993. -304 с.
9. Вяткин М. П. Очерки по истории Казахской ССР. М.: Л. 1941. -С. 368.
10. Ерiмбетова Қ. Қалдырған ізi мәңгiлiк. Қазақтың тарих ғылымы. Анна Панкратова (XX ғасырдың бiрiншi жартысы). Монография:1-2 том. -Астана: «БиКА» БП кешенi, 2016. -668б.; Ерiмбетова Қ. Тарих толқынындағы тұлға. Шәбден Ералиев. Монография (тарихи очерк). -Астана: Кәусар, 2017. -176 б.
11. Назарбаев Н. Ә. Төртiншi өнеркәсiптiк революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкiндiктерi. Қазақстан Республикасының Президентi Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 10 қаңтар 2018 жыл. // <http://www.akorda.kz>.

МАҢҒЫСТАУ ТҮБЕГІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ – кеңестік түркімен тарихнамасында

Эльвира АБЛАНОВА,
Ш.Есенов атындағы КМТИУ-дің
Қазақстан тарихы және ӘГП кафедрасының меңгерушісі,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

XV – XX ғасыр басындағы Маңғыстау тарихы алуан тағдырлы сипаттағы оқиғаларға толы. Маңғыстау түбегінің құрлықаралық көш-керуен қозғалыстарына ілігу мезгілі ерте замандардан басталады. Оның себебі бір жағында – Орта Азия, Шығыс Түркістан, Қытай, Үнді, Иран өркениеттері мен Азиядағы үндіеуропалық мәдениеттің ежелгі орталығы Тарым бассейні, екінші жағынан – ежелгі грек мемлекеттері заманынан ірі сауда орталықтары саналатын Қара теңіз, Кавказ және Еділ бойы мемлекеттерінің арасындағы ұрымтал тұста жатқан Маңғыстау мен ежелгі Үстірт дүниенің экономикалық байланысынан тыс қалмады [1].

Уақыт өте келе XV-XVII ғасырдың алғашқы ширегінде Маңғыстау Орта Азия, Қазақстан, Еділ бойы саяси өмірінен шет қалып, түбек тақтан құлатылған хандар мен сұлтандар ғана қашып барып, уақытша паналайтын кеңестік жер болды.

Жаңа заман кезеңіндегі Маңғыстау түбегінің даму тарихы тек қазақ халқының тарихымен ғана емес, түркімен халқының тарихымен де ұштасады. Өйткені киелі Маңғыстау жері жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен, сегізінші жұрт қазақтарға тірек болған, өзіндік тылсым тарихы бар аймақ. Осы Маңғыстау түбегіне келіп-кеткен сегіз жұрттың ішінде түркімен халқының Маңғыстау жерімен байланысты өзіндік тарихын Кеңестік кезеңде түркімен тарихшылары да зерттеп, зерделеген.

Түркімен ғалымдарының барлығы дерлік Маңғыстау түбегін өз жұмыстарында бұрынғы атауымен, яғни «Маңғышлақ» деп жазады. Орыс-түркімен қатынасындағы байланыстың нығаюын прогрессивті даму сипатында қарастырған түркімен мектебінің тарихшылары: О.Амантыев, Х.Агаев, М.Аннанпесов, О.Кулиев өз кезеңінде Кеңестік тәртіпке бағына отырып тарихнама бағытын түркімен халқының Иран, Хиуа, Бұқара және адай қазақтарына саяси тәуелділікке түсіп қалу қаупінен сақтанған Каспий маңы, оның ішінде Маңғыстау түркімендері XVIII ғасырдан бастап Ресеймен жақындасуға ұмтылды деген пікірлерін деректер арқылы дәлелдейді. Ұлы халық боданы болуға ұмтылуды түркімендер артта қалған феодалдық-деспоттық көршілерінен құтылудың бір жолы ретінде көрсетеді [2].

Түркімен тарихшысы О.Амантыевтың авторлығымен шыққан «Туркменистан и туркмены в первой половине XVIII века» зерттеуінде Орта Азия тарихындағы көшпелі түркімен тайпаларының тарихы иран жазбаларын талдау арқылы келтірілген, келесі толықтырылып басылған «История Туркменистана XVIII века» ізденісінде автор: «XVIII ғасырдағы Түркіменстан территориясы феодалдық мемлекеттер Хиуа, Бұқара, Иран құрамына еніп, ал түркімендердің бір бөлігі Маңғышлақ пен Үстірттегі қалмақ тайшысының қол астында,

кейін Қазақ хандығының құрамына кірді» деп тұжырымдап, «Дешті-Қыпшақтағы түркімен тайпалары» деген тараушасында: «географиялық тұрғыдан түркімен тайпалары қоныс тепкен Дешті даласының құрамына Маңғышлақ түбегі де кірген» деп нақтылаған [3].

Ғалым О.Амантыев зерттеуінде XVIII ғасыр межесіндегі Маңғыстаудағы түркіменнің жәуіт, абдал рулары жайлы мағлұмат бар. Онда халықаралық сауда жолының дамуындағы Каспий теңізінің маңызы, түбектің жаңа заман кезеңіндегі стратегиялық орны айқындалып, түбек түркімендерінің Ресеймен экономикалық қатынас жасауға ниеттенуі, XVIII ғасырда Түп-Қарағаннан сауда факториясын салуды орыс императорынан өтінгендері туралы дерек келтірген [3].

Келесі түркімен ғалымы Х.Агаевтың зерттеуінде XIX ғасырдағы Каспий маңы түркімендерінің Ресей мемлекетімен қарым-қатынасы қарастырылады. Аталған автордың зерттеу жұмысының 1-тарауында XIX ғасырдың I жартысындағы Каспий жағалауын қоныстанған түркімендердің экономикалық жағдайына сипаттама жасалып, шаруашылығы талданып, 1819-1821 жж. М.И.Пономарев пен Н.Н.Муравьевтің Түркіменстан экспедициясының Ресеймен қарым-қатынас жасаудағы рөлі айқындалса, екінші тарауда Түркіменстанның Ресей құрамына өткенге дейінгі екі ел қатынасы, оның ішінде Маңғыстау түркімендерінің империя қол астына өтуге белсенділік танытып, қайта-қайта өтінген ресми грамоталарының мазмұны ашылған.

Х.Агаев бұл туралы өз ойын былай деп пайымдайды: «Маңғышлақ – Хиуа хандығы мен Түркіменстанның Ресей құрамына өтуіне үлкен маңызды стратегиялық рөл атқарған аймақ. Түркіменстанды өзіне бағындыру үшін патша өкіметі Каспий теңізінің шығыс жағалауында екі аяғын тең басып, нық тұруы керек еді, ол үшін бірінші теңіз жағасынан әскери бекіністер салыну қажеттілігі туындады, осы орайда Маңғышлақ әскери бекінісінің дүниеге келуі орыстардың Орта Азияны өзіне қарату бағытында жұмыстанған сыртқы саясатындағы дұрыс ойланып, жасалған қадам еді» [4].

Түркімен тарихшыларының бірі М.Аннанпесов XVIII-XIX ғасырлар межесіндегі Маңғыстау түркімендері мен қазақтың адай руына тоқталады. Автор өз ізденістерінде Маңғыстау түркімендері мен орыс көпестері арасындағы сауда-саттықтың саяси тұрғыдан екі елді жақындастырудағы маңызын Кеңес заманындағы «халықтар достығы» аясында, яғни «ұлы халықпен бірлесуге ұмтылған» түркімен руларын Хиуа ханы мен тентек қазақ-адайлардан қорғаныс іздеп, ұлы империя қанатынан пана тапты деңгейінде көрсеткен. Осыған қарамастан, бұл ғылыми еңбекте орыс-түркімен қатынастары, орыстардың XVIII

ғасырдан бастап-ақ Маңғыстауды отарлауға ұмтылып, жіберген бірнеше экспедиция нәтижелерін, оның ішінде А.Бекевич-Черкасский жорығынан кейінгі халықтар арасындағы қатынас, XIX ғасырдағы түбек түркімендері мен орыстар байланысы, түркімендер мен қазақтардың Хиуа ханына саяси тәуелділігі, Каспий жағалауын мекендеген түркімендердің өмір сүру әдісі мен қоғамдық құрылымы тұрғысынан оңтүстік-батыс түркімендерінен айырмашылығы, аталған ғасырдың 40-50-жылдарындағы Маң дала түркімендерінің Ресеймен қарым-қатынас белсенділігін туғызған факторлар талданады. Г.С.Карелин экспедициясы, орыс ғалымының Маңғыстау қазақтары мен түркімендері туралы жазған мәліметтерін Москва және Сан-Петербургтағы жеке қолжазба қоры деректерінен алынған құжаттар арқылы толықтыруы зерттеудің жоғарғы деңгейдегі жұмыс екендігінің дәлелі [5].

Түркімен халқының қоғамдық дамуында Маңғыстау аймағының басқа халықтармен сауда-саттық, айырбас, әкімшілік бөліністегі алып жатқан жердің халықаралық қарым-қатынас орнатудағы стратегиялық маңызы талданып, қарастырылған **келесі еңбектің авторы О.Кулиев: «XVIII ғасырдың 30-жылдары Маңғышлақтың солтүстік аудандарын орыс бодандығын қабылдаған қазақтың кіші жүз ру құрамына кіретін адайлар қоныстанған»,** – деген пікір айтады.

О.Кулиев еңбегінің мақсаты – Түркіменстан жеріндегі түркімендердің рулық-тайпалық жер бөлініс принципінің орнына келген жалпы патшалық, одан кейінгі Кеңес өкіметі жүйесінің әкімшілік-территориялық бөлінісін анықтап, оның әлеуметтік-саяси маңызын көрсету. Жұмыста XIX ғасырдың басынан 1917 жылға дейінгі аралықтағы Закаспий облысының Қазан төңкерісіне дейінгі әкімшілік-территориялық бөлінісі қарастырылып, Закаспий әскери бөлімшесінен Маңғыстаудағы дистанциялық басқару жүйесі, Закаспий облысының құрылуы, оның ішіндегі уездерге талдау жасалады. Онда Закаспий аймағының буржуазиялық Уақытша өкімет жылдарындағы әкімшілік-территориялық бөлінісі, одан кейін Кеңес өкіметі жылдарындағы 1920 жылғы Маңғыстаудағы әкімшілік-территориялық бөлініс жіктеліп, шекаралық шектігі анықталған [6].

Жалпы жоғарыда аталған түркімен ғалымдарының зерттеулерінде XVIII ғасырдағы Маңғыстау түбегіндегі саяси оқиғалардың легінде түркімендермен қатар қазақтардың тарихы да қарастырылған.

Келесі ізденуші Н.Н.Канода еңбегінде XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Закаспий аймағының тұрақты қоныстары сипатталады. Оның ішінде теңіз жағалауында орналасқан Маңғышлақ уезіндегі балық шаруашылығымен айналысқан орталықтар: 1847 жылы құрылған Николаевск кенті, 1876 жылы казактар салған Долгий елді мекені, Бозашының солтүстігінде 1892-93 жылдары қаланған Заворот поселкесі, орыс патшасының Закаспий жеріне қоныс аудару саясатының негізгі кезеңдері талданады. Қоныс аударғандардың тұрақты елді мекендерінің дүниеге келу тарихы қарастырылып, Закаспий облысындағы патша өкіметінің аграрлық саясаты, Маңғышлақ уезіндегі өсетін дөңді-дақылдар мәдениетіне сұрыптама жасалған алғашқы зерттеулердің бірі болып табылады [7].

Ал А.Оразовтың ғылыми жұмысында Закаспий

аймағының құрамындағы Маңғышлақ уезінде өмір сүрген түркімендердің XIX-XX ғасырдағы мал шаруашылығы зерттеледі. Олардың малды көшпелі әдіспен баққаны, осы жерден түркімендер мен адай қазақтарының мал ұстаудағы ұқсастығы, яғни адайлардың «*сиыр көрсен, ұрып кет*» немесе түркімендердің «*сиырың болса, көшіп-қонып жүре алмайсың*» деген сөздерімен келтіре отырып, олардың ұсақ жандыққа және түйе мен жылқыға көп көңіл бөлуінің басты критерийі жыл он екі ай Маңғышлақ-Хиуа аралығындағы өтетін көшпелі өмір сүру әдісімен түсіндіреді. Бұл ретте автор өз ойын былай деп сабақтаған: «*сиыр ұстаған түркімен мен қазақ ұзақ жолға шығып, көше алмайтын, сондықтан да бұл өңірде мүйізді ірі қаралар аз өсіріледі*» [8].

Аталған еңбекте 1891 жылдың 1 қаңтарындағы Маңғыстау жеріндегі қой, түйе, жылқы, мүйізді ірі қара, ешкі, есек саны көрсетіледі. Түркімендердің жергілікті өсіретін қойлары, этникалық ру атымен аталған. Мысалы, «*сарык гоюн, салыр гоюн, иомут гоюн*» деп ерекшеленсе, Закаспий аймағының басқа уездерінде өсетін жандықтар мен ірі қара мал статистикасымен салыстырылып келтіріле отырып, түбектегі жәуміт түркімендердің «жәуміт текті» қойымен бірге адайлардың «қазақы қойын» өсіретіні, бұл қойды сонымен бірге Балқан маңы жәуміттері мен Хиуа оазисі түркімендері бағатыны айтылған [8].

Келесі қарастырылған еңбегіміз – түркімен ғалымы А.Шамуратовтың «Аграрные отношения в Закаспийской области в конце XIX-начале XX вв.» зерттеуі. Бұл монографияда Закаспий аймағына қарасты Маңғышлақ уезіндегі түркімендердің ауыл шаруашылығының жағдайы, жерді рулық-қауымдық пайдаланудың ерекшеліктері, «неке құқығы» институты және оны облыстың әр түрлі уездерінде қолдану түрлері, түркімен қоғамындағы мүлкілік жер иелену мен пайдаланудың шарттары, орыс капиталы енгеннен кейінгі ауыл шаруашылығындағы өзгерістер, салдары, түркімен ауылдарындағы таптық дифференциация, дайхан еңбегін қанау түрлері ашылған [9].

Маңғышлақ түркімендерінің этникалық-саяси тарихы, рулық-тайпа бірлестігінің территориялық орналасу ерекшеліктерімен қатар қоғамдық-әлеуметтік өмірі А.Карриев, В.Г.Мошкова, А.Н.Насонов, А.Ю.Якубовский, А. Джикиев, О. Экаев еңбектерінде қамтылған [10].

XVIII-XIX ғасырлардағы Маңғыстау түркімендерінің тарихи дамуын түркімен ғалымы А.Бекжанов та көтерді. Түркімен тілінде жазылған ғылыми ізденіс 1993 жылы жарыққа шықты. Зерттеу жұмысында Маңғыстау түркімендерінің әлеуметтік-саяси, этникалық құрылымы, көршілес жатқан Ресей империясымен байланысы, сауда-саттық, түркімендердің Астрахань-Кавказ асып, миграцияға кетуі қарастырылған [11].

А.Бекжановтың еңбегінде XVIII-XIX ғасырлардағы түбек түркімендері туралы көптеген құнды мәліметтер жинақталып, талданған. Дей тұрғанмен, біздіңше, ғалым Маңғышлақ түркімендерінің тарихын бір жақты түркімен халқының ішкі этникалық ерекшелігі тұрғысынан қарастырған. Бұл ретте түркімен халқының өмір сүрген қоғамдық даму деңгейі көшпелі өркениет әлемімен байланыстырылмай, сол ғасырлардағы түбектегі саяси сахна бос қалған, яғни

түркімен-қазақ, түркімен-қалмақ, түркімен-Хиуа мәселесі көтерілмей, ең бастысы көшпелі халықтар өміріндегі Маңғыстау даласы мен Үстірт қыратындағы жер, су құдықтары үшін жүргізілген халықаралық саяси стратегиялық күрес пен түркімендердің саяси кіріптарлыққа түсу себептері ашылмай қалған. Қазақ тарихы ғана емес, сонымен қатар түркімен халқының даму тарихында өзіндік орны бар Маңғыстау жері этникалық жиынтық ордасы. Сондықтан да түбектің өткен тарихын отандық ғалымдар мен бірге түркімен ғалымдары да өз халқының кешегі күнімен дәлелді байланыстырады. Қазақ-түркімен қатынасындағы жер үшін болған таластар, бейбіт мәдени қатынастар, тіпті XX ғасырдың басындағы Маңғыстау адайларының түркімен жеріне үдере қоныс аударып, жаппай миграцияға ұшырауы осы халықтар арасындағы ертеден келе жатқан көрінбейтін этно-тарихи жалғастықтың ортақтығында болар.

2004 жылы геология-минерология ғылымдарының докторы, академик Қ.Н.Аманниязовтың «Түркімен Мангышлақ» еңбегі баспадан шықты. Маңғыстаудағы түркіменнің абдал руының бек деген тармағынан шыққан ғалым көп жылдар Түркімен мемлекетінде жауапты қызмет атқарған еді. Ізденіс жұмысы аты айтып тұрғандай, түбекті мекендеген түркіменнің бес тайпасы: абдал, иғдыр, бозашы, бұрынжық, шәудір және Маңғышлақ қожаларының руларының генеологиялық бұтағы, XVIII-XX ғасыр басындағы түбек түркімендерінің ішінен шыққан ру басылар, старшындар мен әулиелер жайлы аңыз әңгімелер, өткен күнге сағынышты әсермен баяндалған [12].

Өткен тарихты зерттеген түркімен ғалымдарының қай-қайсысы болмасын Маңғышлақты ауызға алғанда түркімендермен қоңсы отырған қазақтар туралы үстірт мәліметтер ғана келтірген. Нақтырақ айтсақ, *«Бейқам отырған түркімен ауылын қазақтар шауып кетті»* деген сыңайда айтылады, яғни қазақтың іс-әрекеті тек жаугершілік деңгейде, онда да нақты айтылып, ашық қарастырылмайды. Мысалы, *«қандай қазақ-түркімен соғысы болды, қай жылы, қай жерде болды»* деген сұрақтарға жауап таба алмадық. Жоғарыда көрсетілген түркімен ғалымдары зерттеуінен Маңғыстау тек түркімендер жері екендігін қайталау мен түркімен-орыс қатынасының жақсы дамығандығына ғана көз жеткіздік. **Осы жерде қадап айтылуы тиіс бір мәселе – Маңғыстау даласының тек түркіменнен қалған мирас жер емес, жалпы көшпелі түркі халықтарының жері екендігі, ал қазақ руларының түркіменмен қоңсылас, қойы қоралас, қатар дамыған ел екендігі атап айтылмаған.**

Қазақ тарихының бір бөлшегі Маңғыстау тарихының бағзы заман шектігін әр тарихшы өзінше зерттеп, қоғамдық ортамен өз концепциялық ойымен ұштастырады. Дей тұрғанмен, қазақ ғалымдары, ізденушілері, немесе түркімен талапкерлері мен зерттеушілері, қай-қайсы да дала тарихын өз жан дүниесіндегі рухани ойымен, өз заманының идеясымен, өз халқының дәстүрімен, өз түсінігімен жеткізеді. Бір оқиға тарихын бірнеше тарихшы әр түрлі деңгейде зерттеп, әрқайсысы өз пікірін өзінше тұжырымдап, дәлелдеген. Тарихнамалық еңбектердің құндылығы да тарихшының өз еңбегінде тарихи деректі сөйлету арқылы өзіндік қолтаңбасын қалдыруында екені мәлім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау энциклопедиясы. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 2008. 630 б.
2. **Амантыев О.** Туркменистан и туркмены в первой половине XVIII века.-Ашхабад: Ылым., 1980.113-б. Сонікі., История Туркменистана XVIII века.-Ашгабат: Рух., 1996. 301-б., Агаев Х. Взаимоотношения Прикаспийских туркмен с Россией в XIX веке (до присоединения к России).-Ашхабад: Туркменское издательство., 1965.-б.76.,103-б.; Автореферат дисс. на соис. учен. степени канд.ист. наук.-Ашхабад., 1961.18-б. Аннанепесов М. Земледелие и аграрные отношения в Туркменистане в XVIII-XIX вв.-Автореферат дисс. на соис. уч.ст.доктора ист.наук.-Ашхабад., 1973.-Б.38., Сонікі., Укрепление русско-туркменских взаимоотношений в XVIII-XIX вв.-Ашхабад: Ылым., 1981.-Б.265., Сонікі., Юго-западные туркмены в первой половине XIX в.-Ашхабад: Ылым., 1995.-Б.156.
3. **Амантыев О.** Туркменистан и туркмены в первой половине XVIII века.-Ашхабад: Ылым., 1980.-Б.113., Сонікі., История Туркменистана XVIII века.-Ашгабат: Рух., 1996.-Б.301.
4. **Агаев Х.** Взаимоотношения Прикаспийских туркмен с Россией в XIX веке (до присоединения к России.-Ашхабад: Туркменское издательство., 1965.-б.76., -Б.103., немесе қараңыз: осы тақырыпта: Автореферат дисс. на соис. учен. степени канд.ист. наук.-Ашхабад., 1961.-Б.18.
5. **Аннанепесов М.** Земледелие и аграрные отношения в Туркменистане в XVIII-XIX вв.-Автореферат дисс. на соис. уч.ст.доктора ист.наук.-Ашхабад., 1973.-Б.38., Сонікі., Укрепление русско-туркменских взаимоотношений в XVIII-XIX вв.-Ашхабад: Ылым., 1981.-Б.265., Сонікі., Юго-западные туркмены в первой половине XIX в.-Ашхабад : Ылым., 1995.-Б.156.
6. **Кулиев О.** Административно-территориальное устройство Туркменистана (Начало XIX в-1980 г)-Ашхабад: Ылым., 1989.-Б.319.
7. **Канода Н.Н.** Переселенческие поселки в Закаспийской области (конец XIX-начало XX в).-Ашхабад: Ылым.,1973.-Б.89., Сонікі., Аграрная политика царизма в Туркестане (1881-1917 гг).-Ашхабад: Ылым., 1991.-Б.222.
8. **Оразов А.** Скотоводство у туркмен в XIX-начале XX в.-Ашгабат: Ылым., 1995.-Б.299.
9. **Шамуратов А.** Аграрные отношения в аулах Закаспийской области в конце XIX-начале XX века.-Автореф. дисс...канд.ист.наук.-Ашхабад., 1987.-б.24., Сонікі., Аграрные отношения в Закаспийской области в конце XIX-начале XX в.-Ашхабад., 1990.-Б.107.
10. **Карриев А., Мошкова В.Г., Насонов А.Н., Якубовский А.Ю.** Очерки из истории Туркменистана и туркменского народа в VIII-XIX вв.-Ашхабад., 1954.-Б.403., Джикиев А. Материалы по этнографии мангышлакских туркмен //Труды института истории, археологии и этнографии Академии наук Туркменской ССР.-Т.7.-Ашхабад.,1963.-Б.190-202., Сонікі., Очерки происхождения и формирования туркменского народа в эпоху средневековья.-Ашхабад: Туркменистан., 1991.-Б.334., Экаев О. XVI-асырын башында Каспи яқасы туркменлериниң сефевидлере гаршы гозгаланы.(На материалах анонимного источника «Алам-ара-и Сефеви») //Изв.АН.ТССР.СОН., 1975.,№ 3.-Б.19-29.(Востание прикаспийских туркмен в начале XVI в. против сефевидов.
11. **Бекжанов А.** Маңғышлақ түркіменлери XVIII-XIX асырларда. -Ашгабат: Берекет-Бина., 1993. -Б.191.
12. **Аманниязов Қ.Н.** Туркмены Мангышлака. -Алматы., 2004., -Б.143.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЗОБАЛАҢ

Акқали АХМЕТ,
тарих ғылымдарының докторы,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің доценті,
Бағдат ЖАПАШ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің магистранты

Кеңестік қоғамда партиялық аппарат пен кеңестердің атқарушы органдары көсемсымақтарының билігі жүргізілгені белгілі. Соның бір ғана айғағы – «1937 жылдың Жайық-Каспий ауданындағы балық аулау мен өңдеудің жылдық жоспарының орындалуы туралы» Гурьев К(б)П округтік комиссиясының 1937 жылғы 7 желтоқсан күнгі қаулысы. Халық шаруашылығын, экономиканы командалық басқару, еңбекті ұйымдастырудың әскерилендірілген түрлері, теңгермешілік қағидасы – партиялық-большевиктік басқарудың елде социалистік қоғам орнату тәжірибесіне негізделді. Бұлардың барлығы сайып келгенде қоғамды түрлі жікке бөліп, бай мен кедей, зиянкестер, халық жаулары сияқты таптық тұрпайы идеялар арқылы бір-біріне қарсы қою үдерісін қалыптастырды.

XX ғасырдың 30-жылдары балық өнеркәсібі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасындағы тамақ өнеркәсібінің жетекші саласына айналып, оны дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Сол кезеңде ел экономикасының дамуында балық шаруашылығының маңызы өте зор болды. Жайық-Каспий бассейніндегі балық өнеркәсібі қарқынды дамып, шаруашылық-экономикалық көрсеткіштері өсті, балық аулау мен балық өнімдерін өңдеудің технологиясы жетілдірілді.

«Ауданаралық Балық колхозшылар одағы» 1937 жылғы 760 мың центнер (ц) балық аулауды жоспарлаған екен. Алайда тек соның 380,078 центнері ауланған, яғни жоспарды 50,8 пайызға ғана орындаған [1, 3-б.]. Мемлекеттік балық аулау жоспарын Гурьев балық комбинаты 36,4 пайызға, «Мемлекеттік балықтресіне» қарасты колхоздар 632,500 ц. балық аулауға тиісті болса, тек оның 401,596 ц. өнімін аулап, жоспарды 63,6 пайыз орындаған. Қаладағы балық-қалбыр зауыты бекітілген жоспарды тек 35 пайызға, округте колхоз жүйесі бойынша Теңіз ауданында 59,2 пайызға, Есбол ауданында 31,7 пайызға, Гурьев ауданында 38,2 пайызға, Жылыой ауданында 30,5 пайызға орындағаны партия тарапынан өткір сынға ұшырап, соңы қатаң шаралар қабылдауға әкеліп соқтырды. Мемлекеттік жоспардың орындалмау себептері балық шаруашылығы басшыларының жөне партия ұйымдарының бұл саладағы арқаны кеңге салуы, жұмысқа тиісті дәрежеде көңіл бөлмеушілік, жауапкершіліктің әлсіреуі, зиянкестік әрекеттерге жол беру, партиялық бақылаудың нашарлығы сияқты мәселелерден қорытынды шығармады деген тұжырымға сайды. Гурьев округі бойынша балық аулау жоспарының орындалмауы бұрынғы сала басшыларының кінәсі екендігі аталып өтіп, балықшы колхоздарына балық аулау құралдарының жетіспеуі, ақша-қаражатының талан-таражға түсуі, себепсіз жұмыстан қысқарту, колхоз жарғысының өрескел бұзылуы, т.б. әсер еткендігі де атап өтілді. Жоспарлау Халық комиссариатының бекіткен оперативтік жоспарының орындалмауы, Азық-түлік өнеркәсібі халық комиссариаты жоспары мемлекеттік жоспар ретінде маңызын жоюға алып келуі «Ауданаралық Балық

колхозшылар одағының» қол қусырып отыруының нәтижесі деп көрсетілді.

Балық шаруашылығы саласы халық жауларынан, зиянкестерден, ұлтшыл-фашист, троцкист агенттерден, байлардан, кулактардан уақытында тазартылмағандықтан, балық аулау жоспары орындалмады деген жалған айып тағылды. Бұның бәрі сайып келгенде, балық шаруашылығы саласындағы колхоздар мен оның мүшелерін төтенше экономикалық ауыр жағдайларға әкеліп соқтырып, мемлекет алдындағы балық аулау жоспарын орындауға басты кедергілер болды. Балық аулаудың ең жауапты кезеңдерінде колхоз төрағалары мен бригадирлер балықшыларды теңізге қалдырып, өздері жағалауға кеткен. Балықшылар басшылықсыз қалып, балық аулау нормаларын орындамаған. Балық колхоздарында жалқаулық, іріткі салушылық, еріншектік тәртіп пен ұйымдастыру жұмыстарына басты кедергі келтірді. Колхоздар арасында балық аулау құралдары дұрыс бөлінбеді. Кейбір балық колхоздарына құрал-саймандар мүлдем жеткізілмесе, кейбіріне артығымен беріліп, пайдаланылмай босқа жатты. Ұжым мүшелері арасында мемлекет пен қоғам меншігіне деген дұрыс көзқарас болмады, оларға қарсы шешімді жұмыстар жүргізілмеген. Мысалы, Гурьев ауданының «Үлкен көл» колхозында 3 мыңға жуық ау-құралдары шіріп кеткен. Бұл шаруашылықта ау-құралдар мақсатсыз пайдаланылған. Ал «Сталин» атындағы колхоз төрағасының орынбасары Б.Тұрымбетов: «...Өзірлікжұмысында кемшіліктеріміз де бар, жоспар бойынша 1120 бекіре ақаны (ірі тор көзді ау – А.А., Б.Ж.) керек еді, оның орнына тек қана 638 ақанмен шыққалы отырмыз. Ақанға керекті қражды балықшылар союзы жетістіріп бере алмай отыр», – деп жазды [2]. Округтік бастасөз «Орал-Каспий балық тресі мен Маңғыстау аң-балық тресінің жүзбелі зауыттары балықшыларды нанмен қамтамасыз етуді биып алдын-ала ескермеген, зауытқа астық көлемін толық жетістірмеген. Соның салдарынан ОК тресінің бірінші жүзбелі зауыты мен Маңғыстау аң-балық тресінің 4 жүзбелі зауытында астық таусылып қалды. Қазірде өздеріне бекітілген балықшыларды нанмен толық қамти алмай отыр. Сондай-ақ балықшыларға басқа продуктті, заттарды да толық жеткізіп бермей отыр. Ауданаралық балықшылар кооперативі де балықшыларды керекті продукты тауарлармен толық қамту ісімен шұғылданбай келеді», – деп, ащы шындықты жазды [3].

1937 жылғы балық аулаудың мемлекеттік жоспарын Теңіз ауданының «Октябрь» (төрағасы Сәрсенғалиев), Гурьев ауданының «Вперед» (төрағасы Фофанов), «Жаңа жол» (төрағасы Тұрымбетов), «Верный путь» (төрағасы Мухин), «1 мамыр» (төрағасы Мұстафин), «III Интернационал» колхоздары орындай алмады. Аталған төрағалар ұжым мүшелері мен мемлекеттің

балық аулау жоспарын уақытылы «топтық» көңілде орындамады деген желеумен айыпталды. Балық шаруашылығы саласындағы басшы қызметкерлерге осы саладағы жұмысты дұрыс ұйымдастыра алмады, теңізде және ауланған балық өнімдерін кедергісіз қабылдау жұмыстары өз деңгейінде жүргізілмей, дұрыс жолға қоя алмады, зиянкестерге қарсы күресті әлсіретіп, мүдделі болды деген негізсіз айыптар мен жалалар жабылды. Балық аулаудың мемлекеттік жоспарының орындалмауына жауапты колхоз төрағалары, Гурьев балық комбинаты, жүзбелі балық зауытының директорлары жауапқа тартылды.

Балықшы колхоздарындағы келеңсіз жайттар туралы. «Гурьев ауданының «Қызыл балық» колхозы балықшыларына қоймадағы бар құралды бермей жәркеу аулауға шығарды. Колхоз басқармасы Құрамысов түрлі аулау құралын сұрап барған балықшылармен дұрыс сөйлеспей, «сендерге құрал жіберетін складшик жоқ» деп колхозшыларды қуып шығады. Колхоз складшигінің қырдағы ауылына қыдырып кеткеніне 10 күн болды, әлі келген жоқ. Соның салдарынан балықшылар құрал ала алмай, бір сыпыра күннен бері балық аулауға шықпай жүр», – деп жазды «Колхозшы» деген бүркеншік автор [4].

Гурьев КП (б) округтік комиссияның қаулысы бойынша, аудандық партия ұйымдары 1937 жылғы қаңтар-ақпан айлары мемлекеттік балық аулау жоспарының орындалмау себеп-салдарларын «Ауданаралық Балық колхоздар одағымен» бірлесе тал-

қылап, жауапты тұлғаларға шара қолдану, оларды басшылық қызметтен аластату, барлық колхоз «жауларын» жою шараларын қолға алуға қатаң тапсырады.

Қаулыдан әкімшілік-әміршілік басқару тәсілдерінің жақтаушысы, жандайшабы «ауыл коммунистін» қалыптастыру, өмірде жоқ «ұлтшылдық топтарды», топтар мен «астыртын антисоветтік ұйымдарды» ойдан шығаруды аңғарамыз. Жалған айдар тағу арқылы мамандарға соққы беру, айыптау, жөнсіз күдікшілікті қоздыру әрекеті де байқалады. Қысқасы, партия органдары балық шаруашылығындағы күрмеуі қиын мәселелерге терең үңілмей, атүсті, үстірт қараған. Осылайша Жайық-Каспий алабындағы қарапайым балықшылардың әлеуметтік мәселелерінің шешілмеуі балық шаруашылығында да зобаландарға алып келді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Об итогах выполнении годового плана добычи и обработки рыбы по Урало-Каспийскому району за 1937 г. – Типография окр. газеты «П.К и С.К». – С. 8.
2. Ақан аулауына балықшыларымыз уақытында аттанды // «Социалды құрылыс», 15 қаңтар, 1937 жыл.
3. Балықшылар нанмен толық қамтылса // «Социалды құрылыс», 30 мамыр, 1937 жыл.
4. Құрамысов бар құралды балықшыларға бермейді // «Социалды құрылыс», 30 мамыр, 1937 жыл.

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ – МӘМІЛЕГЕР ЖӘНЕ САЯСАТКЕР

Жәния ҚҰСАЙЫНОВА,
Қазақ гуманитарлық заң университетінің
профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Абылай ханның немересі, Қасым сұлтанның ұлы Кенесары 1802 жылы дүниеге келді. Ол Орта жүздің саяси өмірінде жүз жылға жуық басқарушы рөл атқарған отбасынан еді. Е.Бекмахановтың куәлік етуінше, белсенді саяси қызмет ата-бабасынан бастап, Кенесарының ағалары мен апайларына дейін отбасылық дәстүрге айналды [1]. Кенесары жырлар мен аңыздарда паш етілген атасының бейнесін қатты жақсы көрді. Ол Абылайды мақтан тұтты және оның істерін жалғастырушысы, оның құқықтарының заңды мұрагері екенін ерекше атап өтетін. Кенесары «атасы салған сара жолмен жүретінін» және «атасы Абылайға тиесілі жерлерді» қорғап қалу үшін күресетінін ашық түрде мәлімдеді. Өз үндеулерінде ол Абылайдың кезінде «қазақтар ерікті және бейбіт өмір сүргенін» еске салатын [2]. Кенесары Қасымұлының позициясы айқын – Ресей империясының бағыныштысы емес, тәуелсіз қазақтардың ханы және қазақ жерлерінің иесі болу. Кенесары орыс халқымен тату және тең құқықта өмір сүруді қалайтын.

Патша өкіметінің қатаң отаршылдық саясаты Кенесарының ашулы наразылығын тудырды.

20-30-жылдардың өзінде Патшалық Ресей қазақ даласына екі жағынан – Сібір және Орынбор арқылы шабуылдап, қазақтың ең шұрайлы жерлерін басып алып, Орталық Қазақстанға сұғына түсті. Кенесары патша билігіне ашына хат жазды: «*Енді, күннен күнге біздің жерімізді басып алып, оған бекініс салуда және осылайша халықты ашындыруда. Бұл тек біздің болашағымыз үшін ғана емес, сонымен қатар бүгінгі өмір сүруіміз үшін де өте қауіпті*». Осы және өзге хаттар да жауапсыз қалып отырды және **Хан Кененің 1845 жылғы соңғы хатына мынадай жауап болды:** «*Қырғыз-қайсақ даласының жерлерінде көшіп-қонған Орынбор ведомствосының барлық қырғыздары Ресей Империясының ажырамас меншігін құрайды*». Ары қарай патша үкіметінің хатында қазақ халқының намысына кем тимейтін бірнеше тармақ жазылды. Хан билігі жоғары қаулымен жоққа шығарылды. Дала үкіметі енді дәстүрлі сайлау емес, патша тарапынан тағайындалатын болды [3].

Осылайша отарлық езгі өткен ғасырдың 20-40-жылдары Кенесары Қасымұлының басшылығымен өткен қазақ тарихындағы қазақтардың ең ірі азаттық қозғалысына себепкер болды. Оған барлығы бір

уақытта кіріспесе де, қазақтың негізгі рулары түгелге жуық қатысты.

Кенесары хан – Жәнібек пен Керейден тарайтын барша қазақ хандарының ізбасары Абылай мен Қасымның ұрпағы, патша тарапынан жойылған қазақ мемлекеттілігінің атрибуты – хандық институтты қалпына келтіруге ұмтылды. 1827 ж. бері Абылайдың Қасым сұлтаннан тарайтын ұрпақтары Қазақ хандығын Ресейдің отаршылдығынан азат ету жолында белсенді қызмет етті. Кенесарының әкесі Қасым мен үлкен ағалары Саржан, Есенгелді үнемі орыс халқының қоныстанған жерлері мен керуендеріне шабуылдап, қазақ ауылдарын отаршылардан босатып отырды. Олардан соң Кенесары Қасымұлы халық арасында Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуының маңыздылығын түсіндіріп, белсенді насихаттау жұмыстарын жүргізді. Ол халықты білікті басқару белгілі ережелер мен белгілі міндеттерді енгізумен үйлесімділікте жауды жеңіп, тәуелсіздікке қол жеткізу мүмкіндігін беретінін жақсы түсінді. Кенесары сұлтан маңайына Отанды отарлаудың беделді және белсенді қарсыластары қатарынан сенімді кеңесшілері мен батырларын жинады.

Сөзсіз Кенесары бұл қиын-қыстау уақытта қазақ халқын азат ету мүддесінде әрекет етті. Сонымен бірге патшаның «бөліп ал да, билей бер» саясаты қазақ даласында кең таралды және сәйкесінше, К.Қасымұлына қарсы шыққан кейбір рулар да болды.

Бұл көтеріліс елдің ерекше қызығушылығын тудырады, себебі онда бірыңғай саяси тәуелсіз қазақ мемлекетін қалпына келтірудің соңғы ұмтылысы жасалды. Кенесары өз мемлекетін патриархалды-феодалдық билікпен, оның ортадан сыртқа тепкіш тенденцияларымен, сұлтан-билеушілердің алдамшы саясатымен аяусыз күресе отырып құрды. Феодалдардың орташа топтары және батырларына сүйене отырып, Кенесары ілгерішіл сипаттағы бірқатар маңызды реформаларын жүргізді. Материалдарды мұқият зерттеу арқылы әдебиет әлемінде әлі күнге дейін айтылмаған, игерілуші кезеңнің бірқатар өзге қызықты ерекшеліктерін ашуға болады.

Сұлтан Кенесары Қасымұлы мен оның інісі Наурызбай туралы қазақ ақындары дастандар, поэмалар, жырлар жазды. Онда олар мықты батырлар, тәуелсіз қазақ мемлекетінің ержүрек күрескерлері ретінде сипатталады. Бүгінгі күні де қазақтар Ресей патшасына бағынуды қаламаған, қайсар, өр мінезді, өз дегеніне жететін Хан Кене туралы естеліктерді ұқыптылықпен сақтап келеді. 1950 жылы оның есімі сталиндік үкімет тарапынан қараланып, атын атауға тыйым салынса да, ерлігі ел жадында сақталды. Бұл тыйым тек Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекетке айналған кезде ғана алынды.

1950 жылдан кейін жарияланған кез келген әдебиетте Кенесары – «феодал, жауыз, қатыгез басшы», барлық жерде орыс-қазақ елдімекендерін зорлық-зомбылықпен тонаушы ретінде көрсетілді. Қатыгез сталиндік репрессия жылдарында тек жақын туған-туыстардың ортасында ғана ол туралы аңыздар, әпсаналар айтылды, жырлар жырланды. Қуғын-сүргін қауіпі туса да Кенесары мен оның ұрпағының портреттері, оның қызметі туралы қолмен жазылған және баспа құжаттары сақталды.

1837-1847 жылдардағы қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің және Кенесары Қасымұлы тұлға-

сының жан-жақты тарихын Қазақстанның тарихи ғылымының жетістігі ретінде санауға болады.

Ол жылдары Қазақстан ішкі және сыртқы саяси мәселелердің күрделі торабының ортасында қалды. Бір жағынан, Ортаазиялық Хиуа, Бұқара және Қоқан хандарының басқыншылығы тәуелді ету қауіпін тудырды, екінші жағынан, патшалық Ресейден де дәл осындай қауіп төнді. Екі жағынан қыспаққа алынған қазақ халқы Кенесарының артынан ерді. Халық оның жеңісі өмірдің адам төзгісіз жағдайларын жеңілдетеді деп үміттенді. Құжаттар бойынша және «бүлікшіл сұлтанның» замандастарының айтуынша, көтерілістің алғашқы күндерінен бастап, жақын маңда тұратын түрлі ұлттардың өкілдері Кенесарыға қосылды. Қазақтармен бірге ортақ жау – патша өкіметімен қазақ даласында биліктің құдалауынан жасырынған орыстар, қарақалпақтар, қырғыздар, башқұрттар, татарлар, өзбектер, түркімендер де көтерілді. Кенесары өзіне қосылған өзге ұлт өкілдерін құшақ жая қарсы алып, оларға білімі мен тәжірибесіне сәйкес, жақсы қызметтер ұсынды.

Ресейдің бас штабының подполковнигі және Орынбор әскери губернаторы В.Перовский Кенесарыға құрметпен әрі жанашырлықпен қарады. Көптеген жағымды пікірлер арасында келесі екеуін ерекшелеп алуға болады. **Штабс-капитан Фомаков 1844 жылы:** «Абылайдың зерделі, ержүрек ұрпағы, Орта жүздің ханы сібір отрядтарының өзіне қарсы қастандықтарын бос әурешілікке айналдырды, себебі оның елге қолбасшы ретінде атағы жайылды. Оған осы маңайда кезіп жүрген барлық қарақшылар топ-тобымен қосылды...», – деп айтқан еді. **Ал тарихшы И.Я.Коншин:** «Бұл – барлық қырым біртуар тұлға адам, ол қырғыздар үшін үрейленген Худайнед Газин, Сыбанқұл Ханқожин және басқалары секілді көсемдерінен анағұрлым жоғары тұрды. Олардың барлығы қырғыз қатынастарының рушылдық тар аясынан шығуға қабілетсіз болды және тек Кенесары Қасымұлының тұлғасынан ғана ордалар мен руға бөлінудің, барлық қырғыздардың саяси бірлігін арман еткен нағыз халықтық қырғыз қаһарманын көреміз», – деп жазды. Осылайша орыс офицерлері қазақтың соңғы ханының патша әкімшілігіне талап қоя білетін құқығын мойындады [4].

Кенесарының үлкен саяси жаңсақтығы – сұлтандар және билермен күрескенде оларға бағынышты бейбіт ауылдарға да шабуылдауы. Көтеріліске қосылудан бас тартқаны үшін ол жаппас руының ауылдарын үш рет аяусыз шапқан. Өкінішке орай, оның қарсыласы аса үлкен держава еді. Сондықтан қазақ сұлтан-төрелерінің көпшілігі Кенесарыға емес, патша өкіметіне сүйену қажет деп сенді. Оларға жауыққан Кенесары өзіне қарсы шыққан сұлтан-төрелердің ауылын талқандады. Осылайша көтеріліске шыққандарға қарсы тұратын жаулардың санын арттырды. Патша өкіметі оның осы қателігін ұтымды пайдаланып кетті. Олар қазақтарды өзара бір-біріне айдап салды, ал Кенесарыға жауыздың, зұлымның, қарақшының, қазақ халқы жауының таңбасын салды. Сонымен бірге тарихи әділеттілік Кенесары Қасымұлы өз заманының адамы болуға құқылы екендігін мойындайды. Мемлекеттік қайраткер болған соң ол бір күндік жеңістің мүддесін қуған жоқ. Кенесары сұлтан өз халқының және мемлекетінің болашағын ойлады.

Ол әскери іс-қимылды 1838 жылдың көктемінде Ақмола бекінісін қоршау және өртеуден бастады.

Бекініс басшысы әскери бөлім коменданты старшина Карбышев және Ақмола округының аға сұлтаны полковник Қонырқұлжа Құдаймендин зор күшпен өлімнен аман қалды. Кенесарының жолындағы келесі бекініс Торғай болды.

К.Қасымұлы патша өкілдеріне жазған хаттарында өзінің осы қадамдарын келіссөзді жеңілдету үшін Ресей шекарасына жақындау деп түсіндірді. Анығында сұлтанның басты мақсаты Кіші жүзді Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы жалпыға ортақ көтеріліске қатыстыру еді. Себебі онда 1836-1838 жылдары ғана Исатай-Махамбеттің басқаруымен ұлт-азаттық көтеріліс өткен болатын.

Патша өкіметінің XIX ғасырдың бірінші жартысында жүргізген реформалары қазақ қоғамының үлкен наразылығын тудырды. 20-30-жылдардың өзінде Патшалық Ресей қазақтың ең шұрайлы жерлерін басып алып, Қазақстанның орталық аудандарына етене жақындаған болатын. Басып алынған қазақ жерлерінде әскери бекіністер, қамалдар салына бастады. Жаңа әкімшілік құрылыс, басқару жүйесіндегі өзгерістер ақсүйектердің, билердің, төрелердің мүддесіне, ал патшалық әкімшілік тарапынан жерлерді басып алу – қатардағы шаруалардың мүддесіне қарама-қайшы келді. Барлық жерлерде белең алған көптеген көтерілістер бар жағдайдың ушыққандығынан көрініс берді.

Алайда қазақ дәстүріне сәйкес, мемлекеттілікті қалпына келтіру қозғалысын шығу тегі ақсүйек, әскери қолбасшы және дипломат өнерін жетік меңгерген адам ғана басқара алады. Сонымен қатар көшпелі далалық демократияның дәстүрлері оны сайлау арқылы хан тағына отырғызуды мақсат еткен барлық қоғамның қолдау қажеттігімен шартталды.

Кенесары Қасымұлы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісіне үлкен серпін берді. Ол шашырап жатқан қазақ рулары оңай олжаға айналатыны және айналып келе жатқанын түсінді және бұл жағдайда халықты біріктіру керек, бірыңғай мемлекеттілікті құру керек екенін білді. Кенесары сұлтан шебер, өзіндік әдісі бар саясаткер ретінде Ресей секілді ұлы державамен күресу үшін үш жүзді біріктіру қажеттілігін, үлкен құрбандықтардың болатынын, әскери, сонымен қатар дипломатиялық күшті пайдалану қажеттілігін жақсы білді. Ол халықтық қозғалыстан бөлінген жекелеген сұлтандардың, старшиналардың, билердің бассыздығын қатаң басып, Ресей саясатын қолдағандардың аяусыз жазасын берді, сонымен қатар патшалық өкіметпен келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешудің жақтаушысы да бола білді. Кенесары әскери тұтқындарға, соның ішінде орыстарға да төзімділікпен қарады, тұтқындардың кейбірі оған қызмет етті, ресейлік елшілерді әдептілікпен қабылдады.

1841 жылы Кенесары хан сайланды. Ол Қазақ Хандығын қалпына келтіруді мақсат тұтты. К.Қасымұлы мемлекеттік басқаруға шарияттың негізгі ережелерін енгізді, сонымен қатар билер сотын қалпына келтірді. Сонымен бірге ол мемлекетті нығайта отырып, оның әскери қуатын арттырды. Салықтық саясат тиімді салық салуға бағытталды. Болмысында Кенесары өзінің атасы Абылайдың саясатын жүргізді, ол қатаң басқару мен тұрақты тәртіп ұстанымдарына негізделді.

Кенесары хан тағына 1841 жылы отырған соң көтеріліске шыққандар әскери іс-қимылға кірісті. Ол уақытқа дейін олар қоқандықтар күшінің

басым бөлігі орналасқан Созақ, Жаңақорған, Ақ мешіт, Жүлек бекіністерін қоршап алды. Кенесары өзінің азаттық жолында күресінің басынан бастап қойылған міндеттің күрделілігін жақсы білді, оған тек ортақ жауға қарсы үш жүздің күшін біріктіру арқылы қол жеткізетінін түсінді. Алайда азаттық жолындағы күрестің ең шиеленіскен тұсы 1844-1845 жылдары да толық бірігу болмады. **Көтерілістің басынан бастап, қазақ ақсүйектері екі қарсы күресуші лагерьге бөлінді:** бір тобы Кенесарының жағында болды, ал екінші тобы отарлаушыларды қолдады. Кенесары Қасымұлы хан, саясаткер, қолбасшы және дипломат ретінде өз туының астына қазақтың үш жүзінің руларының басым көпшілігін жинай алды. Оның әскерінің жалпы саны кейде 20000 адамға дейін жетіп жүрді. Халық көтерілісіне Орта жүздің сұлтандары мен билерінің көпшілігі қосылды.

Кенесары Қасымұлының басшылығымен болған қазақ халқының көтерілісі басынан бастап, жалпы халықтық сипатқа ие болды, оны XVIII-XIX ғасырлардың соңындағы азаттық қозғалыстар тарихындағы қазақ руларының қоныстанған негізгі аудандарын қамтыған жалғыз көтерілісі деп атауға болады.

Кенесары мемлекеттік құрылысқа ерекше көңіл бөлді, елді басқаруға жаңа ережелер мен құрылымдарды енгізді, сонымен қатар бұрын жойылған кейбір жаңа құрылымдарды қалпына келтірді. Өз әскерінің қатарында ол қатаң тәртіпті ұстануды талап етті. Ол әскерді жүздіктер мен мыңдықтарға бөліп, ұзақ далалық соғыс жағдайларына төзімділікке бейім әскерді басқарудың заманауи құрылымын құра білді. Ол саяси күрес пен дипломатияның негізгі әдістерін оңтайлы пайдаланды, қажетті ақпаратты жеткізетін өз агенттерінің қызметтерін пайдаланды. Кенесары Қасымұлы мемлекетінің ішкі саясаты ханның қатаң бақылауында болды, ол тұрақсыздандырудың негізгі факторы – руаралық қақтығыстарды ерекше қадағалап отырды.

Кенесары Қасымұлының тарихи еңбегі – халық дәстүрін сақтай отырып, оны тәуелсіздік және еркіндік үшін бас көтеруге жұмылдырды. Кенесары ханның саясаты мен идеологиясы қазақ қоғамы дамуының негізгі өмірлік маңызды мәселелерін түсінуде ұрпақ сабақтастығын танытады.

ТҮЙІН

В статье Кусаиновой Ж.Д. говорится о деятельности Кенесары Касымова как политика и дипломата.

* * *

The national liberator movement of Kenesary Kasimov is shown in the article of Koidate of historical Kusainova G.D.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Бекмаханов Е.Б.** Казахстан в 20-40-е годы XIX века. - Алма-Ата, КазОГИЗ, 1947. 398 С., 189 б.
2. **Бекмаханов Е.Б.** Казахстан в 20-40-е годы XIX века. - Алма-Ата, КазОГИЗ, 1947. 398 С., 209 б.
3. **Бекмаханов Е.Б.** Казахстан в 20-40-е годы XIX века. - Алма-Ата, КазОГИЗ, 1947. 398 С., 211 б.
4. **Коншин Н.** Материалы для истории Степного края, «Памятная книжка Семипалатинской области» на 1900 г. Вып.4. Семипалатинск, 1901 - 351 с.

ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЙҰЛЫ: туған және қайтыс болған жылдары туралы

Амангелді ШАМҒОНОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің профессоры,
тарихшы-өлкетанушы

Мектеп оқулықтарында қазақ халқының ұлы күйші, композиторы Құрманғазы Сағырбайұлының туған және қайтыс болған жылдары туралы әр түрлі деректер келтіріліп жүр. Мысалы, жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында (Ж.Қасымбаев. «Мектеп» баспасы. 2004, 2012 жылдардағы басылымдары) ұлы күйшінің туған және қайтыс болған жылдары 1818-1889 деп көрсетілген. Ал З.Е.Қабылдинов пен А.Т.Қайыпбаеваның авторлығымен шыққан 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында («Атамұра» баспасы. 2008 және 2012 жылдардағы басылымы) ұлы күйші 1806 жылы туып, 1879 жылы қайтыс болған делінген. Осы авторлар 2016 жылы 8-сыныпқа арнап шығарған «Қазақстан тарихы» оқулығында Қ.Сағырбайұлы 1823 жылы туып, 1889 жылы қайтыс болды деп жазыпты [1; 291-б.].

Ал Ж.Қасымбаев пен Т.Омарбековтың авторлығымен 2016 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында Қ.Сағырбайұлының туған жылы 1823, қайтыс болған жылы 1896 деп көрсетіліпті [2. 293-б.]. Егер Құрманғазы бабамыздың туған және өлген жылдары ҰБТ сұрақтарына кіруі мүмкін екендігін ескерсек, ұлы күйшінің туған, қайтыс болған жылдары төңірегіндегі жоғарыда көрсетілген алақұлалық мектептің тарихшы мұғалімдерін де, оқушыларды да үлкен қиыншылықтарға соқтырарын ешкім де жоққа шығара алмас. Оған қоса айтарымыз, Қ.Сағырбайұлы 1818 жылы туды деген пікірдің мейлінше кең тарағаны сонша 1938 жылы ұлы күйшінің 120 жылдығы, 1943 жылы 125 жылдығы, 1968 жылы 150 жылдығы аталып өтсе, ал 1993 және 1998 жылдары оның 175 жылдығы 2 рет тойланды. Тіпті бүгінгі күндері Құрманғазы 1818 жылы туды деген дерек ғаламторда желдей есіп жүр. Олай болса, ұлы күйшінің туған және қайтыс болған жылдары туралы жоғарыда көрсетілген деректердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін анықтап көрейік. Сонымен бірге әр түрлі авторлар өз оқулықтарында ұлы күйші туралы неге әр түрлі деректер береді деген сұраққа да жауап беру керек болады.

Енді осы мәселелер төңірегінде сөз қозғап көрейік: 1979 және 2000 жылдары шыққан 5 томдық «Қазақстан тарихының» 3-томында Қ.Сағырбайұлының туған, қайтыс болған жылдары 1806-1879 деп көрсетілген. Егер мектеп оқулықтарын жазуда авторлар көптомдық «Қазақстан тарихында» келтірілген деректерді басшылыққа алатынын ескерсек, онда оқулық авторы Ж.Қасымбаев Құрманғазы Сағырбайұлының туған, қайтыс болған жылдары туралы деректі 1979 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақстан

тарихының» 3-томынан алған дегеніміз дұрыс болады [3, 361-б.]. Ал енді сол «Қазақстан тарихының» 3-томындағы деректердің өзі қайдан алынды? Ол Құрманғазы зиратындағы құлпытастағы жазудан алынғанын айтқанымыз жөн. Құлпытаста Құрманғазының 1879 жылы 73 жасында дүниеден озғандығы жазылған. Егер 1879-дан 73-ті алып тастасақ, 1806 шығады. Мінеки, кейбір зерттеушілердің Құрманғазының 1806 жылы туып, 1879 жылы дүниеден өтті деу себебі осыдан. Шындығында, Қ.Сағырбайұлы 1879 жылы дүниеден озбаған, алайда құлпытасты ойып жазу барысында шебер қателік жіберген. Яғни, ұлы күйшінің туған, қайтыс болған жылдары 1806-1879 деп көрсетілген көптомдық «Қазақстан тарихының» 3-томында келтірілген деректер дұрыс емес.

Енді Қ.Сағырбайұлы 1818 жылы туып, 1889 жылы қайтыс болды деген дерекке тоқталайық. Академик, музыка зерттеуші А.Жұбанов «Құрманғазы Сағырбаев» атты кітабында ұлы күйшіні 1818 жылы туып, 1889 жылы қайтыс болған деп көрсетеді және осы дерек күні бүгінге дейін көптеген жерлерде басшылыққа алынып жүр. А.Жұбанов архивтен 1868 жылы шыққан «Уральская войсковая ведомость» газетінде жарияланған журналист Н.Савичевтің «Карманов форпостынан Глининскіге дейін» деп аталатын мақаласын кездестіреді. Никита Федорұлы Савичев – Орал әскери басқармасының архивариусы, әскери старшина. 1820 жылы (кей деректерде 1821) Орал қаласында туып, сол қалада 1885 жылы қайтыс болған. Н.Ф.Савичев 1867 жылдан Орал қаласында шығатын «Уральские войсковые ведомости» деп аталатын 4 беттік апталықтың 1868 жылғы 27 қазан күнгі санында «Карманов форпостынан Глининскіге дейін» деп аталатын мақала жариялаған. Мақалада 1868 ж. қыркүйек айында Н.Савичевтің казак И.Ф.Бородиннің үйінде Құрманғазымен кездескендігі сөз болады. Құрманғазының бірнеше күйлерін тыңдаған Н.Савичев, күйшінің орындаушылық талантына тәнті болады. Ол осы мақаласында «Сағырбаев – сирек кездестетін музыкалы жан, егер ол европалық білім алса, музыка дүниесінде ең үлкен жұлдыз болар еді», – деп жазады [4. 34-б.]. Н.Савичев Құрманғазыны орта бойлы, орта жастағы адам деп суреттейді. А.Жұбанов өз еңбегінде «орта жасты ең үлкен 50 деп алғанның өзінде 1818 жылы туғаны дәлелденеді», – деп жазады [5. 43-б.]. Осылайша, Н.Савичевтің Құрманғазы «орта жаста» деген сөзінен жорамал түрде ол 1868 жылы 50 жаста болған екен деген пікір тарайды (1868-50=1818). Әрине, бұл болжам болатын. Өкінішке орай, жұртшылық, тіпті кейбір ресми мекемелер әлі күнге дейін Құрманғазы Сағырбайұлы 1818 жылы туды деген негізсіз пікірді ұстанып жүр.

Келесі әңгіме ұлы күйшінің 1823 жылы туып,

1896 жылы қайтыс болғандығы туралы. Бұл мәселе төңірегінде белгілі тарихшы профессор И.Кенжәлиев біраз зерттеу жұмыстарын жүргізді. Астрахан облысының мемлекеттік архиві материалдарымен таныса келе, ол архивте: «*Құрманғазының 1882 жылы абақтыда жатқаны туралы мәліметтер бар. Өкінішке орай, осы архивтерде кездескен мәліметтер тым қысқа әрі үзік-үзік*», – деп жазған [6.104-б.]. Тарихшы ғалым Құрманғазы 1818 жылы туған деген сөз үстірт пікір [6.136-б.] дей келе, ұлы күйші 1806 жылы туды деп тұжырымдайды [6.12-б.], сонымен бірге Құрманғазы 1879 жылы қайтыс болмаған деген пікір білдіреді. [6.108-б.]

Құрманғазы Сағырбайұлының туған, қайтыс болған жылдары төңірегінде Атыраулық тарихшылар көптеген жылдар бойы тер төгіп, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде өткен ХХ ғасырдың 90-жылдарында-ақ ұлы сазгердің туған, қайтыс болған жылдары толықтай анықталды. Осы мәселемен шұғылданғандардың ішінен музей қызметкері Мақсот Жолжановтың еңбегін ерекше айтқанымыз жөн. И.Кенжәлиев сияқты М.Жолжанов та Астрахан облысының мемлекеттік архивінен Құрманғазыға байланысты деректер іздестірген. Соның нәтижесінде ол 1882 жылы Астрахан облысына қарасты Краснояр түрмесінде отырған Құрманғазы Сағырбайұлының есімі тұсынан оның 1882 жылы 30 қаңтардағы сот үкімімен 1 ақпаннан бастап 3 айға абақтыға қамалғаны туралы және оның ұлтын, сотталу себебін, үкімін, жаза мерзімін, жасын көрсететін дерек тапқан [7]. Сол деректерде Құрманғазы **1882 жылы 59 жаста деп көрсетілген. Сонда 1882–59=1823. Олай болса, Қ.Сағырбайұлы 1823 жылы дүниеге келген.**

Ұлы күйшінің құлпытасында оның **73 жас өмір сүргені жазылғаны белгілі. Олай болса, 1823+73=1896.** Осылайша архивтік деректер негізінде Қ.Сағырбайұлының 1823 жылы туып, 1896 жылы қайтыс болғаны дәлелденіп отыр [8.20]. Дегенмен, мәселенің нүктесін сол кезде ҚР Ұлттық Ғылым Академиясына қарасты М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында құрылған арнаулы сараптау комиссиясы қойды. Сол комиссияның шешімі төмендегідей:

«ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты халық композиторы Құрманғазы Сағырбайұлының туған, өлген жылына қатысты сарапшылық комиссияның қорытындысын хабарлайды. Архив деректері мен зерттеушілер М.Жолжанов, И.Кенжәлиев, Қ.Жұмалиев, Ұ.Рахметуллиннің пікірлерін мұқият сараптай отырып, халық композиторы Құрманғазы Сағырбайұлы 1823 жылы туылып, 1896 жылы дүниесі салған», – деген қорытындыға келді [9.]

Кезінде бұл шешім «Атырау» газетінің 1996 жылы 12 қыркүйек күнгі санында жарияланды. Сол 1996 жылы ұлы композитордың қайтыс болуының 100 жылдығына орай Астрахан облысы Володар ауданындағы Қ.Сағырбаев жерленген жерге биік кесене тұрғызылды. Кесененің ашылуына ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өзі қатысты. Осы тұжырымға сай 2013 жылы Атырау қаласында Құр-

манғазының туғанына 190 жыл толуына арналған 1000 домбырашы қатысқан күй-концерті өткенін де қалың жұртшылық ұмыта қойған жоқ.

Бүгінгі күні Құрманғазы Сағырбайұлының 1823 жылы туғандығы туралы деректі ҚР Ұлттық Энциклопедиясының 6-томынан (Алматы, 2004); 2004 жылы «Арыс» баспасынан шыққан «Құрманғазы» атты жинақтан (құрастырушы М.Ізімұлы), Ж.Қасымбаев, Т.Омарбековтің авторлығымен 2016 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан 8-сыныптың «Қазақстан тарихы» оқулығынан көреміз. Мәселенің шындығына келсек, мектеп оқулығында Құрманғазы Сағырбайұлының туған, қайтыс болған жылдары тұңғыш рет нақты көрсетіліп отыр. Осы жерде ұлы күйші сазгердің туған, қайтыс болған жылдары туралы біз ұсынған нақты деректі оқулыққа енгізгендері үшін авторларға шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз. Болашақта ұлы күйшінің туған, қайтыс болған жылдарын архивтік деректер негізінде дәл көрсететін басылымдардың көбейе түсетіндігіне кәміл сенеміз.

Сонымен, қорыта келе айтарымыз: ұлы сазгер ***Құрманғазы Сағырбайұлы дүниеге*** 1806 жылы да, 1818 жылы да емес, ***1823 жылы келген.*** Жоғарыда көрсетілгендей, бұл – мұрағат дерегі негізінде дәлелденген. Сондықтан да ұлы күйшінің туған жылына байланысты басқаша пікір болуы тиісті емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т.** История Казахстана (XVIII в. – 1914 г.) Учебник для 8 классов общеобразовательных школ. Алматы. Атамұра, 2016
2. **Қасымбаев Ж., Омарбеков Т.** Қазақстан тарихы «(XVIII-1914 ж.) Жалпы білім беретін мектептердің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы. Мектеп, 2016.
3. История Казахской ССР. с древнейших времен до наших дней в пяти томах том III - Алма-Ата. Наука, 1979.
4. **Жубанов А.** Құрманғазы Сағырбаев. Алматы, Өлке.-2006.
5. **Жұбанов А.** Құрманғазы. Алматы: Жалын.-1978
6. **Құрманғазы.** Жинақ. (Құрастырған М.Ізімұлы) Алматы: Арыс.-2004.
7. Астрахан облысының мемлекеттік архиві 203 қор, 629 іс, 21,31 парақтар.
8. **Табылдиев Х.Б., Жолжанов М.К.** Құрманғазы Сағырбаев - Алматы: Ғылым, 1999.
9. Егемен Қазақстан, 2018 ж., 25 қаңтар.

Қосымша әдебиеттер

1. **Шаяхметов Н.** «Лаушкен»// Коммунистік еңбек, 1971, 14 тамыз.
2. **Жолжанов М.** Құрманғазы // «Ана тілі» газеті 1993, 2 желтоқсан.
3. **Жолжанов М.** Ақиқат қымбат бәрінен // «Егемен Қазақстан» 1996, 17 шілде.
4. Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия. 6 том, Алматы, 2004.
5. **Табылдиев Х.** «Н.Савичев деген кім?» // «Атырау», 2004, 27 қараша.
6. **Шамғонов А.** «Архивного далека-неверные истоки» // «Мегаполис», 2009, 29 декабрь.
7. **Шамғонов А.** Оқулықтағы олқылықтар // «Егемен Қазақстан» 2013, 17 қыркүйек.

ГЕНЕРАЛ САБЫР РАҚЫМОВТЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ЖОЛЫ

Болат САЙЛАН,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры,
тарих ғылымдарының докторы
Ардақ МЫРЗАҒҰЛ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
тарих, археология және этнология
факультетінің I курс магистрі

Қазақ халқы қаншама соғыстарды бастан өткерді. Соғыс шаш етекпен шығынға батырғанмен, біртуар батырлардың бейнесін тарихқа енгізді. Бабадан қонған батырлық қасиет қай соғыста болса да қазақ азаматтарының қаймықпай, өрлік пен өжеттіктің арқасында ерен ерліктер жасай алатынын дәлелдеді. Сол батырларымыздың арасында генерал Сабыр Рақымовтың орны да, ерлігі де ерекше еді.

Сабыр Рақымов 1902 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданының Көкібел ауылында дүниеге келді. Әкесі Омарқұл 1907 жылы қайтыс болған. Анасы Бахрайым – Ташкенттің маңындағы Жүнісабат ауылы диханының қызы. Күйеуі Омарқұл қайтыс болғаннан кейін Бахрайым ұлы мен қызын асырау үшін өзінің туған ағасы, диірменші Рақымның қолына барады. Сол себепті бала Сабыр мектепке барғанда соның балалары қатарында Рақымов болып жазылады. 1915 жылы Сабырдың қарындасы қайтыс болып, отбасы қайғыға душар болды. Он үш жасар Сабырға жергілікті байдың малын бағуға тура келді. Қайғы мен жетіспеушілік өз дегенін істеп, Сабыр балалар үйіне беріледі [1].

1918-1920 жылдары ондаған мың қазақ, өзбек және Орта Азияның басқа да халықтары жеңіске жеткен Қазан төңкерісі мен Кеңес үкіметін қорғау үшін Қызыл Армия қатарына кіреді. Бұл кезде тоқыма фабрикасында жұмыс істейтін Сабыр Рақымов әскери мектепке кіруге өтініш береді.

1922 жылы қараша айында ол Баку қаласындағы біріккен әскери мектепке қабылданады. Жиырма жасар Сабыр Баку әскери мектебінің үздік атты әскер оқушыларының бірі болады. Баку қаласына келген кезінде, сол кездегі әскери іс бойынша КСРО Халық комиссары (қорғаныс министрі) Михаил Василийұлы Фрунзе курсанттардың әскери дайындығын, олардың атта отыру және қылышты ат үстінде қалай қолданатынын тексеруге келеді. Сонда өз эскадронымен курсант Рақымов бірінші орын алады. Оның қылышты қолдану деңгейін, кедергілерден өте білуін осы жаттығуға қатысқан көптеген қатысушылар көреді. Полигондағы жаттығу сынағында тосқауылдан (барьер), терең ордан (траншея), су бөгетінен, дуалдан болашақ офицер шебер өте біледі. Оның жауынгерлік қимылына риза болған әйгілі қолбасшы Фрунзе сол жерде оған өз атынан сыйлық тапсырады [1].

1925 жылы шілде айында Сабыр әскери мектепті аяқтайды. Офицер Рақымов Самарқан қаласындағы атты әскерлер дивизиясына жіберіліп, онда әскери полктің біріне взвод командирі болып тағайындалады. Көп ұзамай іскер командир ретінде көріне білген Сабырды әскери басшылық эскадрон командирлігіне өсіреді. Қарақұмда басмашыларға қарсы жанқиярлықпен соғысқаны үшін 1927 жылы «Қызыл ту» орденімен марапатталады. 1930 жылы

Түркіменстанда Жонайтхан бандыларымен күрестегі ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады.

1934 жылы С.Рақымов кіші командирлер дайындайтын мектепті басқаруға тағайындалады. Жыл өткен сайын әскери тәжірибесі шыңдалып, іскерлігімен көзге түсе бастайды. Оның мектебінен өткен шәкірттер әскери өнердің озаттары атанып, үлкен кезектен тыс әскери шеңдері жоғарылатылады [2].

1937 жылы бүкіл халықтың басына түскен нәубет оны да айналып өтпегенін, жала мен күдіктің арқасында оның он тоғыз ай түрмеде отырғанын, қиыншылықты жеңе отырып, түрмеден босанып шыққанын, түрмеден босануына оның Рақымов болып жазылуының үлкен септігі тигендігін кейбір мәліметтер растаса, кейбір мәліметтер Рақымовтың түрмеде отырғанын растамайды. С.Рақымовтың бұл жылдардағы тарихын анықтау үшін әлі де жете зерттей түсу қажет.

1939 жылы **Өзбекстанда ерекше химиялық авиация ұйымдарының ең жауапты нүктесін – жауынгерлік дайындық бөлімін басқарады.** 1940 жылы қазан айында ол Байрам-Өлі қаласындағы (Түркіменстан) мото атқыштар полкінің командирі қызметіне тағайындалды. Жоғарғы әскери және саяси дайындығы үшін, басмашылармен күресте көрсеткен жеке ерлігі үшін капитан Рақымов 1936 жылы «Қызыл Жұлдыз» орденімен екінші рет марапатталады [2].

Майор Сабыр Рақымов Батыс майданында 1941 жылы 27 маусымда алғашқы әскери шайқасқа қатысады. Ұлы Отан соғысының алғашқы айларындағы кескілескен шайқастардың бірінде Рақымов ауыр жараланып, Солтүстік Кавказдағы Железноводск қаласындағы әскери емханада емделді.

1941 жылы қыркүйектің басында **Оңтүстік майдандағы 353-ші атқыштар дивизиясының 1149-шы полкінің командирі болып тағайындалады.** Дондағы Ростов қаласының маңайында ауыр соғыстар жүріп жатты. Рақымовтың полкі Ақсай өзенінен өтіп, сағат төртте Рақымовшылар шабуылға көшті. Олар немістің 66-шы мото полкінің бөлімшесін талқандап, штабты толығымен тұтқынға алды. 600-ден астам солдат пен офицерлерді бағындырып, бағалы мүліктерді иемденді. Офицер Рақымов «Қызыл Ту» орденімен екінші рет марапатталды, кейін оның осындай 3-ордені болды.

1942 жылы қазанда Рақымов негізінен **Донецк көмір бассейні жұмысшы-шахтерларынан құралған 395-ші атқыштар дивизиясының командирлігіне тағайындалады.** Ірі соғыс қимылдарын Рақымов дивизиясы Украинаның оңтүстігінде және Кубанда 1942-1943 жылдары қыс айларында жүргізді. Кеңес әскери басшыларының тапсырмаларын мінсіз орындағаны үшін, жеке ерлігі және дивизияны шебер басқарғаны үшін Рақымов екінші дәрежелі Суворов орденімен марапатталады. Жоғарғы марапатты

тапсыру соғыс жағдайында өтті. Майдан штабынан келген байланыс офицері оған пакет тапсырды. Онда: «1943 жылы 8 ақпан айындағы бұйрық бойынша Сіз марапатталған екінші дәрежелі Суворов орденінің Сізге жеке өзім тапсыруға мүмкіндік болмай, оны осы хатпен жіберіп отырмын. Сізді лайықты жоғарғы марапатыңызбен құттықтаймын және Сіздің әскери қызметіңізге және жеке өміріңізге болашақ табыстар тілеймін. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы М.И.Калинин», – деп жазылған М.Калининнің хаты болды [1].

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің (үкімет) 1943 жылғы 19 наурыздағы қаулысымен дивизия командирі Сабыр Рақымовқа генерал-майор атағы берілді [3]. Ал осы жылы маусым айында Рақымов маршал К.Ворошилов атындағы **Жоғарғы әскери академиясының (Бас штаб Академиясы) тыңдаушылар қатарына қабылданады.** 1944 жылы қыркүйек айында оқуын тәмәмдаған соң, генерал 1-ші Беларусь майданының құрамындағы 47-ші гвардиялық дивизияның командирі болды. Көп ұзамай оны Сталинград шайқасының батыры генерал В.Чуйковтың басшылығындағы екі дүркін Қызыл тулы 8-ші гвардия армиясының даңқты 37-ші гвардиялық дивизиясына командир етіп ауыстырды [3].

1945 жылдың басында Пруссия жерінде ауыр қан төгісті соғыстар жүріп жатты. Рақымов дивизиясы немістердің таңдаулы бөлімдерінен құралған әскерлерге қарсы сынақтан мінсіз өтті. Тек Польша үшін шайқастарда олар төрт мыңнан астам неміс солдаттары мен офицерлерін, 12 өзіндік жүретін қондырғыларды, 40 миномет пен қару-жарақтарды, 1118 көліктердің көзін жойды. 1945 жылы 26 наурызда таңертең дивизияның командалық бекетіне жаудың зеңбірегі түсті. Зеңбірек жарылысынан қанға малынған Рақымов қолындағы микрофонды тастап үлгерместен құлады. **Дивизия командирі С.Рақымов, дивизия комиссары полковник А.Смирнов және байланыс басшысы ауыр жарақаттан қаза болды.** Тірі қалғандар генерал денесін омақаса құлаған бақылау бекетінен алып шықты. Дәрігерлер ота жасады. Бірақ самай мен сол жақтағы екі жарақат қауіпті еді. Өлім аузында жатқан С.Рақымов ернін жыбырлатуға ғана шамасы келіп: «*Қош болыңдар гвардиялықтар, Берлинге қарай алға*», – деген сөзбен бақилыққа аттанды [4. 124-б.].

1945 жылы 28 наурызда 37-ші гвардиялық Сталинградтық, Речицкілік, Грауденцкілік атқыштар дивизиясы өздерінің командирі – гвардиялық генерал-майор С.Рақымовпен мәңгілікке қоштасты. Генералды аза тұту рәсімі өтіп, адал анттар берілді және қоштасу отшашуы берілді. Бұл Данцикке апарар жолдағы Фиррек деген жерде болды. 1945 жылы Рақымов және оның әскери жолдастары Белоруссия жеріндегі Гродно қаласына уақытша жерленді. Соғыс аяқталған соң, **1945 жылы мамырда генералдың денесі Ташкент қаласына әкелінді. Қоштасу рәсімі және қаралы митинг 1945 жылы 25 мамырда өтті. С.Рақымов мұсылмандық мазаратқа жерленді.** Сабыр Рақымов неміс-фашист басқыншыларымен соғыс кезінде үш жарақат және контузия алды [2].

Неміс-фашист басқыншыларымен болған соғыстың жиырма жылдық жеңісіне орай КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы генерал С.Рақымовқа Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы Жарлығын шығарды. Сөйтіп, **1965 жылы 6 мамырда С.Рақымовқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді [5].**

Кеңес заманында **Өзбекстанда С.Рақымов атымен Ташкенттегі бір аудан, он колхоз, бес орта**

мектеп, үш мәдениет үйі, отыз көше және метро станциялары аталды. Ол туралы кино түсіріліп, ерлігі дәріптелді. Бірақ өкінішке орай тәуелсіздік алған соң өзбек ағайындар Кеңес Одағының Батыры, генерал Сабыр Рақымовтан бас тартты. Жай бас тартып қана қойған жоқ, Өзбекстандағы осы уақытқа дейін батырдың атымен аталып келген барлық нысандардың, елді мекендердің аттарын алмастырды. Ол аз десеңіз, елін сыртқы жаудан қорғаған батырға Ташкент қаласының қақ ортасында қойылған ескерткішті құлатты. «Өзіміздің ұлттық батырымыз» деп келген өзағаңның өзеуреп, Сабырға келгенде сабыры кетуіне не себеп болды екен? Бәлкім, айды етекпен жауып болмайтынын түсінген ала шапанды ағайын Сабыр Рақымовты өзбек ете алмайтынын білген соң, шамасы осындай қадамға барған-ау?!

Қазір құдайға шүкір, С.Рақымов атымен аталатын елімізде бірқатар нысандар бар, әлі де бола береді деген ойдамыз. Шымкент қаласындағы Ш.Рашидов көшесі қазір тұңғыш генералдың атына берілді. Қаладағы республикалық әскери мектеп-интернат 2003 жылдан бері С.Рақымовтың атымен аталады [6]. **2012 жылы Шымкент қаласындағы “Жеңіс” саябағының алдында туылғанына 110 жыл толуына орай Кеңес Одағының батыры, Орта Азиядан шыққан тұңғыш генерал Сабыр Рақымовқа арналған ескерткіш ашылды.** Биіктігі 4 метр 20 сантиметр, ал тұғырымен қоса есептегенде 7 метрден асатын ескерткіштің авторлары – белгілі сәулетшілер Сұлтан Илияев пен Әбдухат Мұратбаев [7]. Оған қоса С.Рақымов туралы жаңа еңбектер мен туындылар, маңызды мағлұмат беретін мақалалар жазылып жатыр. 2013 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Ауған соғысы ардагерлерінің басшылығымен «Кеңес Одағының батыры – Сабыр Рақымов» атты медаль жарыққа шықты. Батырдың әруағына арналып ас беріліп, оның атында әр түрлі турнирлік жарыстар ұйымдастырылуда.

Қысқасы, бабалардан қалған батырлық дәстүр әр ғасырда, әр жылдарда жалғасын тауып, қазақ рухын асқақтатып келеді. Соның бірі Сабыр Рақымов Ұлы Отан соғысында Орта Азиядан шыққан тұңғыш генерал атанды. Шайқаста жанқиярлық танытқан қазақ перзенті қай шайқаста да қаймықпай жауға тойтарыс бере білді. Ерлігі елге танылды. Есімі елге оралды. Сондықтан да ер есімі ел есінде сақтала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Тегіне оралған Сабыр // Алаш айнасы. – 2011. – 7 мамыр.
- 2.**А.Исмаилов.** Боевой путь генерала С. Рақымова // Южный Казахстан. – 2008. – 8 май.
- 3.**С.Дүйсенов.** Өзбекке телінген қазақ батыры // <http://www.namys.kz/?p=4799>. – 2011. – 1 шілде.
- 4.**Ғ.Сәрсенбайұлы, Б.Түйетаев.** Бас қалаларға батыр ескерткіші орнатылса // Түркістан. – 2011. - 3 наурыз.
- 5.**И.П.Коргузов.** Командир гвардейской. – Москва, 1975. – 127 с.
- 6.Указ о присвоении звания Героя Советского Союза Рақымову С.О. // Правда. – 1965. – 7 мая.
- 7.**Б.Тайжан.** Генерал Рақымов ел есінде // Егемен Қазақстан. – 2012. – 14 ақпан.
- 8.**Ғ.Елшібай.** Сабыр Рақымовқа еңселі ескерткіш орнатылды // Жас Алаш. – 2012. – 4 қазан.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ТВОРЧЕСТВА В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Аскар АЛТАЕВ,
д.и.н., профессор кафедры истории Казахстана
КазНУ им. аль-Фараби
Ляззат КОЖАКЕЕВА,
д.и.н., профессор, зав. кафедрой истории КазгосЖенПУ

Президент Н.А.Назарбаев в своем послании 2017 года поставил важнейшую задачу разработки нового стратегического плана развития до 2025 года по Третьей модернизации страны под названием «Национальная технологическая инициатива Казахстана». Лидер Казахстана подчеркнул: *«Только те народы, которым удастся опередить будущее и решительно пойти навстречу вызовам, а не стоять и ждать, окажутся победителями.»*

В мире началась очередная, уже Четвертая промышленная революция. Повсеместная цифровизация экономики приведет к исчезновению целых отраслей и созданию принципиально новых. Великие перемены, происходящие на наших глазах – это одновременно исторический вызов и шанс для нации. Сегодня я ставлю задачу обеспечить реализацию Третьей модернизации Казахстана. Необходимо создать новую модель экономического роста, которая обеспечит глобальную конкурентоспособность страны» [1].

В Третьей модернизации важнейшим приоритетом становится улучшение качества человеческого капитала, предполагающее кардинальное изменение роли образования, которое должно стать центральным звеном новой модели экономического роста. Проблемы казахстанского образования, повышения его качества и конкурентоспособности постоянно находятся в центре внимания главы государства. В современных условиях всеми передовыми странами признана ключевая роль науки и образования в развитии социума. Эта потребность возникает из самой природы информационного общества, когда именно креативность, творческое критическое мышление, нестандартность принятия решения являются базовым ресурсом и движущей силой перемен.

Возникшие в конце XX века и стремительно набирающие в XXI веке процессы инновационного развития, резко актуализировали роль тесно сопряженных между собой феноменов – «человеческого капитала», инновационного образования и креативности, творческого мышления и реагирования. Решение задач Третьей модернизации Казахстана невозможно без активного обладающего высоким уровнем профессиональных и общемировоззренческих знаний, творчески мыслящего, креативного человеческого капитала.

Об этом свидетельствует весь мировой опыт развития социума, все изменения в нем возникали и возникают только благодаря творческой активности личности. Человек одновременно является и порождением культуры и ее творцом.

XXI век начался и продолжается под знаком образования, инноваций и творческих способностей. Именно поэтому всесторонне развитие как отдельной личности, так и всего человеческого капитала в целом приобретает основополагающее значение. Президент РК Н.А.Назарбаев в своем выступлении «Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее» подчеркнул, что *«Казахстану необходима интеллектуальная революция, которая позволит пробудить потенциал будущего. Наша задача – изменить отношение казахстанцев, и в первую очередь молодежи, к образованности, к интеллекту, служению Родине и народу. Необходимо создать ядро национального интеллекта, сообщество эрудированных людей, способных конкурировать на международном уровне.»* Проект «Интеллектуальная нация 2020» направлен на формирование новой генерации казахстанцев. Без этого мы не сможем превратить Казахстан в страну с конкурентоспособным человеческим капиталом [2].

Еще К.Циолковский в своей статье «Двигатели прогресса» выделил целый ряд препятствий, тормозящих инновационное развитие. Среди них: инертность, косность, консерватизм, противодействие непривычному, нежелание переучиваться. Одним словом, их можно определить, как отсутствие творчества. В современных же условиях происходит переход от традиционного, узкопрагматического образования к инновационному, нацеленному на развитие творческих способностей, навыков и умений личности. На реализацию этих глобальных задач и направлены реформы, происходящие в настоящее время в сфере образования РК. *«Мы движемся к постиндустриальному миру, – выразил свое мнение по этому поводу Президент в своем выступлении с интерактивной лекцией в Назарбаев университете, – в котором правит триада «образование – наука – инновация»* [3].

При этом крайне важна непрерывность и последовательность инновационного образования на всех его ступенях – от дошкольного до высшего и на протяжении всей жизни.

Следует актуализировать то обстоятельство, что подготовка креативных, творчески мыслящих и действующих личностей невозможна без таких педагогов, в полной мере обладающих интегративными качествами творческого мастерства. Именно педагогическое творчество может помочь сформировать специалистов с необходимыми для современного этапа третьей модернизации качествами. Педагогическое творчество носит интегративный характер и, как отмечают специалисты, без

него невозможна профессиональная педагогическая деятельность высокого уровня, и развивается оно по мере развития личности самого педагога, роста его профессионального опыта и мастерства.

Творческий подход в образовании необходим постоянно, он во многом определяется самим характером педагогической деятельности и требованиями развития современного общества. Высшим проявлением педагогического мастерства является новаторство, которое представляет собой прогрессивные нововведения в практике образовательно-воспитательной деятельности педагога.

Педагогическое новаторство является важным условием непрерывного развития образования. Благодаря ему происходят и ускоряются тенденции накопления и видоизменения разнообразных инициатив в образовательном пространстве. Их следствием могут быть как частичные трансформации в содержании образования и педагогических технологиях, так и глобальные изменения в сфере образования.

Обязательным условием деятельности педагога такого типа является обязательная опора на традиции и новации в теории и практике обучения и воспитания, их критический анализ, творческое переосмысление, внесение изменений, корректив и дополнений. При этом, необходимо в практике деятельности обеспечить конкретную нацеленность обучения. Определяя задачи в реализации приоритета – повышения качества человеческого капитала – Президент РК указал: *«Учебные программы необходимо нацелить на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации»* [4].

Определяя систему качеств, необходимых педагогу-творцу, следует их более расширенно, не только в контексте личностных и профессиональных свойств и умений, а в целостности и интегративности педагогической культуры. Рассмотрим подробнее, что представляет собой педагогическая культура в таком понимании.

В.И.Горовая в развернутом виде педагогическую культуру представляет следующим образом:

1) *система знаний и интересов личности, образующих её кругозор и эрудицию, формирующихся и развивающихся в процессе познавательной деятельности (находит выражение в познавательной и интеллектуальной активности);*

2) *система убеждений, составляющих мировоззренческий уровень культуры личности, формирующийся на базе интересов, жизненных предпочтений и ценностных ориентаций в процессе аксиологической деятельности, рефлексии и самосознания (находит выражение в идейной позиции личности);*

3) *система умений и развитых на их основе способностей, образующих уровень практической деятельности, который формируется на базе социальных потребностей и установок в процессе накопления и реализации опыта (находит своё выражение в продуктивной деятельности);*

4) *система индивидуальных норм поведения и освоенных методов деятельности, составляющих уровень реализации социального поведения личности, формируемый на базе культурных образцов и принципов поведения через различные формы общения и самовоспитания (находит выражение в поведении и творческой активности личности);*

5) *система социальных чувств, образующих уровень эмоциональной культуры, формирующейся на базе переживаний процессов деятельности и поведения личности (реализуется в эмоциональной активности);*

6) *система потребностей к анализу, самоанализу и самосовершенствованию (реализуется в саморефлексии)* [5].

По нашему мнению, к сущностным показателям педагогической культуры следует отнести свойства, которые должны быть присущи психологическим и личностным качествам педагога, его профессиональной компетентности, способности к творческому поиску и саморазвитию в личностном, профессиональном и общемировоззренческом смыслах. Таким образом, именно педагогическая культура в широком ее понимании является интегральным показателем зрелости и развития системы значимых свойств и профессионально-личностных качеств педагога-творца.

Важное значение в развитии творческой индивидуальности имеет креативная направленность обучения и воспитания. Ее суть заключается в актуальной ценностной ориентации, в формировании установок на рефлексивно-творческое освоение новых знаний, определении способов и методов их практического внедрения, а также творческого применения. Только в этом случае может быть реализована креативная функция в деятельности педагога, когда она выступает условием творческого саморазвития личности.

Креативность – это не только способность к интеллектуальной активности, эмоциональная открытость к инновационному восприятию, но еще и способность к самоактуализации и самореализации. Креативность предстает как способность сделать свое существование осмысленно творческим, реализовать уникальный личностный потенциал.

Формирование творческой личности представляет собой двусторонний процесс, который выражается в выработке необходимых качеств у педагога, как индивидуальной творческой личности, и в то же время накопления и осмысления им опыта творческой деятельности.

Таким образом, **педагогическое творчество, уровень сформированности его индивидуально-го стиля, высокая педагогическая культура, новаторство и креативность педагога – это та необходимая база для формирования соответствующего требованиям постиндустриального общества, человеческого капитала, развитию его творческих способностей и готового к реализации нестандартных решений.**

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 31 января 2017 г. «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». 31 января 2017 // http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvarya-2017-g
2. Назарбаев Н.А. Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее. //Казахстанская правда, 14 октября 2009
3. Выступление Президента Н.А.Назарбаева перед студентами Назарбаев Университета. <http://www.akorda.kz/ru>
4. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 31 января 2017 г. «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». 31 января 2017. // http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvarya-2017-g
5. Горовая В.И. Высшее педагогическое образование: проблемы и перспективы. – Ставрополь, 1995.- 160 с.

Қазақстан-Ресей Медициналық университеті Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасында итәйтәзы профессор-оқытушылар құрамының саны – 15. Олардың арасынан 10 профессор-оқытушы биыл «Қазақ тарихы» журналына бір жылға толық жазылыпты. Бұл істі ұйымдастырған – кафедраны бытырған бәрі басқарып келе жатқан тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Тұлжанар Шуландекова. Төменде аталған кафедраның іс-тәжірибесі мен бiлiм беру, маман даярлау саласындағы жетістіктері оқырман назарына ұсынылып отыр.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОТАРЛАНУЫ

Тұлжанар ШУЛАНБЕКОВА,
Қазақстан-Ресей медициналық университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық
пәндер кафедрасының меңгерушісі,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азиядағы иеліктерінде басқару жүйесін ұйымдастыруды патша өкіметі жаулап алудың бастапқы кезінде-ақ қолға алды. ХVIII ғасырда басталған Ресей империясының қазақ жерлерін жаулап алу саясаты XIX ғасырда да жалғасты. XIX ғасырдың ортасына қарай аш күзендей алға ұмтылған Ресей империясы қазақ жерінің Оңтүстік өңірі мен Орта Азияны жаулап алу үшін мұздай қаруланған әскери экспансиясын қолданды.

Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды жаулап алу жөніндегі экспансиялық мақсаттары негізінен алғанда екі жолмен жүзеге асырылды: *біріншіден*, қазақ даласына бірқатар әскери-барлау және жаза-лау экспедицияларын ұйымдастыру; *екіншіден*, дала арқылы өтетін стратегиялық жағынан тиімді жағдайда болған бекіністер шебін салу арқылы. Бұл шаралардың бәрі аймақта жергілікті түрде жүргізілді, соның нәтижесінде көптеген ықпалды қазақ көсемдері не шайқастарда өлтірілді [1], не тұтқынға алынды.

Оңтүстік Қазақстан өлкесін басқару тәртібі қазақ халқын аяусыз езуге, әрі құқықтарын барынша бұрмалауға негізделді. Орта Азия хандықтарының қазақ жерін жаулап алу әрекеттерінен қатты қобалжыған патша әкімшілігі қазақ даласын Сырдария бойындағы шептік жаңа әскери қамалдармен бекітіп тастамақ болды. 1847 жылы генерал Обручев, кейін Арал деп аталған Райым бекінісінің іргесін қалады. 1853 жылы Ақмешіт шабуылмен алынды да, Перовск форты болып өзгертілді. 1864 жылы Түркістан, Әулиеата, Шымкент бағындырылды.

Сырдария облысын қалай жаулап алғандығы жөнінде тарихшы ғалым М.Әбдіров былай деп атап көрсетті: «Сібір казактарын полковник Черняев басқарды, ол 2 рота 1 взвод артиллерия 100 казак және 2 жаяу ротасы күшімен Шолаққорған, Созақ бекіністерін алды. 1864 жылы қыркүйек айында Черняевтің отряды (10 орта жаяу әскер, 200-дік казактар, мың қазақ жігіті, 13 зеңбірек) кішкене шабуылдан кейін Қоқан бекінісі Шымкентті басып алды» [2, 249-б.].

Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды тез басып алу факторларының бірі – патша үкіметінің қазақ қоғамын екіге жаруы, жергілікті қазақ билеушілерін бөлшектеп, бір-біріне айдап салу, өзін қолдағандарға шен-шекпен, атақ, қаржы-қаражат беріп, оларды

өзінің тірегіне айналдыру, олардың көмегімен елді тонауы, халықты қанауы. Міне, осындай теріс әрекеттерге сүйенген орыс әскерлері Сарыарқаны басып, Алатауға қарай шабуылға шықты. Алдағы уақытта Орта Азияға ішкерілей енуде Сырдария сағасы ерекше рөл атқарды.

1848 жылы патша өкіметі Жетісудағы аса маңызды стратегиялық пункт, әрі отаршылдық экспансияны жалғастырудың қуатты тірегі болған Қапал бекінісінің негізін салды.

1848 жылдың басында патша өкіметі Ұлы жүздің қазақтарын басқару және Жетісу өлкесін бақылау үшін «Үлкен Орданың приставы» деген қызмет орнын белгіледі және ол Батыс Сібір генерал-губернаторлығына бағынды. Оның мақсаты – Жетісудағы қазақтарды орыс әкімшілігіне барынша кіріптар ету, рулар арасындағы әр түрлі келіспеушілікті тоқтату, Ұлы жүзді Ресейдің ықпалына түсіріп, Батыс Қытаймен, әсіресе, Қашқариямен және Орта Азиямен сауда жолдарын дамытуда қауіпсіздікті қамтамасыз ету еді. Осы тұста Жетісудың оңтүстік аудандары Қоқан хандығы ықпалында болатын.

1851 жылдың бірінші жартысында К.К.Гутковский және подполковник Карбышев бастаған орыс әскері корпустары Іленің сол қанатына орналасқан Тойшыбек бекінісін талқандап, Қоқан хандығының Жетісудағы маңызды тірегін жойып жіберді. Осылайша қазақ жерін жаулай бастаған патша өкіметі өзінің бұрынғы отарлау саясатындағы тәжірибеден өткен бекіністер салу әрекетін жалғастыра берді. 1853 жылы жаулап алған қазақ жеріндегі орталық Қапал бекінісін салады. Үлкен Орда приставы – майор Перемышльский жетекшілігімен арнайы отряд құрылып, Қазақстанның Оңтүстігіне шабуылды күшейте түсу көзделді.

Жетісу өлкесінің саяси-экономикалық және әскери-стратегиялық тұрғыдан маңызының арта түсуіне байланысты 1854 жылы Верный бекінісі салынып, ол Алатау округының орталығына айналды. Мұнда жаңа сот әкімшілік ережесі енгізілді. Бұл ережеге сәйкес талан-тараж, барымта, кісі өлтіру секілді ірі қылмыстар орыс сотының қарауына берілді. Мұндай қылмыс жасағандарды әскери сот жазалайтын болды.

Сонымен қатар 1859 жылы ұлы жүз қазақтары мен қырғыздарды байланыстыратын жолда Қастек бекінісі салынғаны тарихтан мәлім. Бекініс Ресей әс-

керлері үшін Қазақстанның Оңтүстігін басып алуда және Сібір, Сырдария бойындағы бекіністер тізбегін жалғастыруға қызмет етті. Осы бекіністердің көмегі арқылы орыс әскерлері әскери ұрыстарда табысқа жетіп, Қазақстанның Оңтүстігі мен Орта Азияны басып алған болатын. Бұл жөнінде профессор М.Қойгелдиев: «1853 жылы орыстардың Ақмешіт бекінісін алуы бұл процесті тездетіп түскен оқиға болды», – деп атап көрсеткен еді [3, 59-б.].

Іле өлкесін өз құрамына түпкілікті қосып алуды көздеген патша өкіметі Алатау қырғыздары мен Шу алқабын қоқандықтардан тазарту шараларын іске асыруға кірісті. Ал, қазақ пен қырғызды қол астынан шығармауға тырысқан Қоқан ханы Әулие-ата, Меркі, Пішпек, т.б. қалалардың гарнизонын күшейтті.

1860 жылдың күзінде орыс отрядтарының шабуылға шығуын тоспай-ақ Қоқан ханы Верный бекінісін басып алу үшін 20 мыңдық әскер жіберді, оның ішінде Кенесарының баласы Сыздық сұлтан да бар болатын. Ұрыс қазан айының ішінде Ұзынағаш түбінде, Қаракестек өзені бойында өтті. Полковник Колпаковскийдің басқаруымен Ұзынағаш шайқасына 4 зеңбірек және 2 ракеталық станогы бар 3 рота жаяу әскер, 400 казак, барлығы 799 адам қатысады. 1860 жылдың 18 қазанында Қастекте 4 рота, 4 казак жүздігі, 3 ауыр зеңбірек, 4 жеңіл зеңбірек, Саурық қорғанында 1 рота және ракетті станок, Ұзынағашта 1 рота, 1 казак жүздігі және 2 жеңіл зеңбірек, Қаскелеңде казактардың ½ жүздігі, Верныйда 2 рота және 1 ½ жүздігі, Іле бекінісінде 1 рота, 4 казак жүздігі және 2 зеңбірек болған. Орыс әскерлеріне шайқас кезінде поручик Вроченский, подпоручик Курковский, штабс-капитан Обух, есаул Бутаков, поручик Соболев және тағы басқалар жетекшілік жасады. Бұлардың көбі тәжірибелі әскерилер еді [4, 156-б.].

1860 жылы 18-21 қазанда Ұзынағаш түбінде Колпаковский бастаған мұздай қаруланған Ресей әскері Қоқан әскерлерін тас-талқан етіп жеңді. Г.Колпаковский Жетісу жерін басып алып, қоқандықтарды қуғанда, ең алдымен Ресей империясының мүддесін көздеді. Осылайша бір отарлаушы кетіп, екінші отарлаушы келді. Жетісуды Қоқан хандығы үстемдігінен тартып алып, Ресей империясының үстемдігін орнатуда «Ұзынағаш» түбіндегі шайқас үлкен рөл атқарды. Жалпы Оңтүстік Қазақстандағы патша өкіметі мен қоқандықтар арасында болған соғыста мына мәселеге назар аударуға тиістіміз. Оңтүстіктегі қазақ халқы екіге бөлінді, кейбір бөлігі қоқандықтар жағында болып, Ресей басқыншылығына қарсы күреседі. Мәселен, «Ұзынағаш» түбіндегі шайқаста қазақ батырлары Батырбек, Байзақ, Момынбек, Сыпатай, Сұраншы, қырғыз батыры Шабдан, Кенесарының үш ұлы Ахмет, Сыздық, Тайшы қоқандықтармен бірлесіп, орыс әскерлеріне қарсы соғысады. Олар «Ұзынағаш» түбіндегі шайқаста жеңіліс тапты. Саны аз болғанымен, қару-жарағы басым соғыс қимылдарын жүргізу айласы артық орыстар басқыншы Колпаковскийдің басқаруымен қарсыластарын шыбындай қырды. Сондықтан 1860 жылы 21 қазанда «Ұзынағаш» шайқасында Ресей басқыншыларына қарсы ел үшін, жер үшін, еркіндік үшін күресті деп айтуымызға болады.

Алғашында Жанқожа батыр хиуалықтардың езгісіне қарсы күресті. Кейіннен орыс отрядтарымен бірлесіп, төменгі Сыр бойын хиуалықтардан босатты. 1856-1858 жылдары тоқсанға келген жасында кеше ғана одақтас болған орыс отрядтарына қарсы азаттық күресті жүргізуге мәжбүр болады. Өйткені,

Хиуа отаршыларынан Ресей отаршыларының еш айырмашылығы жоқ екенін білді. Бірақ, бәрі де кеш еді. Жетісудың отарлауы да тұп-тура осыған ұқсас жағдай болатын.

Жетісу жеріндегі Ресей империясының әскери қимылдары, үсті-үстіне бекіністер салуы Ұлы жүз қазақтарының қарсылығын тудырды. Атақты тарихшы Е.Бекмаханов өзінің «Кенесары ханның көтерілісі» деген еңбегінде қазақ даласы үшін болған Хиуа, Қоқан және Ресей арасындағы күреске тоқтала отырып, **Жетісу қазақтарының Ресей басқыншыларына жасаған қарсылығын былайша жазады:** «Постройка крепостей, как и ранше, встречала противодействие казахов. Ночами они внезапно налетали на казачьи дозоры, жгли поселения, вводили лошадей» [5, 42-б.].

Бұдан бұрынғы Кіші және Орта жүз жерлерінде салынған бекіністердің қандай міндеттер атқарып жатқанынан Жетісу қазақтарының хабары бар еді. Ұлы жүз қазақтарының бір бөлігінің қоқандықтар жағында Ресей әскерлеріне қарсы күресу себебінің бірі осында жатыр. Екінші бір себебі – Г.Колпаковский Жетісу жерін жаулап алуды қатыгездікпен жүргізген. Ол Жетісу халқына ұсақ-түйекке құлақ аспағаны үшін өлім жазасын кесіп, аяусыз жазалап отырған. Деректерге қарағанда, Қоқан әскерлеріне қарсы күресті қиындатқысы келмеген Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорд Колпаковскийдің қазақтарға байланысты «өз қимылдарын неғұрлым абайлап және сақтықпен жүргізуді талап етуге мәжбүр болды» [6, 303-б.].

Жетісу облысы жерін отарлауға кіріскенде, патша өкіметі негізінен екі стратегиялық мақсатты көздеді: біріншіден, Жетісуға бекіністер салу арқылы Ресейдің Оңтүстік Шығыстағы шекарасын айқындау еді, сөйтіп, қытайдың экспансиясына шек қоюға мүдделі болды. **Екіншіден,** Жетісу халқы құрамында орыстық элементтерді көбейтіп, орыс үстемдігін нығайту еді [7, 216-217-66.].

Осылайша патша өкіметі Оңтүстік Қазақстан өлкесін отарлаудағы дайындық жұмыстарын үсті-үстіне қамалдар салудан бастаған еді. Сондай-ақ жергілікті халықтың арасында от тастап, олардың кейбіреулерін өз жағына тартып, шен-шекпен беріп, бір-біріне қарсы айдап сап отырды. Патшалық Ресей өлкені әскери күшпен бағындырып қана қоймай, оның өзіне табиғи түрде қосылу едістерін де қарастырды. Бұл өз кезегінде Оңтүстік өңірге орыс заң жүйесін бірте-бірте тарату деген сөз болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы. – Алматы: Атамұра, 2002. – 3-т., – 768-б.
2. Абдиров М.Ж. Завоевание Казахстана царской Россией и борьба казахского народа за независимость. – Астана: Елорда, 2000. – 302 с.
3. Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. – 1917 ж.). – Астана: Елорда, 2004. – 216 б.
4. Махаева А. Тойшыбек би және оның заманы. – Алматы: Баянжүрек, 2006. – 202-б.
5. Бекмаханов Е. Восстание хана Кенесары. – Алматы, 1992. – 42 с.
6. Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очеркі. ХVIII – XIX ғғ. – Алматы, 1976. – 303-б.
7. Григорьев В. Крестьянская колонизация в Сыр-Дарьинской области // Вопросы колонизации. – 1911. – № 9. – С. 216-217.

ФИЛОСОФИЯНЫ ОҚЫТУ

және ойды образ арқылы жеткізудің маңызы

Тайыржан ОРАЗХАН,
философия магистрі, Қазақстан-Ресей
медициналық университетінің оқытушысы
Олжас ҚАЛЫҚОВ,
философия магистрі, Радиоэлектроника
және байланыс әскери инженерлік
институтының оқытушысы

Орасан зор тарихи кезеңдерді қамтып, сан алуан бағыттар мен көзқарастар, тұжырымдамалардан тұратын философиялық ілімді ұтымды әдістеменің көмегімен, яғни алдыңнан кездескен кез келген кітап, ойшылдардың еңбектерін парақтау арқылы өзінді қызықтырған мәселе, толғандырған сауал, дайындалуға берілген сұрақтарға жауап іздеу, ешқандай бағыт-бағдарды білмей жаһанды жалғыз өзін жаяу кезіп, керегінді іздегенмен бірдей.

Ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов пайымдағандай, кең ақыл, терең қиял шығарған, адамның жанын тәрбиелейтін, жүрегін ағартып, адамшылығын арттырып, ақтылыққа сүйрейтін ғылым – философияны [1, 81-б.] оқып үйренгісі келетін әрбір адам үшін адамзат даналары жасаған осы орасан зор мұраны қалай дұрыс оқып үйренуге болады, оның теориялық және практикалық маңызы неде, ондағы қандай мәселелер арнайы мамандарға ғана емес, әрбір философияға қызығатын оқырман үшін пайдалы, оны жүйелі түрде оқытудың әдістемесі қандай болуы тиіс деген сауалдарға жауап берудің маңызы ерекше. Осы ретте шын мәніндегі әлемнің түпкі негіздері мен жүйелік құрылымы, ондағы адамның орны, парасаты мен адамгершілік қасиеті туралы ғылым, әрі қоғамдық сананың ерекше формасы, дүниеге көзқарас, өнер ретінде де көрініс беретін даналық ілімі философияны оқытудың тиімділігін арттырудағы ойды образ арқылы жеткізудің маңызына тоқталмақпыз.

Көне грек философиясына арналған «Афина мектебі» жыр жинағының авторы, ақын Өтежан Нұрғалиев (1938-2011) Қазақстан Ұлттық телеарнасында 1988-1990 жж. «Даналық әліппесі» атты танымдық бағдарлама жүргізген еді. Ол: «Сократ – философияның дәу емені. Оның жасы – екі мың сегіз жүз жыл. Сократтың тамыры – софизм. Діні – яғни кроны – Платон. Жемісі – Аристотель» [2, 278-б.], – дейді. Бұл мамандығы бойынша журналист, әдебиеттанушы, ақын Өтежан Нұрғалиевтің осы саланың арнайы маманы болмаса да философия тарихын терең білгендігін көрсетеді. Ақын осы арқылы мың жылдан астам тарихы бар бүтіндей бір дәуір философиясындағы бар болмысымен сол даналық ілімнің символы, «Жүзеге асқан философия» (Карл Маркс), яғни философия мен ғылым, болашақ үшін маңызды нәрселерге назар аударып, аспан әлемін бақылау, ғарыш құрылымын зерттеу мақсатымен жүріп мына дүниені, аяғының астына қарауды ұмытып, шұңқырға түсіп кетіп жай адамдарға (кемпіріне) күлкі болатын Фалес тәрізді өмір сүру салтымен де, өз тағдырымен философияның өзіне айналған Сократ, онымен байланысты сол кезең философиясының басты ерекшелігі туралы ойды сығымдап, философиялық білімді академиялық емес тәсілмен об-

разды ойлау түрінде болмысымызға жақын, таным-түсініктерімізге сәйкес ұғынықты тілде түсіндіріп береді. Ғылымның қай саласында да ойды осылайша жеткізу тек сол саланы терең меңгерген адамның ғана қолынан келеді. Мысалы, швед ғалымы Пер Монсан ұзақ жылғы ұстаздық тәжірибесінде шәкірттерге қоғамның әлеуметтік құрылымын түсіндіру, қоғам болмысы, қоғам дегеніміз не, әлеуметтік институт деген не, әлеуметтанудағы ауытқыған мінез-құлық түсінігі нені білдіреді деген сауалдарға жауап беру үшін 1985 жылы «Саябақ аллеясындағы қайық» [3] атты метафоралық шығармасын жазады. **Адам адам болғандықтан қанша жерден оның ойлауын жүйелілікке бейімдеп, ұғым арқылы ойлауға, ғылым бойынша өмір сүруге бұрғанмен, ол об-разбен ойлаудан, сол тілде айтылғанды, яғни ойды тікелей емес, бейнелі түрде астарлап, тұспалдап жеткізу, метафора, теңеу арқылы айтылғанды тезірек түсінуінен айнитын емес.** Осыны ескерген Пер Монсан аталған шығармасында қоғамды саябаққа, әлеуметтік институттарды саябақтағы көпшілік адамдар жүретін асфальтті кең жолдарға (аллеяларға) теңейді. Ауытқыған мінез-құлықты (девиацияны) сол саябаққа келетін, бірақ көпшілік жүретін кең, түзу жолдармен жүрмей, баратын жеріне көгалды кесіп өтіп тіке тартатын, гүлзарларға сүрініп кетіп, таптап, не тікенекті бұта, тал-теректердің арасына кіріп үсті-басын талқандап шығатын, мазасыз адамдарға теңейді. Мұндағы саябақ метафорасы адамзат қоғамын білдіреді. Адамдар оны бұрыннан бар сияқты қабылдайды. Олардың екеуі де бұрын болмаған. Қоғам мысалы, адамзат дамуының белгілі бір кезеңінде пайда болған. Оған дейін ешқандай қоғам болмаған. Сол сияқты саябақ та адам қолынан шыққан туынды. Осы себепті автор, таңертең тұрып, тікұшаққа мініп саябақтың үстінде бірнеше метр биіктікте тұрып бақыласаңыз дейді, саябақта ешкім болмайды. Сосын біраздан соң ақырындап бірлі-екілі адамдар келе бастайды. Күндіз адам қарасы көбеюі мүмкін. Кешке жақын адам азайып, бірте-бірте түн қараңғылығы қоюлана түседі. Бұл арқылы автор адамзат қоғамының пайда болуы, тіршілік етуін көрсетеді. Екінші күні ғалым, таң ертең саябақты бақылаған сияқты, тікұшақпен теңіздің үстінде тұрып, сондағы тіршілікті бақыласаңыз дейді. Мұнда да бастапқыда ашық теңізден басқа ештеңені көрмейсіз. Кейіндеп қайдан, қалай келгені белгісіз кемелер назарға ілінеді. Бұл адам еркінің бостандығын білдіретін метафора. Судың бетінде де ешқандай жол сайрап жатпайды. Мұнда да әрбір кеме жеке адамдардың өз өмір жолын өздері анықтайтыны сияқты су бетімен өз жолдарын өздері тауып жүзіп жүреді. Олар сырттай қарағанда ешбір бағыт-

бағдарсыз кетіп бара жатқан сияқты. Бірақ олар да ішкі бір тетіктер арқылы жолсыздан жол тауып өз мақсат, өз межелеріне кетіп бара жатады. Адамның өмір жолын таңдауы да осыған ұқсас. Оның да өмір жолы көсіліп, үн-түнсіз жатқан теңіздің беті сияқты. Мұнда адам өз жолын өзі айқындауы тиіс.

Адам баласы көне дәуірден бастап – отбасы, кейін экономика, дін, ғылым, білім, мемлекет сияқты әлеуметтік институт болып табылатын құрылымдарды қалыптастырды. Табиғат дүниесі, яғни жан-жануарлар тіршілікке табиғи инстинктер арқылы бейімделсе, адам үшін бұл қызметті әлеуметтік институттар атқарады. Сонда ғалымның саябақ деп отырғаны бүкіл қоғам, ондағы адамдар серуендеп жүретін кең, тұзу тас жолдар (аллеялар), отырып тыныстайтын жол жиегіндегі орындықтар бәрі әлеуметтік институттарды білдіретін метафора. Ал көгалды кесіп өтіп кетіп, жаңадан жалғызаяқ жол салып жүретіндер немесе тікенді бұталардың арасына кіріп киімін талқандап алатындар қоғамдағы позитивті девиантты мінез-құлық иелеріне жататын жай адамдар сияқты дайын жолдармен жүріп-тұратын, көптің бірі емес, ескіге қанағаттанбай жаңаға ұмтылатын, әрдайым жаңа жол іздеп, табиғаттағы да, қоғам, адам өмірдегі де көпшілік елей бермейтін үдерістер, заттар мен құбылыстар мәніне назар аударатын, жетістіктермен бірге кемшіліктерді де көріп, олардан ой түйіп жүретін философ, ғалым, ақын-жазушы, өнер адамдарын білдіреді. **Себебі қоғам, көпшілік тек жақсылық атаулыны, әділеттілік, теріпті ғана емес, кейде жаңалық, өзгеріс, бастамашылықты да қаламауы мүмкін.** Мәдениеттанушы Әуезхан Қодар: «Адамзат тарихындағы ең басты қайшылық, – дейді, – тұлға мен қоғамның өзара байланысында. Себебі, қоғам мойындамаса, тұлға қанатын кеңге жая алмайды. Бірақ қоғам әрқашан да таңалық пен өзгерістерді жақтырмайды. Себебі, ол өсіп-өнген, болып-толған, өзіне дән риза. Әйтсе де, Гераклит, Сократ замандарынан бастап, философтар қоғамның, егер ол әрдайым өз-өзін тексеріп, түзетіп, жаңартып отырмаса, түкке тұрмайтынын дәлелдеген» [4, 115-б.].

Яғни Сократтың философияның дәу емені болатыны – «Сократ жүзеге асқан философия». Сократтың, сондай-ақ философияның тамыры Софизм болатыны, адамдарды даналық ілім, логика, риторикаға оқытқан ұстаз софистер және көпшіліктің арасында Афина көшелерін кезіп жүріп, адамдарды даналық ілімге үйреткен, басқаша айтқанда қоғамдағы жағдайларға ешқашан бейжай қарамаған, келеңсіздіктерді ешбір айналып өтпеген Сократ ілімі философияны алғаш болып адам мәселесіне бұрады. Философияның мәселесі жеке алғандағы табиғат та, күллі ғарыш та емес, адам, оның әлемдегі орны, тағдыры, өмірінің мәні екеніне назар аударады. Ал оның діні Платон болатыны – Сократ айтты деген ойлардың, яғни Сократтың айтқаны деп өз ойларын, философиясын бізге жеткізуші, өзіне дейінгі ғұламалардың философиясын жүйелеп, өзі де терең-терең сұңғыла ойлар айтқан оның дарынды шәкірті Платон. **Жемісінің Аристотель болатыны**, көптеген жекелеген ғылымдардың негізін қалап, ғылым классификациясын жасаушы, бастапқы философия – метафизиканың зерттейтіні болмыстың алғашқы себептері мен бастаулары деп есеп-

теп, оны ең маңызды деген теориялық ғылымдар физика, математикалармен қатар қойған, болмыс, шынайы хақиқат деп ұстазы сияқты мәңгі өмір сүретін идеяларды ғана емес, болмыстың, ақиқаттың, бардың, тіршіліктің, өмір сүретіннің баршасының бар болуының мәні жеке-жеке олардың хақиқаттылығында емес, материя мен форманың бірлігінде екендігін дәйектеуінде деп білеміз. Шығармаларын екінші бірі емес, соған шыдамы, ой-өрісі жетіп оқып үйренетін, сол білімнің қадірін біліп, керекті жеріне жұмсайтын адамдар ғана түсінетіндей аллегориялық стильде жазған Аристотель философиясы, атап айтқанда ұлы ойшылдың болмыс туралы ілімі, этикасы, бақыт туралы ойларының маңызы ерекше. Аристотель адамның әрқашан жақсыға, игілікке ұмтылғанын, барлығында алтын ортаны ұстанғанын қалайды. Нәтижесінде ешнәрсеге өкінбейтін парасатты өмір сүргенін ең ұлы игілік, нағыз бақыт деп біледі.

Ойымызды қорытындыласақ, адамзат қоғамы бар жерде философияны оқытудың маңызы ешқашан да өзектілігін жоғалтпайды. Оның маңызы, әсіресе, бүгінгі жаһандану жағдайындағы шындығында объективті дүниедегінің бәрінің (адамның өмірге келуі, өсіп-өнуі, табиғи үдерістердің жүруі, т.б.) өз орнында болғанына қарамастан, субъективтік қабылдауымыздағы кеңістіктің сығымдалып, уақыттың зымырап өтіп жатқандай көрінетін, өзгерістерге толы замандағы қоғамның рухани болмысы, адам өмірінің мәні деген сауалдарға келгенде еселеп арта түспек. Ал сол алынған білімнің оқушының тұлға ретінде қалыптасуында өмірлік мәселелер мәнін түсіну, сондай-ақ философияның барша ғылымдардың әдістемелік негізі екені, Аристотельдің, «*поэзияның тарихқа қарағанда философиялық сипаты басым*» деген тұжырым жасағаны [5, 655-б.], яғни ғылымнан (тарихтан) ерекше, поэзияға, өнерге жақын жалпылық сипаты, дүниені тұтастай көруге деген ерекшелігіне орай, өзі мамандығын игеруде мәселені жалпының ішінен жеке бөліп алып, философияға тән ойлау бойынша оның басқалармен байланысы, арақатынасы, сол тұтастықтағы алатын орнын айқындауда, поэзияның суреткерлік түйсік арқылы «*өткен менен кеткенді, бүгін мен ертеңді, кейіннен келер күндерді жыландай ғылып, жымын білдірмей өріп шығатыны*» [6] сияқты дүние болмысы туралы терең пайымдаулар жасап, шығармашыл, креативті ойлай алатын және алған білімінің уақытша сынақ, емтихан тапсыру үшін емес, ұзақ уақыт есінде сақталып, әрбір адамның алдағы болашақта да рухани игілігіне айналуы философияны оқытудың тиімді әдістемесіне келіп тіреледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Әуезов М.** Философия жайынан // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 1 том. – Алматы: Ғылым, 1997. – 81-б.
2. **Нұрғалиев Ә.** Сократ // Көне соқпақтар, соны сұхбаттар. – Алматы: Республикалық оқу баспа орталығы, 2012. – 278-б.
3. **Пер Монсан.** Лодка на аллеях парка. www.e-reading.mobi/book.php?Book=39757
4. **Қодар Ә.** Еленбеген асулар // Көне соқпақтар, соны сұхбаттар. – Алматы: Республикалық оқу баспа орталығы, 2012. – 115-б.
5. **Аристотель.** Поэтика. Пер. М.Л.Гаспарова // Сочинения. В 4-х томах. – М., Мысль, 1983. Т 4. – С. 655.
6. **Мұсаева Н.** Асқар әлемінен бір үзік сыр // Жұлдыз. – 2014. – №1. – Б. 139–154.

ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫ

және кемел адам идеясы

Ербол СЫРБАЕВ,
философия магистрі, Қазақстан-Ресей
медициналық университетінің аға оқытушысы

Қазақ тарихында әлемді танып білу, зерделеу көріністері, даналықтың озық үлгісіндей түркілік ерекшеліктермен танытатын философиялық ойлар мен терең мағыналы тұжырымдамалар жеткілікті. Солардың ішінде Екінші ұстаз атанған әл-Фараби көтерген күрделі мәселелер қазіргі жаһандану заманының қордаланған мәселелерімен сәйкес келеді. **Өйткені, күн сайын кең тарап бара жатқан әлемдік сұрықсыздану, технократиялық бағдарлардың күшеюі жас ұрпақтың санасын ұлай түсуде.** Әл-Фараби айтқан «пасық қала», «надан қала», «даңғой қала» деген сөз тіркестері мен ұғымдар рухани сұранысты емес, тек тән қажеттілігін қанағаттандыруға, көңіл көтеруге ұмтылысты сынаудан туса керек.

Бұл мәселелерді ұғу үшін әл-Фарабидің болмыс туралы ілімінің, дүние құрылымы жайындағы көзқарастарының мәнін түсінбек керек. **Дүние кескінін әл-Фараби былайша елестетеді:** болмысы бардың барлығы алты сатыға бөлінеді, сатылар әл-Фарабиге төмендеу (төмен түсу) ретімен ашылады. **Әлемнің бірінші сатысы – Құдай, «Алғашқы Болмыс».** Оған өзінен шығатын басқа болмыстың, оның өз парқынан басқа нәрсенің болуы қажет емес, сонымен қатар Оған оның өзінде жоқ форма беретін акциденциялар немесе қозғалыс та қажет емес, Оған жат құралдың да қажеті жоқ [1, 227-б.].

«Басқа болмыстардың Одан бастау алуына ешнәрсе бөгет бола алмайды» [1, 228-б.]. Ол актуальді, мәңгі болмыс. Оның тіршілігі жетілген және болмыста барлық басқаға бастау болады, Одан кемел ешнәрсе жоқ және ешнәрсе одан бұрын бола алмайды. Оның тіршілік етуінің себептері жоқ және өз тіршілігін өзі сақтауы үшін Ол сыртқы бір нәрсені қажет етпейді. Алғашқы Болмыс өзі үшін тіршілік етеді.

Алғашқы Болмыстан екінші саты – екінші болмыстар (себептер) пайда болады. Осылайша Ол өз мазмұнынан ештеңе жоғалтпайды, қайта байи түседі. **Екінші болмыстар – «жер тәндерінен» өзгеше жаратылысты «аспан денелері»,** әл-Фарабише айтқанда «қозғалыссыз жұлдыздар» сферасы. Олар – тоғыз. Барлық екінші себептер өз өмірінде субстанцияланады, сөйтіп тоғыз аспан сферасының: Бірінші Аспанның, қозғалыссыз аспан жұлдыздарының, Сатурнның, Юпитердің, Марстың, Күннің, Шолпанның, Меркурийдің, Айдың тіршілігін туындатады. Ай сферасының астында төменгі әлем орналасады. **Әл-Фараби екінші себептермен рухтарды, періштелерді және т.с. байланыстырады.**

Үшінші сатыда – әрекетшіл зерде. Бұл – ғарыштық зерде, оның қызметі «зерделі жануарға» қамқор болып, оны жетілген сатыға жеткізу.

Жан – төртінші сатыда, форма – бесінші

сатыда, материя – алтыншы сатыда. Соңғы үш себеп материалды дүниемен байланысқан. Ондағының барлығы материя және форма ұғымдары арқылы анықталады, мұнда әл-Фараби аристотельдік түсінікке сүйенеді. Әл-Фарабидің жаратылыстанулық көзқарасы мен жан туралы ілімі ғарыштың осы сатыларын ашуда неғұрлым айқын көрініс тапты. Қарастырылған себептердің үшеуі *«денелер болып табылмайды және денелерде /болмайды/:* бұл *Алғашқы Себеп, Екінші себептер және әрекетшіл зерде. /Басқа/ үшеуі денелерде болады, бірақ өздері денелер болып табылмайды: ол жан, форма, материя»* [2, 47-б.].

Әл-Фараби бойынша денелер өз кезегінде «алты түрге» бөлінеді: аспан денелері, зерделі жануарлар, зердесіз жануарлар, өсімдіктер, минералдар, төрт элемент. **Денелердің осы алты түрінен тұратын жиынтықты дүние деп тұжырымдайды ойшыл.** Әл-Фарабидің ұсынған осындай әлем кескіні жаратылған дүниенің, тәндік әлемнің, сезіммен қабылданатын әлемнің терең онтологиясын бейнелеуге деген талпыныс еді. Олар Алғашқы Себептің туындылары ретінде Екінші себептен және әрекетшіл зердеден тәуелді сатыларға бөлінгеніне қарамастан дүние біртұтас, өйткені біртұтастық Қажетті болмыстың құйылуы болып табылады.

Адам ай асты әлеміндегі сатылардың ең жоғарғысында тұр. Егер ай асты әлеміндегі барлық нәрселер басқалар үшін өмір сүрсе, әл-Фараби айтқандай, «құрал» немесе «көмекші» болса және олардың барлығының болмысының мақсаты «ақырғы жетілгендікке» жету болса, онда **адам – өзіндік құндылық.** Әл-Фарабидің өзі жазғандай, мүмкін мәндер тегі арасында адамзат тегінен асқан тек болмағандықтан, зерденің арқасында адам өзінен басқа үшін құрал да, қару да болып табылмайды. Адамның құндылығын мойындау – басты негіздемелердің бірі. Соны басшылыққа ала отырып, әл-Фараби гуманистік мұраттарды жариялады.

Бұлардан шығатын қорытынды: әл-Фараби дүниетанымының басты сипатының бірі – адам мәселесі. Адам – ғұлама ойшыл дүниетанымының өзегі. Ол аспан сферасы мен жер бетін түйістіруші нысана секілді. Ортағасырлық философиядағы адам орнының анықталуы Құдай мен адам ара қатынасының күрделілігіне әкеліп тіреледі [3, 352-б.].

«Құран Кәрімде» адам Құдайдың жаратылысы ретінде Оған түгелдей тәуелді, барлық іс-әрекеттерінде Оның нұсқауымен жүреді. Әл-Фараби бұл мәселені философиялық тұрғыдан жіліктей талдайды. Ол Құдайдың адамды жаратқанын мойындай отырып, жаратылыс Ғалам жүйесінде адамның ақыл иесі ретінде тәуелсіздігін алға тартады. **Ақылдың пайда болуы белгілі бір басты себептен**

туындаса да, ақылдың дамуы адам атымен байланысты. Әл-Фарабидің аталмыш көзқарасы мутазаилиттердің осыған жақын тұжырымдарымен үндес келеді. Әл-Фараби антикалық ойдың жалпы формасын сақтай отырып, оны жаңа діни мағынамен толықтырды. Сондағы жаңашылдықтың мәні: **адам жер бетінде өткізетін жарық дүниесі кезеңінде барлық жақсылыққа ұмтылып, жетілудің, кемелдіктің шыңына жетуді мақсат етуге міндетті** [4, 132-б.].

Әл-Фарабидің философия мен дінді бір-бірін жоққа шығаратын емес, бір-бірін толықтырып тұратын ғылымдар ретінде қарастыруы – тың көзқарастардың бірі. Осы орайда философия болмыс мәнін ұғынудағы таңдаулы адамдардың құралы болса, қалың жұртшылық танымына тіл табатын тұс дін екенін әл-Фараби баса айтқан. Ойшылдың ақыл туралы тұжырымы – философияның ақиқатқа жетудегі басты әдісі. Философия мақсаты – шынайы ақиқат көкжиегіне жету болса, соңғысы «тамаша көркемділік» орын алғанда ғана жүзеге асады. Кез келген жетілудің түрі философия ғылымын меңгеру барысында қалыптасады.

Әл-Фараби Ғаламның бірегей болмысын Құдай, адам, табиғат бірлігінен табады. Болмыс заттарының Бірінші Себептен бастама алып, бағыныстылық тәртіппен аспан сферасында жоғарыдан төмен бағытта жүреді. Аспан денелері, бейматериялы денелер арасынан ерекше сатыда тұратын әрекетшіл интеллект – ақылдың потенциалды күйінен актуалді күйге ауыстыратын басты күш. Ол адамға ғана қатысты қолданылады. Әл-Фараби дүние заттарының барлығының дерлік адам ақылымен пайымдалатынына кәміл сенеді.

Әл-Фарабидің философиялық ілімінің өзекті тұстары ойшылдың әлеуметтік-этикалық трактаттарында басым орында. Әлеуметтік таным сауалдары ерекше сипатқа ие. Айталық, философия пәні, мақсаты, мазмұны ойшылдың әлеуметтануының басты термині бақытқа жету деңгейімен бағамдалады. **Бақыт – адам болмысын аңғартатын басты ұғым.** Кемелділік, жетілушілік принциптері де бақытқа жету идеясымен ұштасады [5, 87-б.].

Әл-Фараби қарама-қайшылықтарға толы, шиеленістер жиі-жиі орын беріп тұратын қоғамда адам болмысының тұрақсыздығына, өтпелілігіне әрдайым көзі жетіп отырды. Ол неғұрлым өшпейтін, өлмейтін игілікке ұмтылды. Әл-Фараби адам болмысының мәңгілік бейнесін даналық көзінен, теориялық ізгіліктерден тапты. **Әл-Фарабидің әлеуметтік танымына тән тағы бір ерекшелік:** ойшылдың мұсылман дүниетанымының өкілі бола тұрып, «о дүние» емес «жер бетіндегі» өмірге көп көңіл бөлуі, яғни адамның әлеуметтік болмысын, этикалық ізгіліктері мен саяси қарым-қатынастарын жан-жақты зерттеуге талпынысы болатын. Адам өз болмысын өнегелілік заңдылықтарына сәйкес құруы тиіс. Ол өзі өмір сүрген ортаны, қоғамды қайырымдылық ұстанымдары негізінде рационалды дамытуға міндетті. Ол рухани тәрбиенің көмегімен идеалды қоғам құруға болатынына кәміл сенді. Әл-Фарабидің қайырымдылық категориясын ең қомақты трактатының атауына шығаруы – осының дәлелі.

«Тек тамаша көркемдікке жетуді мақсат ететін өнер философия деп немесе абсолюттік мағынада айтқанда, «даналық» деп аталады». Адам бақытқа тек көркемдікті меңгергеннен кейін ғана жетеді. Философия ғылымы болмайынша, дүние-ғаламның бағынысты үйлесімін, құрылысының сұлулығын түсінбейінше шын бақытқа жету мақсаты сағымға айналады. Қазақтың белгілі философы **А.Х.Қасымжанов әл-Фарабидің аталмыш көзқарасын жоғары бағалады:** *«Теориялық философияның курсың түгел өту адамға жоғары бақытқа жету үшін қажет. Бақыттың не екенін білмей тұрып, оған жету мүмкін емес, бақытты нақты және нақтылайтындай мақсат етіп, одан шеттемеу керек. Сондай-ақ бақытқа жету үшін не істеу керек екенін білу қажет. Бұған байланысты мәліметтер мен нұсқаулар практикалық философияда істелінеді»* [6, 3-б.].

Әл-Фараби философиясының ең жоғары категориясы бақыт – адамға басқа нәрсе үшін емес, тек өзі үшін керек болатын игілік. Жеке адамдарға қатысты айтылған бақыт дегеніміз, әл-Фараби пікірінше, адамның мінез-құлық көркемдігіне, адамгершілігіне негізделеді. Сондай-ақ адамды сұлуландырар қадір-қасиет – философиялық зеректік пен терең ақылдылық.

Шығыс кемеңгері «философияны үйренуден бұрын нені меңгеру қажеттігі» туралы трактатында әр түрлі пікірлерді айта келіп, этиканың қасиетін көре білген Теофрастың көзқарастарын келтіреді. *«... Теофрастың жолын ұстағандар этикадан бастау керек деп санайды, өйткені мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға да қолы жетпейді»*, – дейді [2].

Әл-Фараби шығармаларындағы негізгі идея – болмыс пен адамның үйлесімділікте болып, адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, құтты ету болды. Оған ерекше үңіліп, зер сала қарасақ, шығыс даналығының өзегі – кемел адам екендігін танимыз. **Кемел адам танымы кісі қайткен күнде де аты мен затына лайық қасиетті, ардақты болады деген ой толғайды.** Бұл Абай дүниетанымындағы адамның толыққанды тіршілігін танытатын ең негізгі қасиеті мен қуат көздері: ақыл, қайрат, жүрек, осы үш қасиетті бойына сіңірген адамның кемел адам болып саналатыны туралы идеямен үндес тұжырым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад.** Философские трактаты [Пер. с арабского]. – Алма-Ата, «Наука», 1970. – 430 с.
2. **Аль-Фараби, Абу Наср Мухаммад.** Социально-этические трактаты [Пер. с арабского]. – Алма-Ата, «Наука», 1973. – 430 с.
3. **Григорян С.Н.** Средневековая философия народов Ближнего и Среднего Востока. М.: Наука, 1966. – С. 81-84.
4. **Мец А.** Мусульманский Ренессанс. М.: Издательства «ВизМ», 1996. – С. 56.
5. **Игнатенко А.А.** В поисках счастья (Общественно-политические воззрения арабо-исламских философов средневековья). М.: Мысль, 1989. – С. 56.
6. **Қасымжанов А.Х.** Эстетические взгляды аль-Фараби. – Душанбе: Ирфон, 1990. – 142 с.

КОНЦЕПТ ШАКАРИМА О ПРАВОВОМ ПОЛОЖЕНИИ ЖЕНЩИН В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Раушан БАЛГОЗИНА,
доктор исторических наук, профессор
Казахстанско-Российского
медицинского университета

Шакарим Кудайбердиев – самобытная и незаурядная личность, неутомимый правозащитник, глашатай гуманизма и демократии. В своих многочисленных гражданских поэмах, исторических романах и политических трактатах он утверждал идеи социальной стабильности и справедливости.

Произведения Шакарима Кудайбердиева отражают всю сложность и противоречивость современной ему эпохи, а также иллюстрируют его политическое и национальное своеобразие. Социальная природа и правовое содержание наследия выдающегося казахского мыслителя определялись прежде всего особенностями общественно-политического развития Казахстана на рубеже XIX-XX столетий. В это время антифеодальная борьба приобрела отчетливую политическую направленность, правовую остроту и социальную значимость, мощный всенародный характер.

Шакарима Кудайбердиева отличали природная одаренность и целеустремленность. Самостоятельно и успешно овладел арабским, персидским, турецким и русским языками. Своими глубококомысленными сочинениями он обратил на себя внимание общественности.

Социальные произведения и статьи мыслителя-гуманиста печатались на страницах просветительских изданий Казахстана. Периодическая печать явилась важным информативным источником, ибо в ней, как в зеркале, отражалась вся жизнь народных масс.

Первые газеты на казахском языке «Туркестан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» начали издаваться во второй половине XIX века и смело поднимали проблемы правового положения женщин в обществе до уровня серьезной социальной проблемы.

Прекрасно иллюстрированный ежемесячный журнал «Айқап» издавался с января 1911 года в г. Троицке, отличался разносторонностью взглядов, широтой интересов. В редакции тесно сотрудничали историки, педагоги, литераторы, поэты, смело высказывавшие свои взгляды по самым злободневным вопросам общественной жизни Казахстана.

Редакционная коллегия ратовала за оседлость кочевых племен, изобличала феодальные нравы, последовательно выступала за эмансипацию казахских женщин. Прогрессивные позиции журнала в значительной мере определялись политической позицией и правовыми воззрениями редактора Мухамеджана Сералина, секретарей Султанмахмута Торайгырова и Акрама Галимова. Всего вышло 88 номеров, издание журнала прекратилось в 1915 году из-за нехватки средств.

Национальная интеллигенция глубоко осознала насущную необходимость просвещения народных масс, исключительно большую роль отводила в этом трудном и благородном деле прессе. В 1910 году Алихан Букейханов писал: «На киргизском языке пока нет ни одной газеты, точно также, киргизы не располагают до сих пор своей типографией. Мысль о том и другом возникла в киргизской степи в счастливые дни свободы, но не осуществилась» [1, 75-б.].

2 февраля 1913 года в г. Троицке Оренбургской губернии в типографии «Каримова-Хусаинова» вышел первый номер газеты «Қазақ». Тираж ее издания сразу составил 30707 экземпляров, издателем газеты был Мустафа Оразаев, редактором – Ахмет Байтурсынов. Редакция установила тесные контакты с городами России, Китая, Турции, Западной Европы. Всего вышло 265 экземпляров газеты «Қазақ».

Идеологами движения за национальное освобождение и возрождение казахского народа по праву считаются Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов, Мыржақып Дулатов, Магжан Жумабаев, Шакарим Кудайбердиев. Именно они стояли у истоков крупного явления в политической истории Казахстана, известного как движение «Алаш». В самом названии сокрыты глубокие, уходящие в далекие тысячелетия, основополагающие исторические, этнические и социальные корни казахского народа.

Шакарим устремлялся в самые глубины казахской действительности, что обогащало его творчество. Великий мыслитель вершиной философской, политической, правовой и социальной категорий, высшим критерием всего существенного, основополагающим мерилем всех явлений жизни считал «Справедливость». В XIX веке термин «справедливый» означал «передовой», «прогрессивный».

Шакарим превратил «справедливость» в остро отточенный меч, которым он сокрушал устои патриархального общества. Его социальный гнев был направлен против мрака невежества и предвзятости. Социальный мыслитель неоднократно подчеркивал политическую и правовую назидательность истории. На конкретном материале национальной истории он раскрывал правовое положение женщин в казахском обществе. Серьезным вкладом в историю политической и правовой мысли Шакарима стали поэмы «Қалқаман-Мамыр» и «Еңлік-Кебек».

В казахском обществе на рубеже XIX-XX столетий вопрос об эмансипации женщин яв-

лялся исключительно актуальным. По данным переписи 1897 года население Казахстана составляло 3845217 человек, в том числе 1796511 женщин (47 %). В среднем па 100 мужчин приходилось 85 женщин. В конце XIX века Шакарим написал поэму «Қалқаман-Мамыр», повествующую о реальных событиях в казахском обществе в первой четверти XVIII века. Исторические факты и политические события в оценке мыслителя получили объективную оценку. Гуманист Ш. Кудайбердиев не приукрашивал казахскую действительность; он в стройной художественной форме проиллюстрировал ее закономерное течение.

Выходцы из одного рода Қалқаман и Мамыр полюбили друг друга и решили соединить свои судьбы. За своевольное нарушение вековых устоев суд биев приговорил их к казни.

У казахов длительное время запрещались браки между сородичами, правомными считались браки только между лицами, не имеющими кровного родства до седьмого колена. Самым главным свадебным подарком считался список предков, начиная с седьмого колена до имени младшего мальчкана конкретный момент. Получение такого списка являлось большим почетом для невесты, ее детям будут известны родственники по материнской линии.

В 20-е годы XIX века в выборе жен выдерживались самые отдаленные линии родства, брать жену из одного родового подразделения строго запрещалось. К примеру, казахи Семипалатинской области в конце XIX века стремились выбрать невесту из другой волости, другого рода, верст за 700 и более. С течением времени в казахском обществе наметилось смягчение экзогамных запретов, в 80-х годах XIX века запрещались браки между восходящими и нисходящими по прямой линии, в боковых же линиях - до третьей степени, включительно.

Мыслитель-демократ был ярым противником внутривидовых и межродовых распрей. Он выступал поборником свободомыслия. Шакарим открыто выразил не просто симпатию, а поддержал правомность гражданской позиции Мамыр, отметил незыблемость права казахской женщины защищать неприкосновенность своих чувств и своего выбора. Так, Мамыр смело заявляет [2, 153-б.]:

*- Әй, Қалқаман, теңі жоқ Құдай – жалғыз,
Мұқтаж емес жолдасқа, тіпті армансыз.
Адамзатқа көмексіз, махаббатсыз
Өмір қызық дегенді естен қалғыз!*

*Жоқ болса махаббатты бір сүйгенің,
Ойлашы, керегі не дүниенің?
Сүйсін, жолдас болсын деп жаратты Алла,
Бұл туралы білгенім осы менің.*

Шакарим стремился осмыслить судьбы человечества и отдельной личности. Он призывал казахских женщин бороться за свои гражданские права. Поэма «Қалқаман-Мамыр» вызвала огромный резонанс. Алихан Букейханов в своей рецензии, опубликованной в газете «Қазақ», отмечал, что в казахском обществе в начале XIX века женщины не могут выйти замуж по своему выбору.

Великий мыслитель с огромной идейно-художественной силой и глубиной поставил важнейшие социально-политические и правовые проблемы казахской действительности. Он был убежденным сторонником эмансипации женщин. Поэма «Қалқаман-Мамыр» – грандиозный синтез прошлого, настоящего и будущего казахских женщин.

Шакарим соблюдал историческую достоверность. Он старался показать характеры и ситуации, соответствующими изображаемой эпохе. Особенно его привлекали события, оставившие глубокий след в жизни казахского народа. В этом отношении примечательна поэма «Еңлік-Кебек», в основе которой лежат реальные факты из истории казахского общества второй половины XVIII века.

Родители просватали свою дочь Еңлік за пожилого представителя богатого рода керей и получили большую часть калыма. В казахском обществе широко практиковалась уплата калыма за невесту, размеры которого зависели от знатности рождающихся между собой семей. Султаны платили в калым 57 голов скота, богатые – 47, середяки – 37 голов скота.

Еңлік заявляет свой гражданский протест, защищает свое право совершить выбор спутника жизни, которого сама должна признать равным себе. Шакарим представляет Еңлік социально активной, осознающей и отстаивающей свое право на выбор и счастье [3, 176,177-б.]:

*Көп жігіт жүр сырымнан қылып кеңес,
Мен ұнатсам алмаймын сені демес,
Солардың біреуімен кетер едім,
Байқаймын, бәрі менің теңім емес.*

*Мен татысам, жігітсің маған татыр,
Міне, осындай ішімде қайғым жатыр,
Ойнас емес, өмірлік жолдасым деп,
Беремісің уәденді, Кебек батыр.*

Поэма «Еңлік-Кебек» отражает демократические принципы и правовые убеждения Шакарима. Казахский мыслитель в своем обращении к истории выбирал наиболее характерные факты, которые затем смело поднимал до высоты политического и правового обобщения.

Искренние, естественные чувства Мамыр и Еңлік противостоят патриархально-родовым нравам. В своих поэмах Шакарим заявил решительный протест против социального неравенства, остро поставил вопрос о правовом положении женщин в казахском обществе. Богатое наследие Шакарима Кудайбердиева раскрывается сегодня во всей глубине. Его идеи и мысли во многом обращены в будущее. Многогранное его творчество выступало неотъемлемой частью народного правосознания.

ЛИТЕРАТУРА

1. **Бөкейхан Ә.** Таңдамалы (избранное).- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.- 75-б.
2. **Шәкерім.** Өлеңдер мен поэмалар.- Алматы: "Жалын", 1988.- 153-б.
3. Там же,- 176,177-бб.

МЕНТАЛЬНАЯ-ДУХОВНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ КАЗАХОВ

Кайни КОТОШЕВА,
доктор философских наук, профессор
Казахстанско-Российского медицинского университета

По мнению великого казахского поэта Абая Кунанбаева, у казахов есть своя ментальная особенность: **казах дверь в мир открывает с песней, она является вечным спутником его жизни. Горе и радость, все, что происходит в жизни, он изливает в песне.** В них слышится голос народа, зов времени.

Поэт образно описал это следующим образом:

*Двери в мир открыла песня для тебя
Песня провожает в землю прах, скорбя.
Песня – вечный спутник радостей земли.
Так внимай ей чутко и ценя, любя! [1].*

Ментальное своеобразие казахов как этноса выражено в этническом самосознании, которое представляет собой погружение этноса в свою духовную сущность. Этнос, познавая себя через этническое самосознание, является субъектом познания. Этническое самосознание казахов – есть духовное самоутверждение этноса как реального субъекта социального развития. Казахский этнос – это этнос со сформировавшимся самосознанием, уже ставший субъектом социального развития. Для осознания себя этносом казахам важны не только единство культурного пространства, а в большей мере преемственность культурного наследия народа, способность этноса к саморазвитию.

Таким образом, казахский этнос как субъект познания осознает себя этносом и это способствует его саморазвитию.

Получение Независимости Республики и есть подтверждение целостности казахского этноса, что отражается в своеобразии казахского языка, территориальной целостности, материальной и духовной культуры, этнического самосознания, своеобразии мировосприятия, в особенностях религиозного мировоззрения и формировании казахской цивилизации. Понимание цивилизации по отношению к казахскому этносу носит дискуссионный характер. Однако, если исходить из целостности казахского этноса, то исследование необходимо проводить с древнейших времен и до современности.

Казахи как одна из самостоятельных этнических общностей имеют свою многогранную историю. Высшие материальные и духовные ценности культуры казахского этноса формировались веками, которые сохранялись через структуру обычаев и традиций, которые, с одной стороны, закрепляют уже пережитое казахами в ходе исторического развития, а с другой – направлены на фиксирование этих переживаний в этническом характере, на формировании определенной личности, которая в той или иной мере является представителем данного этноса. Ментальные особенности разных этносов определяются их генетическими качествами.

Так, менталитетом казахской нации является её открытость, дружелюбие, гостеприимство, незлопамятность и т.д. *«Генетическими чертами казахского народа, – отмечает в выступлениях Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев, – является открытость и доброта души, готовность обогреть, поделиться тем, что имеет, с нуждающимися. Никому и никогда он не испытывал и*

не проявлял чувства неприязни или превосходства, никогда не служил источником межнациональных конфликтов».

Каждый человек, к какой бы нации или народности он не принадлежал, должен обладать такими общечеловеческими качествами, **как совесть, чувство долга, справедливость, доброта, милосердие, честность и т.д.** Эти положительные черты составляют основу жизнедеятельности всего человечества, в том числе и в традиционной казахской культуре.

Итак, традиционная культура казахов сохраняется на подсознательном уровне развития казахского этноса и передается из поколения в поколение через обычаи и традиции, характеризующиеся духовной сущностью казахского этноса.

Если обратить внимание на такую особенность, казахи по любому поводу искусно украшают свою речь меткими пословицами и поговорками, они поражают человека своим глубинным смыслом, образностью, игрой слов, мудростью: *«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» – «Нет земли лучше Родины, нет людей лучше, чем на Родине.»*, *«Өзін өзі білген ер бақытты, өзін өзі билеген ел бақытты» – «Счастлив жигит, цену себе знающий, счастлив народ, сам собой правящий»*, *«Берекені көктен тілеме, бірлігі мол көптен тіле» – «Не ищи благодати на небе, ищи ее в единстве народа».*

Ярко расцвету духовная жизнь Казахстана и Средней Азии достигла в период мусульманского ренессанса, особенно в области музыки, превосходящая в течение длительного времени уровень западноевропейской. Это время выдвигает таких научных, музыкальных теоретиков, как аль-Фараби, Ибн-Сина, Сафи-эд-Дин, Абу-ал-Кадир, Абдурахман Джами. *«Близость протоказахов к реалиям бытия, чувственная сопричастность к наблюдаемому миру, укоренность в этом бытии выразились в понимании времени, пространства, внутреннего мира человека, иных миров существования, смысла бытия, нравственных устоев. Все это имеет корни в реальном бытии, отсюда протекает национальный образ мира, мировоззрение, которое нельзя спутать ни с одним другим мировоззрением»* как отмечал Орынбеков М.С. в работе: *«Духовные основы консолидации казахов» [2].*

Наличие самосознания и самоназвания также является отличительной чертой этноса, так как пока тот или иной народ не осознает себя как этнос и не отделяет себя от других самоназванием, он не может сформироваться как этнос.

В действительности казахи, обладающие общностью культуры, выступают как единый этнос, так как его представители осознают эту общность, считая ее выражением общности исторических судеб, в том числе, как правило, общности происхождения фактической или иллюзорной – это уже особый вопрос. **Не случайно этнос существует лишь до тех пор, пока у его членов сохраняется сознание общности.**

Одним из важнейших компонентов этнического

сознания казахов является этническое самосознание, которое, отражает этнические отношения, конечно, всецело зависит от экономических отношений общества. Этническое, национальное самосознание казахов, прежде всего, фиксирует возможными способами принадлежность людей к казахскому этносу.

Пока у людей, входящих в казахский этнос, сохраняются этнические черты и самосознание, они продолжают существовать. Специфическая особенность этнического сознания по содержанию состоит в осознании объективной реальности самого этноса и его коренных интересов, осознании взаимоотношений людей внутри своего этноса и вне его.

Именно появление отчетливого этнического самосознания казахов, одним из проявлений которого является возникновение общего самосознания, самоназвания и являются свидетельством завершения процесса этногенеза.

Было бы явным упрощением сводить сущность казахского этноса к самосознанию его представителей, ограничивающему данный этнос от всех других подобных общностей, за этим самосознанием казахов стоят реально существующие ментальные отличия казахского этноса, представляющие собой выражение его определенной внутренней целостности.

Рассматривая этническое сознание, необходимо учитывать, что оно является отражением всего процесса жизнедеятельности этноса и проявляется во всей культуре этноса. Под культурой казахского этноса понимается вся совокупность культурного достояния, присущая данному этносу в лице его отдельных представителей, локальных групп и т.п.

Казахский этнос выступает как субъект, с присущим ему этническим самосознанием (т.е. переживанием собственного «мы» - «они») постольку, поскольку он в определенной мере овладел созданным этносом материальной и духовной культурой: орудиями предметно-практической деятельности, этническими формами языка, логическими категориями, нормами нравственных и этнических оценок и т.д. Поскольку носителем языка, логических категорий является казахский этнос как субъект, постольку можно говорить о сознательном воспроизведении целостности казахского этноса как объекта этнического самосознания.

В этом вопросе диалектика субъекта и объекта казахского этноса такова, что этническое самосознание может осуществляться лишь в форме сознания им своего места в мире этносов объектов (природных биологических и социальных), переживания казахским этносом себя как «мы – они», возможность отнестись к своему этносу с помощью «другого этноса». Казахский этнос как субъект познает самого себя, причем процесс самопознания бесконечен, т.к. постижение этносом как субъектом форм своей жизнедеятельности сопровождается постоянным творчеством новых форм.

Дело в том, что казахский этнос как объект бесконечно сложен в своих внутренних связях и опосредствованиях. При этом любой акт познания казахского этноса связан с переосмыслением места и роли казахского этноса как субъекта. Этнос не пассивный продукт внешне данных ему объективных обстоятельств, а творец собственной истории этноса. Подлинным субъектом казахского этноса является этническое самосознание, творящее и

преобразующее мир этнической культуры и социальное бытие в целом.

В период крупных поворотов в истории казахов субъективные факторы приобретают решающее значение в преобразовании этнических отношений, если его действие закономерно обусловлено развитием объективных условий этноса, этническим самосознанием, «волей», «духом» казахского этноса.

Субъективные факторы казахского этноса обладают сложной структурой, отдельные элементы которой развиваются неравномерно. Это в значительной мере зависит от неравномерности и противоречивости развития объективных этнических условий. Этнос казахов представляет собой определенную культурную целостность, многие составляющие которой, как правило, в той или иной степени обнаруживают устойчивые отличительные черты.

Поэтому казахский этнос представляет собой только такую культурную общность людей, которая осознает себя как таковую, отличая себя от других аналогичных тюркоязычных общностей. Это осознание членами этноса своего группового единства принято именовать этническим самосознанием казахов, внешним выражением которого является общее самоназвание - казахи. За этим самосознанием стоят реально существующие ментальные отличия казахского этноса, представляющие собой выражение его определенной внутренней целостности.

Это этническое самосознание отражено в общем названии – казахи. Оно стало использоваться с середины XV века, т.е. со времени формирования Казахского ханства.

М.Ауэзов в работе «Времен связующая нить» пишет: *«Кочевник склонен видеть в себе и повсюду в окружающем мире проявление единого животворящего начала, наделяющего все, что бы оно ни выливалось, завершенной цельностью. Это первоначало существует для него как космический идеал (Дүние, Дарига, Жалған, Заман, все эти обозначения космического пространства и времени прочно вошли в поэтический обиход казахов) и в то же время постоянно присутствует в любой единичности, является ее достоянием. Личность соотносит себя непосредственно со Вселенной, в земном пространстве она независима и беспредельно могущественна»* [3].

Таким образом, признание доминирующего положения социального в этносе дает возможность показать, что казахский язык выражает целостность этноса, является не только условием формирования, но нередко и итогом этногенеза казахского этноса. Кочевой образ жизни казахов отразился в формировании ментальной духовной культуры, устного народного творчества, которые передавались из уста в уста через казахские пословицы, поговорки, легенды, эпосы, сказки, сказания. Старинные легенды посвящались темам защиты Родины, проблемам жизни человека, любви как основного смысла жизни человека на Земле.

ЛИТЕРАТУРА

1. **Кунанбаев Абай.** Если умер близкий-скорбен человек // Собр. соч.: В 2 т. – М., 1954. – Т. 1. – С. 88.
2. **Орынбеков М.С.** в работе: «Духовные основы консолидации казахов». – Алматы, 2001. – 270 с.
3. **М.Ауэзов.** «Времен связующая нить». – Алма-

«БАТЫР» СӨЗІ ЖӘНЕ МАҒЫНАСЫ

туралы зерттеулер

Диана ҚҰНДЫЗБАЙ,
Қазақстан-Ресей медициналық университетінің
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық
пәндер кафедрасының оқытушысы

Батырлардың ерекше әлеуметтік жік ретіндегі басты ерекшелігі – олардың тек қана әскери кәсіппен айналысуында. Бұл туралы құнды мәліметтер эпостарда, тарихи жырларда, жыраулар поэзиясында, батырлық ертегілерде және т.б. ауыз әдебиеті деректерінде тамаша көрініс тапқан. Батырлар жырында елін сыртқы жаудан қорғау идеясы бейнеленіп қоймайды, сонымен бірге халықтың дүниетанымы, өзі туралы ұғым-түсінігі, моральдық-этикалық ұстанымдары, қаһармандық идеалы, салт-санасы, өмірді өзіндік қабылдау ерекшелігі, т.б. этникалық сипаттары бейнеленеді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың ерекше әлеуметтік топ ретінде өзіндік идеологиясы, қоғамдық функциясына, қызметіне байланысты тек өздеріне тән өмір сүру салты, жауынгерлік салт-дәстүрі, басқа әлеуметтік жіктермен ара қатынасын реттейтін әлеуметтік нормалары, этикасы және т.б. «сословиелік» ерекшеліктері қалыптасты.

Қазіргі кезде «батыр» сөзінің этимологиясы туралы нақты ғылыми дәлелденген ортақ пікір жоқ. Бірақ бұл сөздің бір ерекшелігі қандай тіл құрамында қолданылмасын барлық тілдердегі ұғымы бір. Сонымен бірге «батыр» сөзі Қиыр Шығыстағы алтай тіл семьясына жататын халықтардан бастап, батысында Шығыс Европадағы славян тілдес халықтарда, солтүстігінде фин-угор тіл семьясына жататын халықтарды, ал оңтүстікте Солтүстік Кавказ халықтары арасында кең тараған сөз болды. Бұл феноменнің басты себебі көшпелі дүниенің қозғалысқа түсуіне байланысты жаңа әлеуметтік топ «батырлардың» қалыптасуы болды.

Қазіргі кезеңдегі тарихи зерттеулерге талдау жасай отырып, «батыр» сөзінің этимологиясына байланысты зерттеулерді үш топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа «батыр» сөзі көне түркі тілінде қалыптасқан ұғым деген пікірді қолдаушыларды жатқызуға болады.

1891 жылы жарық көрген энциклопедиялық сөздікте «богатырь» – түрік сөзі. Бахатур, багадур, батур, батырь, батор деген әр түрлі формада қолданылған және ол багатырь сөзінің ең алғаш Серницкийдің 1585 жылғы кітабында кездеседі дегенді атап көрсеткен [1, 18-б.].

Профессор И.Е.Андреевскийдің энциклопедиялық сөздігінде «батыр» сөзінің ешқандай да орыстық тамыры жоқ, ол алғашқы кезде татарлардың әскербасы титулы ретінде қолданылғанын және батырлардың тек татарлар заманынан бастап пайда болды деген пікірден аулақ екенін айта келіп, татарлар кезеңіне дейін бұл сөздің синонимдері храбрь сияқты сөздердің пайдаланылғанын айтады [1, 18-б.]. Ал М.Фасмер сөздігінде «батыр» сөзінің орталық Волга жерінде артель старшинасы, жүкшісі деп қолданылғаны туралы айта келе Соболевскийге сілтеме жасай отырып, бұл сөз түріктің «батыр» сөзінен шыққан дейді. Ол «ержүрек, күшті, шаба алатын адам» орыстың «богатырымен» ұқсас деп есептейді. Семантикалық тұрғыдан атаман сөзімен салыстыруға болатындығын атап өтеді [1, 18-б.].

Бірқатар зерттеушілер «батыр» сөзі түрік халықтарының арасында VI ғасырдан кеңінен таралып, IX-X ғасырларда Еділ (Волга) бойындағы түркі тілдес бұлғарлар мен хазарлар арқылы тараған деп есептейді. Мысалы, белгілі түркітанушы С.Г.Кляшторный «багатур» (дұрысы – «баһадур») термин-титуды көне түркілер арасында VI ғасырдан тарай бастады деп есептесе [2, 113-б.], Минорский X ғасырда хазарлар арасында кеңінен тараған «багатар» титулын Аланияның билеуші топтары қолдана бастады. Бұл сөздің «багаир» түрінде аландар арасында кеңінен тарағанын Ибн Руст жазып кетсе, ал грузин хроникаларында да осы ұғым кездеседі деп жазды. В.Б.Пфафф: «осетин княздарында татарлардың құрметті «Багатар» титулы VII ғасырда хазарлармен араласудың нәтижесінде пайда болды», – деп жазса, ал В.Ф.Миллер: «түрік сөздері, соның ішінде Багатар сөзі де, осетин тіліне XIII ғасырдағы татарлардың Солтүстік Кавказды бағындырған кезіне дейін енген сияқты. Бахатур сөзі қыпшақтарда болған сияқты», – деп жазды. Г.Моравчик б.э. I мыңжылдығының екінші жартысында түркі тайпаларында кеңінен тарады, соның ішінде бұлғар ақсүйектері IX-X ғасырларда қабылдады деп есептесе, ал Артомонов осы кезеңде хазарларда да тарады деп жазды [1, 19-б.].

Қазақстандық белгілі зерттеуші И.Ерофеева: «тюрко-монгольское слово «батыр», «багатур», «бахадур» первоначально означало храбреца, вызывающего врага перед битвой на противоборство. В этой транскрипции оно еще в XIV в. проникло в русский язык, потеснив более ранний, автахтонный термин южнославянской книжности «храбр», т.е. «воитель». Наряду с русской калькой данного термина - «богатырь» - в Московском государстве конце XV-первой трети XVI в для обозначения иноземных храбрых воинов уже использовался собственно тюркоязычный термин «батыр», подтверждением чему могут служить отдельные замечания небезызвестного автора «Записок о Московии», германского посла Сигизмунда Герберштейна (1486-1566), впервые услышавшего это наименование от русских людей», – деп тұжырым жасайды [3, 33-б.].

Сондай-ақ «батыр» сөзінің моңғолдарға дейін де болғандығы туралы патша әскерінің генерал-лейтенанты, әскери-оқу комитетінің бас штаб мүшесі болған М.Иванин еңбектерінде: «... из оставшихся сведений видно, что отец и дед Темудзина был храбрыми воинами, грабили Китай и за свои военные подвиги получили название батырей (багату или багадур), т.е. выражая по нашему, богатырей или степных героев» [4, 36-б.], – деген деректер келтіріледі.

«Батыр» немесе «багатур» сөзі орыс жылнамаларында тек моңғол-татар кезеңінде пайда болғанымен белгілі ақын, зерттеуші Олжас Сүлейменов «АЗИЯ» атты еңбегінде: «Игорь полкы туралы» жырдағы «бойтур» сөзін «батыр» сөзімен байланыстырады. Ол батыр сөзінің – буйтур, батыр,

батур, боотур, богатырь делініп пайдаланылғанын мұндағы буйтур сөзінде буй – тағы, жабайы дегенді білдірсе, тур – өгіз, бұқа деген мағынада айтылады, осы екі сөз қосылып айбынды, күшті, өгіздей күшті дегенді білдірсе керек», – деген болжамдар жасап өтеді [5, 51-б.]. **О.Сүлейменовтың бұл пікірлері кей жағдайларда VII-VIII ғасырлардағы оғыз батырлар жыры туралы баяндалатын Қорқыт ата кітабындағы «Дерсе хан ұғлы Бұқаш хан туралы» жырымен түйіндес болып келеді. Бұл жырда басты кейіпкер Дерсе ханның құдайдан сұрап алған жалғыз ұлы күшті бұқамен айқасып, жеңіске жетіп, осыған орай оның азан шақырылып қойылған аты өзгертіліп, бұқаны жеңген айбатының құрметіне Бұқаш деп өзгертілгені бізге жыр жолдарынан белгілі» [6, 11-б.].**

Зерттеушілердің екінші бір тобы «батыр» сөзінің түп төркіні көне арийлерден басталады деп есептейді. Мысалы, О.Ф.Миллер «багадур» сөзі татар сөзі емес, санскриттік «bagadhara», яғни «бақыт иесі, жолы болғыш» дегенді білдіреді, ал орыстың богатырь сөзі праарийлік бастауға тән деген пікір ұстанады [1, 19-б.].

Ал енді зерттеушілердің үшінші тобы – «батыр» сөзінің бастауын моңғол тілінен іздейді. Мысалы, В.В.Радлов «батыр» сөзін моңғол тіліне жатқызады. Сондай-ақ Б.Я.Владимирцев «батыр» лауазымының моңғол дәуірінде де болғанын және оның кейбір кірме сөздермен ауысып, «тайшы», «бұйрық», «ноян», «тегін» аталғанын айтады [1, 20-б.].

«Батыр» сөзі көнеарийлік немесе моңғол тілінен шықты деп дәлелдеп жүрген зерттеушілердің басым бөлігі көне руникалық жазулар мен түркі дәуіріндегі жазба деректерде «батыр» сөзінің болмауын алға тартады. Осыған байланысты ерте түркі дәуірінде «батыр» сөзінің орнына «ер» сөзінің кең қолданылғанын айтып өткіміз келеді. Мысалы, Р.С.Липец Күлтегіннің Үлкен және кіші жазбасының өн бойында кездесетін эпосқа тән баяндау тәсілдерін талдай келе, ескерткіштің лексикасы да эпосқа тән екендігін алға тартады [7, 84-б.].

Ал енді «батыр» сөзінің этнониміне келсек, онда зерттеушілердің басым бөлігі ортақ пікірде. Белгілі қазақ тарихын зерттеушілердің бірі М.В.Вяткин, «батыр» сөзінің екі түрлі нұсқасын ұсынған болатын: «бірінші нұсқасы бойынша «батыр» қара халық арасынан шыққан батыл, жауынгер, ер жүрек адамды айтса, екінші нұсқасында «батыр» деп ерекше жауынгерлік өнер иесін атайды [10, 108-б.], – дей келе, бұл сөздің түп-төркіні моңғолдың – «bagatur», орыстың – «богатырь» сөздерінің мағынасымен төркіндес келеді», – деп өз ойын жалғастырады [8, 109-б.].

М.Вяткин «батыр» сөзінің XVI ғасырға дейін де адамның есіміне қосылып айтылатын титул ретінде пайдаланып келе жатқанын, ал «бахадур», «багатур», ерекше батылдығы үшін кей жағдайда «толы батыр» яғни толық батыр деп те қолданылады және XV ғасырға дейін бұл титул «бек» деп аталып, моңғолдың ноян, араб-парсылардың әмір лауазымымен мағыналас болып, XV ғасырдан бастап оның би лауазымымен орайласқаны туралы тұжырым жасаған. Революцияға дейінгі кезеңдегі белгілі ғалым Л.Костенко өзінің зерттеуінде «батыр» сөзі түркі-моңғолдың «баһадур, ба, тур, багадур, бакхату» деген сөздерінен шыққан, негізгі мағынасы ер жүрек, қаһарман, батыл дегенді білдіретінін атап өтеді [1, 20-б.].

Ал әйгілі тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмаханов еңбектерінде «батыр» терминінің түріктің «бага-

дур», «бакхатур» деген сөздерінен шыққаны туралы айтылады. Ол тіпті сонау ықылым замандардан-ақ сыртқы жаудан қорғану үшін арнайы топтардың құрылғанына, оларды әскери қолбасшы басқарғанына тоқталады. Осындай топтардың ерекше көзге түскен қаһармандарын батыр деп атаған. Батыр сөзі қазақ және түркі тілдерінде де «күресуші, күшті, батыр, ержүрек» дегенді білдіреді деп тұжырымдайды. Зерттеуші Кенесары ханның жақын серігі Төлебай батырды жеке батырлық ерекшелігімен көзге түсуіне байланысты «Жеке батыр» атағаны туралы дерек келтіреді [9, 98-б.]. Е.Бекмаханов кейінгі кезеңдері руаралық қақтығыстар кезінде немесе барымтаға шығып көзге түскендерді де «батыр» атай бастағанын қынжыла жеткізеді. Батыр атағына кедей адамдар да қол жеткізе алған. Олардың қатарына Арғын Бұхарбай батыр, шұбыртпалы Ағыбай батырларды қосады [9, 99-б.].

«XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы тарихына қатысты материалдар» атты еңбек авторлары қазақтар өздерінің ерлігімен де, қуат-күшімен де бүкіл әлемге танылған халық дей келе, батырлықтың халық арасында ежелден бар екенін жазады [10, 28-б.]. «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» атты еңбек авторлары Р.Сыздықова мен М.Қойгелдиев «бахадур» тұлғасы екі мағынада: біріншісі – батыр, жүректі адам, екіншісі – сол батыр адамға берілетін атақты білдіреді. Бахадур сөзі моңғол билігі тұсында феодалдық қоғамдағы әскери иерархияның титулы болған, ал «бек» сөзі ханнан кейінгі билеушінің титулы деп жазады [11, 57-68-бб.].

Кеңестік дәуір кезеңіне тән көптеген сөздіктерде «батыр» терминінің мәні В.В.Радлов, М.П.Вяткин, Е.Бекмаханов пікірлерімен бір арнаға тоғысып жатады. Ол кездегі көптеген еңбектерде бұрынғы қалыптасқан ғылыми тұжырымдардың таптық жікке, «аға ұлттың» ыңғайына қарай бұрмаланғанын да ұмытпауымыз керек.

Сонымен батыр сөзінің мәні – ержүрек, батыл, әскери өнерді жетік меңгерген, ерлігімен аты шыққан деген мағына беретіндігіне көз жеткіземіз. Ал, батыр атағы тек қана адамның жеке, дара қасиеттеріне, яғни батыр сөзінің жоғарыдағы анықтамасына сәйкес келетін тұлғаға ғана берілетін атақ деген тұжырым жасаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Дауытбекова М.Қ.** «Қазақ қоғамындағы батырлар институты (XVIII-XIX ғ. алғашқы жартысы), тарих ғыл. Кан. дисс. Алматы, 2010. – 118 б.
2. **Кляшторный С.Г.** Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии /Отв. редактор А.Н.Кононов. – М.: Наука, 1964. – С. 214.
3. **Ерофеева И.В.** Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. – Алматы: Санат, 1999. – С.336.
4. **Иванин М.** О военном искусстве при Чингисхане и Тамерлане. Алматы: Санат, 1998. – С. 239.
5. **Сүлейменов О.** Азия. – Алматы, 1992. – С. 288.
6. **Қорқыт ата кітабы.** – Алматы: Жазушы, 1986. – 32-б.
7. **Липец Р.** Образы батыра и его коня в тюркомонгольском эпосе. – М.: Наука, 1984. – С. 264.
8. **Вяткин М.П.** Батыр Сырым. – М.Л.: Изд-во АН СССР, 1947. – С.390.
9. **Бекмаханов Е.Б.** Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында (оқу құралы). – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.
10. **Апполова Н.Г.** Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII в. – Алма-Ата: АН ССР, 1948. – С. 254.
11. **Сыздықов Р., Қойгелдиев М.** Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ уни-ті, 1991. – 271-б.

ДІН ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ

Ақтоты МҮЛКӘМАНОВА (Мулкеманова),
Қазақстан-Ресей медицина университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық
пәндер кафедрасының оқытушысы

Қазақстанның қазіргі саясаты рухани-адамгершілік құндылықтардың біртұтас жүйесі негізінде еліміздегі әр түрлі этностар мен діндер арасындағы сыйластық пен толеранттық, келісім мен достықты нығайтуға бағытталған. Бүгін көріп отырғанымыздай, діннің әсері қоғамды дамытудың ішкі үдерісінде нақты күшке айналууда. **Мұндай жағдайда жас ұрпақты жалпыадамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтар аясында тәрбиелеу, деструктивтік діни ағымдар мен қауіпті экстремистік топтардың ықпалынан қорғау – бүгінгі қоғам мен мемлекет, соның ішінде білім беру жүйесінің алдында тұрған ең маңызды міндет.** Бұл – еліміздегі дінаралық келісім және түсінікті сақтау, мемлекеттілікті нығайту және патриоттық сана-сезімді одан әрі дамытуды қамтамасыз ететін бірден-бір фактор.

Бүгінгі таңда дінтану пәні негізінен мектепте оқытылады. Жоғары оқу орындарының бағдарламасында ішінара таңдау пәні, кейде философия курсының ішінде қосымша тақырып ретінде болмаса, барлығына бірдей міндетті арнайы курс болып енген. Бұл қазіргі жастардың барлығының бірдей дін туралы ғылыми негізделген білім алып, дінге деген көзқарасын қалыптастыруына мүмкіндігінің жоқ екенін көрсетеді. **Ал дін – адам баласын ең жиі толғандыратын мәселелердің бірі. Адам дін жайында ешқашан да, ештеңені де білмей жүре алмайды.** Әсіресе, бүгінгідей ақпараттық кеңістіктің барынша ашылып, әлемдік деңгейде тұтастанған заманында діни танымның адамның қалыптасуына ешқандай қатысы жоқ болуы мүмкін емес немесе дін туралы ақпарат тарату былай тұрсын, уағыз айтуға да ешқандай хақысы жоқ, шала сауатты не арам пиялды топтар араласып кетуі әбден мүмкін.

Сондықтан **өскелең ұрпақтың дін туралы ғылыми негізделген білім алып, діни сана және діни таным, діни әрекет және діни құндылықтар жүйесімен танысуын қамтамасыз ету** – оған жауапты саналатын ҚМДБ, мешіт немесе басқа да діни орындардағы арнайы теолог мамандар мен дінтанушылардың ғана емес, еліміздегі орта және жоғары білім беру жүйесінің, әсіресе, гуманитарлық сала мамандарының алдында тұрған басты міндет деп білеміз. Себебі бүгінгі қоғамдағы жастар, сондай-ақ, әрбір адам осы орайда ең кем дегенде, жалпы *«Дін дегеніміз не?»*, *«діндердің шығуы, алғашқы діни наным-сенімдердің пайда болуы, олардың түрлері, ұлттық және әлемдік діндердің қалыптасуы, діннің қоғам өмірінде атқаратын рөлі»* сынды қарапайым сауалдарға байланысты деректерден хабардар болуы тиіс. **Әйтпесе жат діни ағымдар арбауына түскендердің санының арта берері сөзсіз, өйткені, мектеп бітіріп келген жастардың дінтану пәні бойынша білімдері өте төмен.** Көп жағдайда балалардың басым көпшілігі қай діннің қай ғасырда пайда болғанының өзін білмейді. Осы себепті бұл олқылықтардың орны жоғары оқу орындарының бастапқы курстарында жалпы білім беру пәндерін оқыту барысында міндетті түрде толықтырылуы қажет.

Осы тұрғыда Мұхтар Әуезовтің «Философия жайынан» мақаласына жүгінейік. Заңғар жазу-

шымыз дін мен философияның мақсатының ортақ екенін, бірақ оның философия мен дін бір деген сөз емес, дін адамның ақылына аз да болса қорек беріп, алдымен жүректі тәрбиелеп, мінезділікке үйретіп, еріктің күшін тәрбиелейтінін, сондықтан да діннің қамтитын аясының даналық жайлы ілім философиядан кең болатынын [1] жазғанындай, адамзат баласы үшін ең қастерлі құндылық діннің қоғам мен жеке адам өміріндегі маңыздылығын ерекше атап өткен абзал.

Адамзат үшін асыл құндылықтар қазір экстремизм, терроризм сияқты жан түршігерлік зұлымдықтармен қатар аталып, шын мәніндегі Құдайға, онымен байланысты барша ізгілік, адамгершілік, әділеттілік, махаббат сияқты ең ұлы құндылықтарға, идеяларға деген сенім бүгінде өрескел бұрмалануда. **Сондықтан да бүгінгі дін қоғамды біріктіруі тиіс құрылым емес, оны керісінше жіктеуге бағытталған әлдебір әрекет түрінде қабылдана бастады.**

Осыған байланысты, *«дін дегеніміз не?» «дінге деген сенімнің мәні неде?»* деген сауалдарға жауап бергенде, барша қарапайым адамдарға түсінікті тілде, практикалық даналық деуге болатын, өмірден алынған мысалдар арқылы мәселенің мәнін түсіндіретін дін өкілдері, теолог мамандардың дін туралы пікірлерімен бірге, **адамға әр нәрсенің өлшемін білуге үйрететін ғылыми теориялардың да аса маңызды екенін айтуымыз қажет.** Себебі ғылымдағы арнайы теория, концепция, ғылыми терминология деп аталатын тұжырымдамалар, түсініктер дегеніміз аттары ғана ресми, ғылыми формада болғанмен, шын мәнісінде олар да түсінген адамға дін мәселесіндегі біраз жайттарды қарапайым мысалдармен, өмірмен байланыстыра отырып жан-жақты түсіндіріп бере алады. Атап айтқанда, француз ойшылы Эмиль Дюркгейм, неміс әлеуметтанушысы Макс Вебер, британдық антрополог Бронислав Малиновскийдің діннің пайда болуы, қоғамдағы рөлі, әлеуметтік қызметі, діннің бүгінгі күнге дейін жоғалып кетпеуінің себебі туралы айтқан ойлары осыған дәлел бола алады.

Мысалы, француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм (1858-1917) дінді ең біріншіден, әлеуметтік құбылысқа жатқызады. Дінді әлеуметтік факт, әлеуметтік әрекет ретінде қарастырады, дін мен қоғам бір деп есептейді. Себебі, біріншіден, дін адамзат қоғамының пайда болуының бастауында тұр. Яғни алғашқы адамдар Құдайды да, қоғамды да бір деп түсінген. Сондықтан да діни наным-сенімдердің арқасында қауымдасып өмір сүруге бейімделген. Екіншіден, Дюркгеймнің пікірінше, адамдардың ең алғаш қауымдасып өмір сүре бастаған уақыттан бастап, әр түрлі діни жоралғылар орындалып, діни қатынастар қалыптаса бастаған. Яғни діни жоралғыларды орындау адамдарды белгілі бір сенім, діни әлеуметтік қатынастар төңірегіне топтастырып, қоғамның біртұтастығын қамтамасыз етуде интеграциялық қызмет атқарған [2, 186-б.]. Ол бүгінгі күннің өзінде осы қызметін, яғни қоғамды ұйыстырушы қызметін атқарады. Адамдар сол діни жоралғыларды орындау барысында бір-біріне деген ренішін, тіпті бақай есептің өзін былай қойып, қоғамға

топтасады. Себебі діннің өзінің тілі болады. Ол тіл қазақ, орыс тілі сияқты табиғи тіл де емес, немесе медицина, есеп, математика, техника тілі сияқты жасанды тіл де емес, ол діннің мифтер мен ритуалдардағы өзіндік рәміздік тілі. Бұл тіл арқылы адам ешнәрсенің атын атап, түрін түстеп жатпай-ақ, мәселенің мәнін ойша пайымдап, ішінен, жүрегімен түсіне алады. Дюркгеймнің діннің пайда болуы туралы айтқандары мұсылман дініндегі Алла Тағала мен адам баласының арасындағы байланыстың жүрек арқылы өтетіні туралы айтылатын ойлармен сәйкес келеді. Яғни Жаратушы адамды өз Тәңірін жүрегі арқылы сезініп, Оған деген сенімнің, жоғарыда айтқанымыздай ізгілікке, ақиқатқа, әділеттілікке, ең ұлы құндылықтарға деген сенім, Құдай дегеніміздің өзі осы ең ұлы құндылықтардың гаранты деген сеніммен өмір сүру. Эмиль Дюркгейм адамзат мәдениеті мен өркениетінің даму жолын зерделей келіп, осындай тұжырымға келген.

Ал неміс әлеуметтанушысы Макс Вебер (1864-1920) діни қатынастардың қалыптасуына ықпал ететін адамдарды «діни виртуоздар» дейді. Олар өзгелер үшін жай нәрсе болып табылатын заттар мен құбылыстардан Құдайды танып, діни қатынастардың пайда болуын жүзеге асырады [3]. Яғни пайғамбарлар, әулиелер дегеніміз – қиын-қыстау заманда халықтың өз арасынан шығып, елді алға сүйрейтін, ұлттың қиындыққа қарсы тұрар иммунитеті. Лев Гумилевтегі пассионар тұлғаларға ұқсас ерекше қасиеттерге ие. Қасым Аманжоловтың: «Екі көз екі жұлдыз маңдайдағы, Көруші ең құбылысты қай қайдағы...» дейтініндей, жіті байқағыштықпен кез келген құбылыстардан тосын ой түйетін, өзгелер тани алмағанды танып, басқалар көре алмағанды көретін қасиетке ие тұлғалар.

Британдық антрополог Бронислав Малиновскийдің (1884-1942) пікірінше, дін адамның өз күші сарқылған жерде іске қосылады. Түрлі қиындықтар мен сәтсіздіктерде магия мен сиқыр адам жеңілісін ақтап, сәтсіздіктердің әкелген ауыртпалығын жеңілдетеді. Малиновский діндердің бүгінге дейін жойылып кетпеуінің себебін дүниеде, өмірде қиындықтың, қайғы-қасіреттің бар екендігімен байланыстырады. Себебі өмір мен өлімге қатысты адамзатты көне дәуірлерден бері толғандырып келе жатқан көптеген сауалдарға әлі күнге дейін ешбір нанымды жауап табылған жоқ. Сондықтан осындай қиын-қыстау кезде адамға рухани тірек қажет [3]. Дін осы рухани тірек қызметін сан ғасырлар бойы атқарып келеді. Елімізде бұл қызметті Ислам дінінің атқарып келе жатқаны белгілі. Бұл дін мәселесінің өте нәзік те салмақты пайымды қажет ететін тереңдігін де көрсетеді. Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романында осы туралы өте жақсы айтылған. Шығармада Боранды Едіге өзінің өте жақсы көріп, құрметтейтін кісісі Қазанғап қария қайтыс болғанда оны мұсылман ғұрпымен жерлемекші болып «Найман-Ана» зиратын іздеп, ұзақ жол жүріп, бейітті тапқанда ол жердің әскери полигонға өтіп кеткенін біліп, кері қайтатын, қиналатын кезін жазушы керемет суреттеген. Қазанғаптың өз баласы қалада оқыған, ата салтты ұмытқан. Оған салса, елдің ата салт деп жүргені ескіліктің сарқыншағы ғана. Оның ойы ешбір салтты орындамай-ақ, әкесін тезірек жер қойнына тапсырып, қаласына кету. Осыны көріп түңілген **Едігенің ойын автор былай суреттеген:** «...Тіршіліктің басталуы бар да, аяқталуы бар. Туу бар, өлу бар. Бір-біріне қарсы, қайшы құбылыс. Адамзат санасын осы қайшылыққа амалсыз көн-

діретін бір Құдайдың әмірі. Құран дұғасы сол үшін ойлап табылған. ...Дүние дүние болғалы адам баласы өлімге қарсы бола тұра, амал жоқ, көніп келеді. Содан бері дұға да өзгермес, дұға сөзі: ей, адам, бекер ғайбаттанба, Құдайдың салғанына көн, деп жұбату айтады. Сондықтан да мыңдаған жылдар бойы саф алтындай сараланған дұға сөзі тірілерлердің өліге айтатын ең ақырғы сөздерінің ішіндегі ең соңғы сөзі. Салт солай» [4, 84-б.].

Бұл діннің дүние болмысы мен адам өмірінің мәнін түсінудегі рөлінің ерекше екендігін көрсетеді. Себебі дін дегеніміз – күнделікті қарапайым шындық дүниеден биік ерекше әлем. Басқаша айтқанда, сол идеалды әлемнің символдық моделі деуге болатын құрылым. Ол сонымен қатар, заманында білімнің де, ғылымның да, идеологияның да қызметін өзі атқарған әмбебап құрылым. Ортағасырлық араб-мұсылман философиясының тарихын зерттеуші, кеңестік ғалым Елена Фролова былай дейді: «Ислам діні алғашында білімнің жаңа формасы, ғылыми, философиялық ойдың қозғаушысы, тұтас идеология ретінде пайда болған. Кейіннен жергілікті халық менталитеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, т.б. ерекшеліктеріне байланысты түрлі секталардың пайда болуы, кезіндегі біртұтас ілім ретінде пайда болған Исламның өз ішінде жіктелуіне себепкер болған» [5, 13-б.]. Толық келіспесек те, шындықтың нышаны жоқ дей алмаймыз.

Дін ерте кезеңдерде қоғамдық сананың айрықша формасы ретінде өмір сүрсе, әлемдік діндердің ықпалы артқан орта ғасырларда мемлекеттік билікпен қатар, қоғамдық өмірдің барлық саласын қадағалап отыратын ықпалды институтқа айналды. Қоғамдағы адамның барша іс-әрекетін, мінез-құлқы, жүріс-тұрысын, не ішіп, не жеуіне дейін анықтап, ондағы тәрбие, білім беру, заң, экономика сияқты барлық салаларды реттеуге қатысты. Ал қазіргі заманда дін бұл ықпалынан айырылған. Бірақ ол сонда да өзінің қоғамдық санадағы орнын сақтап келеді. Себебі адамзат қоғамы бар, сол қоғамды құрайтын діни әлеуметтік топтар бар. Олардың әрқайсысының өзіне тән әлеуметтік мінез-құлқы діннің қоғамдағы орнын, оның қоғам дамуы мен өмір сүруіне әсерін сараптауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтсақ, адам баласының имандылыққа бет бұрып, ізгілікті, әділдікті, ақиқатты іздеп шыққан жолында жат діни ағымдардың арбауында кетпеуі үшін оған қашан да – ғылыми негізделген білім қажет және соның негізінде дүниеде деген өзіндік көзқарасы болуы керек. Ал ол өдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық философиямызды біліп, зайырлы білім мен шынайы ғылымнан тең сусындағанда ғана мүмкін болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Әуезов М.** Философия жайынан // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1997. – 81-б.
2. Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. / Пер. с англ., нем., фр. Сост. и общ. ред. А.Н.Красникова. – М.: Канон+, 1998. – 432 с.
3. **Гараджа В.** Социология религии. www.gumer.info/bogoslov_Buks/Relig/gar/
4. **Айтматов Ш.** Боранды бекет: Роман. Аударған Ш.Мұртаза. – Алматы: Жалын, 1986. – 304 б.
5. **Фролова Е.А.** История средневековой арабо-исламской философии. – М., 1995. – 175 с.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

Асан СҮЛЕЙМЕНОВ,
философия магистрі, Қазақстан-Ресей
медициналық университетінің аға оқытушысы

Көрнекті саясаткер, ғалым, публицист **Әлихан Бөкейхановтың (1866–1937) қоғамдық-саяси қызметі ерекше маңызға ие.** Ол қазақ жерін зерттеу барысында қазақтың экономикалық құрылымының, этнографиясының, тарихи мен мәдениетінің мәселерін тереңірек зерттеуге мүмкіндік алды. Сөйтіп Алаш көсемі Ресейдегі баспасөз беттерінде қазақ халқының тіл, сайлау, дін, бостандық мәселесін көтерді. ХХ ғасыр басында «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оны жалпы ұлттық деңгейге көтеруде зор еңбек сіңірді (1).

Ә.Бөкейханов энциклопедия шығарушы Ф.А.Брогауз және И.А.Ефронмен тығыз байланыста қызмет жасады. Ол «Қазіргі кездегі мемлекеттердің ұлттық қозғалысының түрлері» деген жинақта «Қырғыздар» (Қазақтар) атты мақала жазды. Онда қазақ халқының шығу тегіне, мемлекеттің қалыптасуы мен даму мәселелеріне терең талдау жасады. Сондай-ақ, қазақ халқының отаршылдық саясатқа деген көзқарасын, ұлт-азаттық күрестің бағытын ашып көрсетті. Ә.Бөкейханов – К.Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің тарихын зерттеп, абайтанудың негізін қалаған адам. Оның ғылыми публицистикасының басты тақырыптары: Қазақ жеріндегі патшалық Ресейдің аграрлық және қоныс аудару саясаты, қазақтардың мәдени, саяси және шаруашылық өмірі, қазақ халқының болашақтағы мемлекеттік құрылымы, мемлекеттіліктің теориялық және құқықтық жүйесі мәселелері.

«Алаш» партиясы негізін сәуір және мамыр айларында құрылған қазақ комитеттері құрды. Ал осы комитеттердің белсенділері – «Алаш» партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастайды. Мәселен, Ә.Бөкейхановтың тікелей ұйымдастырумен және басшылығымен шамамен 12–20 қазақ аралығында партияның облыстық ұйымдары алдымен Семейде, сонан соң Омбыда, ал 10 қарашада Орынборда ашылды. «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті Ә.Бөкейхановтың 8-10 қазанда болып өткен Сібір автономистер съезіне қатысып қайтқан сапарында құрылады. Ол қайтар жолында Семей қаласына тоқтап, 12-13 қазанда қала жұртшылығымен кездесулер өткізіп, баяндамалар жасады. Ал соңы Алаш партиясының 15 кісіден тұратын Уақытша комитетін құрумен аяқталды.

Комитеттің төрағасы болып Х.Ғаббасов, хатшысына С.Дүйсенбин, Ә.Молдабаев сайланды. Комитет мүшелері оған құрметті төраға етіп Ә.Бөкейхановты сайлады. «Қазақ» газеті өзінің 1917 жылғы 14 желтоқсандағы санында «Алаш» партиясының Орынборда Торғай облыстық комитетінің ашылғанын мәлімдейді. Комитетке мүшелікке Орынбор қаласында «*тұратын 10 қазақ, 4 уезден 4 қазақ, барлығы 14 адам*» сайланды. Комитеттің төрағасы болып Ә.Бөкейханов, төраға серігіне А.Байтұрсынов, хатшысына М.Дулатов, қазаншысына Ж.Жәнібеков сайланды. «Алаш» партиясының жарияланбағанымен, белгілі дәрежеде дайындалып қойған шартнамасы болған. Ол жөнінде партияның Семейдегі облыстық комитетінің құрылуына байланысты «**Қазақта жарияланған материалдан мынадай деректі оқимыз: «Алаш» партиясының толық шартнамасы Орынборда жасалатын болды, дайын болғанда жұртқа жария қылынады. Қазіргі шартты – комитеттің айтқанын екі қылмайтын, бұйырғанын дәл орындайтын «Алаш» партиясының жоспарын**

жақтырып, жөн көрген жоспардағы мәселелерді іске айландыру еді. «Алаш» жоспарынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шындықтан қайтпайтын, жақындық, туысқандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура кісі осы партияға кіреді. Алаш – Қазақ елінің мемлекет құру тәжірибесі мен мемлекетшілдік мүддесінің үзілген арқауы» (2).

Ахмет Байтұрсынұлы (1873–1937) – қазақ ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, көсемсөзші, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. А.Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұспа-тұс келді. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасын газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен «Дала ережесін» қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аударуын үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. А.Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 ж. жарық көрді. Бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің ауыр халін тұспалдап жеткізді. Халықтың саяси санасының оянуына ықпал етті. 1911 жылы «Масаның» негізгі идеясы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, еңбек етуге үндеу еді. Қазақ халқы үшін ең ауыр қасірет – отаршылдық езгісі А.Байтұрсынұлының шығармашылығының басты идеясы еді (3.167-б.).

Қазақ халқының басындағы ауыр жағдайы туралы «Қазақ» газеті ашына жазды. Сол тұста жайылымдар мен шабындықтар келімсектердің иелігіне өтіп, егін егілетін жер талауға түскені аян. Қазақ халқының басында жат жұрттықтар ықпалынан шығу, ел болу үшін бірігу секілді ұлы міндеттер тұрған кез еді. Осындай қиын-қыстау уақытта оқыған қазақтардың кейбірі ана тілін менсінбейтін күйге түскені де рас. Олар көбінесе орыс школдары мен татар медіреселерінде білім алғаннан кейін бір-біріне хат жазғанда да осы тілдерді көбірек қолданатын.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің жарыққа шығуы отарлық езгіге қарсы күрестің мазмұнына сапалық өзгеріс енгізіп, қоғамдық саяси ойдың дамуына үлкен серпін берді. «Айқап» пен «Қазақ» газеті әлеумет істеріне бұрыннан араласып жүрген азаматтардың ой-пікірлерін жариялап қоймай, сонымен бірге, жас қаламгерлердің де қаламын, саяси ой жүйесінің, көз қарастарының қалыптасуына мүмкіндіктер кеңейтті.

Міржақып Дулатов (1885-1935) – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист. Ол қазақ қоғамындағы әйелдер мәселесіне ерекше назар аударып, әйелдердің ауыр тағдырын суреттейтін «Бақытсыз Жамал» романын шығарды. М.Дулатұлының 1909 жылы «Оян, қазақ» атты өлеңдер жинағы шығып, қазақ халқының саяси санасын дүр сілкіндірді. Бұл өлең езілген халықтың манифесіне айналды және патша үкіметінің жергілікті әкімшілігін әбігерге түсірді (4.140-б.). Ресей әкімшілігі бұл кітапты оқуға тыйым салып, қолға түскен даналары тәркіленіп отырған.

1906 жылы М.Дулатов Конституциялық демократтар партиясы атынан делегат ретінде Санкт-Петербургке барады. 1907 жылы Санкт-Петербургте жалғыз ғана нөмірі шыққан «Серке» газетінде Дулатовтың

«Жастарға» деген өлеңі басылып шықты. М.Дулатов 1913-1918 жж. «Қазақ» газетінің жауапты хатшысы қызметінде болды. Сол кезде «Азамат» (1913), «Терме» (1915) кітаптары жарық көрді.

Бұл кезеңде қазақ қоғамында қазақ зиялыларының белсенді шоғыры қалыптасты. Халықтың ұлттық санасын ояту үшін қазақ зиялыларына бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігі туды. Ол үшін баспасөзді пайдалану әдісі ең тиімді жол еді. Бұл жөнінде А.Байтұрсынов атап көрсеткендей: *«газет халықтың көзі, құлағы нәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін есту жоқ».* Зиялы қауым үшін патша үкіметінің цензуралық саясаты өршіп тұрғанда газет-журнал ашып, оны халық арасына тарату өте қиын іс болатын. Соған қарамастан қазақ зиялылары ұлт үшін осынау аса қажетті істі жолға қоюда табандылық көрсетті.

Мұхаметжан Сералин (1856-1929) «Айқап» журналының редакторы болды. Ол – Қазан университетінің заң факультетін қазақтар арасынан бітірген алғашқы түлектердің бірі. Журнал төңірегіне редактордың ой-пікірі мен көзқарасын жақтаушы зиялылар тобы қалыптасты. Олардың қатарында Жаһанша Сейдалин, Бақытжан Қаратаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин және т.б. бар еді. Газет өзінің алғашқы сандарынан бастап қазақ халқының тарихи санасын қайта жаңғырту, ұлттың өзіндік менін нығайту мен саяси санасын ояту, халық арасында мәдени-ағарту шараларын жүзеге асыру сияқты қазақ қоғамы аса зәру мәселелерді міндет етіп қойды. Қазақ зиялылары халықтың еркіндігін сақтау үшін, ең алдымен білім мен мәдениетті дамыту қажет деп санады. Бұл тұрғыда ұлт болашағы мен тағдыры үшін А.Байтұрсынов: *«Өзіміздің өзіндік ерекшелігімізді сақтап қалуымыз үшін біздің бар күш пен құралды жұмсап, оқу-ағартуға және ортақ мәдениетке ұмтылуымыз қажет, бұл үшін біз әдебиетті ана тілінде дамытумен айналысуды бірінші борыш деуге міндеттіміз. Өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар халықтың ғана дербес өмірге үміттенуге құқылы*

екенін ешқашан ұмытпауымыз керек»,– деп тұжырым жасайды. Ал М.Сералин: *«Айқап» журналы халықты оқуға, қазақша ойлауға, ойлаған ойын қазақша жазуға үйретті»*,– деген (3.170-б) пікір айтты.

М.Сералин атап көрсеткен «Жер өңгімесі» идеялық күреске себепші еді. Қазақ қоғамын ілгері бастырудың бірден-бір жолы – әрбір қазақ отаршылдық өмір салтына көшу арқылы отарлық езгіні жеңілдетуді көздеген және оны «Айқап» журналы насихаттаған, М.Сералин, ЖСейдалин, Б.Қаратаевтар негізін салған ағым болды. Ал «Қазақ» газетінің төңірегіне біріккен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Р.Мәрсековтар отырықшы мәдениеттің көшпелілік өмір салтынан артықшылығын ұғына отыра, отырықшылыққа бірден емес, эволюциялық жолмен жетуді уағыздап, патша үкіметінің отырықшылық саясатының отарлық саясатпен астасып жатқандығына халықтың көзін жеткізуге тырысты. «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан зиялылардың отырықшы нормаға, отырықшылық саясатқа қарсы шығуының себебі қазақ жері мен ұлтының болашақта болу-болмауы мәселесінің, яғни мемлекеттілік мәселесінің жерге байлаулы екендігін терең зерделей білді (5.98-б).

Қысқасын, Алаш – Қазақ елінің мемлекет құру тәжірибесі мен мемлекетшілдік мүддесінің үзілмеген арқауы. Алаш – Қазақстанның «Мәңгілік Ел» мұратын саясат пен руханият тұрғысынан айқындаған кезең атауы. Кешегі Алаш идеясы бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанда отандық тарихымыздың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қайта зерттелуде. Алаш зиялыларының өмірін мұқият зерттеп, олардың жетістіктерін бағалап, даналығын бағамдап, олар ашқан ақиқатты пайымдау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрсұлтан Н.Ө. Тарих толқынында. – А: Атамұра, 1999.
2. Абжанов Х.М., Гуревич Л.Я. Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность – Алматы, 1992.
2. Алаш – Орда: Сб, док. Сост. Н.Мартыненко. А-Ата, 1992.
3. Г.В. Кан., Н.У.Шаяхметов. Қазақстан тарихы. Алматы: Алматы кітап баспасы, 2012.
4. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы. Алаш қозғалысы. – Алматы, 2014.
5. Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия, Алматы, 1999, 3-том.

ТУҒАН ӨЛКЕНІ ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМДАР

Әлима НҰРТАЗАЕВА,
Қазақстан-Ресей медицина университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық
пәндер кафедрасының аға оқытушысы

Тарихи өлкетанудың қалыптасуы тарих ғылымымен тығыз байланысты. XX ғасырдың басында Кеңес өкіметі қазақ өлкесін зерттеу жұмысын белсенді қолға алды. Қазақстанда 1919 жылы желтоқсан айында тарихи-статистикалық бөлім құрылып, жеті жылдай ғана жұмыс істейді. Бұл бөлімнің құрамында атақты орыс өлкетанушы ғалымы А.П.Чулошников, филолог және этнограф А.А.Четыркина, заңгер Е.А.Яковлева және статист К.П.Шатаевтар болды. 1920 жылы наурызда тарихи-статистикалық бөлім Қазақстан еңбекшілеріне қазақ халқының тарихи, салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптары туралы мәліметтер жинастыруға және қолда бар деректерді бөлімге жіберуге ұсыныс тастады. 1920 жылы 10 сәуірде тарихи-статистикалық бөлім өлкелік революциялық комитеттің халық ағарту бөліміне берілді және бұл бөлімді ғылыми комиссия деп атады. Ол

ғылымның салалары әдебиет, тарих, мәдениет, өнер, мұрағат және мұражай жұмыстарымен айналысатын болды.

1921 жылы тамызда ғылыми бөлім халық ағарту комиссариатының академиялық орталығы болып өзгертілді. Орталық ғылым және өнер деген екі секцияға бөлінді. Оның құрамына Бас мұражай мен бас мұрағат ұйымдары кірді. Қазақстанда ғылым салаларының дамуына ерікті ғылыми қоғамдар өз үлестерін қосты. Осындай ерікті қоғамның бірі – қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы. **1925 жылы ол Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы болып қайта құрылды.** Қазақстанды зерттеу қоғамының жұмысын дамытуға тарихи өлкетанушылар А.П.Чулошников, Орынбор мұрағат комиссиясының мүшесі А.П.Гра, тарихшы-этнографтар Ә.А.Диваев, С.М.Петров, А.Л.Мелков және А.А.Четыркина, Н.М.Рас-

торгуев және тағы басқалар белсенділік көрсетті.

1925 жылы 15 қазанда Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының отырысы болып өтті. Жиналысқа қоғамның 35 мүшесі толығымен қатысады. Күн тәртібінде қаралатын мәселе басқарма төрағасын сайлау болды. Зерттеу қоғамының басқарма төрағалығына А.П.Чулошников, орынбасарлыққа А.П.Гра, хатшылыққа Н.М.Расторгуев, кітапханалық қызметке А.П.Лашкарев бір ауыздан сайланды. Зерттеу қоғамы ресми түрде өз жұмысын сол жылы 1 қарашада бастады. Бұл қоғам қазақ өлкесінің тарихи-археологиялық, этнографиялық, жаратылыстану және тағы басқа ғылым салаларын терең зерттейтін ұйымға айналды [1]. Қоғам мүшелері алдын-ала дайындалған қоғамның жарғысын қызу талқылап, мақұлдады.

Қоғам жарғысы төрт бөлімнен тұрды:

– қазақ өлкесіне байланысты ауызша жиналған деректер және мұрағат, кітапхана қорларындағы, жеке адамдардың қолында бар құжаттарды бір жүйеге келтіріп, олардың ғылыми мәнін анықтау;

– жергілікті жерлерде ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, өлкені зерттеу үшін арнайы этнографиялық экспедициялар жабдықтау;

– басқа ғылыми ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктермен тығыз байланыс орнату;

– ғылыми деректерді, құнды кітаптарды, қолжазбаларды, актілерді, карталарды, қол өнер бұйымдарын және жәдігерлерді сақтауды, жергілікті жерлерде мұражай құру жұмыстарын ұйымдастыру.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ өлкесін зерттеу қоғамының қызметін негізгі үш кезеңге бөліп қарастыру керек. Бірінші кезең – Орынбор кезеңі (1920-1925 жж.), екінші кезең – Қызылорда кезеңі (1925-1929 жж.), үшінші кезең – Алматы кезеңі (1929 ж.).

1921 жылы Қазақстанда бас мұрағат құрылады, кейіннен ол орталық республикалық мұрағат болып өзгертіледі. Мұрағаттың құрылуы өлкетанушылық жұмыстың жүйелі түрде жүргізілуіне мүмкіндік берді. 1921 жылы Оралда елу екі штаттық қызметкері бар өлкетану бөлімі жұмыс істей бастады. Бөлім қызметкерлері мұрағат құжаттарын жүйелеп, библиографиялық көрсеткіштер жасап, мұғалімдерге көмек-нұсқаулар ұйымдастырды. Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының мүшелері 1922 жылы қаңтарда құрылған өлкетанушылардың орталық бюросының кезекті отырысына қатысты. Қоғамның белсенді мүшесі А.Л.Мелков ғылыми қоғамдардың бірінші ресейлік конференциясына қатысып, орталық бюроға мүше болып сайланды. Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының бөлімдері Орал, Қостанай, Петропавл, Семей, Көкшетау, Ақмола, Шымкент және Өскемен қалаларында ашылды. 1922 жылы Қазақ КСР-нің Орталық комитеті «Қызыл керуен» атты іс-шара өткізіп, шалғай ауылдардан халық арасынан аңыз, әңгіме, ертегі және жыр-дастандар, қол-өнер бұйымдарын жинауға үлкен мән берді. А.Л.Мелков 1923-1924 жж. қазақ ауылдарынан қолөнер бұйымдарын және тарихи жәдігерлер жинаған. 1925 жылы ол осы жинағандарын Парижде өткен дүние жүзілік көрмеге апарған. Көрмеге келушілер бұл бұйымдарды тамашалап, олардың сапасын жоғары бағалаған [2].

1924 жылы зерттеу қоғамы бесжылдық жұмыс жоспарын қабылдады. Жоспар өлкетану жұмысына байланысты көптеген шешімін таппаған өзекті, тың мәселелерге көңіл бөлген. 1924 жылы 24-31 тамыз аралығында Семейде губерниялық өлкетанушылар конференциясы болып өтті. Бұл қазақ өлкесінде өткізілген тұңғыш конференция болды. Конференция жұмысына географиялық қоғам мүшелері, халық ағарту саласының өкілдері, мемлекеттік ұйым қызметкерлері және жергілікті өлкетанушылар қатысты. Қоғамның тұрақты 74 мүшесімен бірге арнайы шақырылған 200 қонақ

қатысты. Онда С.В.Пешехонов Өскемен қаласындағы өлкетану қоғамының жұмысы туралы баяндама жасады. Конференцияда жасалған баяндамалардың қорытындысы бойынша зерттеу қоғамы Семей бөлімі №3 арнайы бюллетень басып шығарды. Тыңдалған ғылыми баяндамалар бойынша резолюциялар жарияланды. Семей бөлімшесінің белсенді мүшелері Б.Герасимов – төраға, М.Әуезов – төраға орынбасары болып сайланды. М.О.Әуезов Өскемен, Павлодар және Риддер қалаларында өлкетану үйірмелерін және қоғамдық бірлестіктер ұйымдастырды. Ол Семей конференциясында «Қазақ әдебиетіндегі Абайдың орны» атты баяндама жасады. 1924 жылы ұлы ойшыл, философ Абай Құнанбаевтың қайтыс болуының 20 жылдығына орай еске алу кешін ұйымдастырды. 1927 жылы өлкетанушылардың Мәскеуде өткен бүкіл ресейлік конференциясында М.О.Әуезов өлкетанушылардың орталық бюросына мүше болып сайланды [3].

1929 жылы 23 қазанда Қазақ КСР-нің Халық комиссарлар кеңесі 1930 жылы Алматыда бүкілқазақстандық өлкетанушылар съезін шақыруға қаулы етеді. Съезд жұмысына Мәскеу, Ташкент және тағы басқа ірі қалалардан өлкетанушы ғалымдар шақырылды. 1929 жылы орталық мекемелер Алматы қаласына көшірілгендіктен, қазақ халқына байланысты барлық құжаттар әкелінді. Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының Алматыдағы қызметі О.Жандосов, С.Асфендияров, М.Жолдыбаев және т.б. қайраткерлердің есімімен тығыз байланысты. Ұлт мақтанышы Ораз Жандосовтың «Өз өлкенді таны» атты мақаласы жарыққа шығып, елді елең еткізді. Мақалада ол қазақ өлкесінің тұнып тұрған мәдениет ошағы екендігін атап көрсетті. Қазақ өлкесін зерттеу қоғамына 1930 жылы мүше болып Ә.Жангелдин және филолог-ғалым Ә.Қоңыратбаев сайланды. Қазақстанда зерттеу қоғамының қызметіне белсене араласқан азаматтардың бірі Санжар Асфендияров болды. Ол 1930 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстанды зерттеу қоғамы кеңесінің төрағасы, кейіннен орталық бюро төрағасы қызметін атқарды. **Осы жылы 6 сәуірде Бүкілқазақстандық өлкетану съезі болып өтті.** Оның жұмысына 238 делегат қатысты [4].

Қазақстанды зерттеу қоғамдарынан еліміздегі тарихи ескерткіштерді есепке алу мен картаға түсіру жұмыстары талап етілді. Бұндай картаны 1937 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамы басып шығарды. Сонымен қатар «Өлкетанушыға ескертпе» нұсқаулығы қоса ұсынылды. Кеңестік кезеңде С.Ш.Ахметованың орыс тіліндегі «Историческое краеведение в Казахстане» атты еңбегінің маңызы жоғары және ол мұрағат құжаттары мен деректерге өте бай.

Қазір елімізде өлкетану жұмысы қайта жандануда. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздің этнограф ғалымдары өлкетану жұмысын жоғары деңгейде дамыту үшін көп еңбек сіңірді. Үкімет тарапынан да қолдау көрсетіліп, қыруар қаражат бөлінуде. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында еліміздің түкпір-түкпірінде орналасқан тарихи мәдени ескерткіштер мемлекет қамқорлығына алынып, тарихи ескерткіштер мен құнды жәдігерлердің өзара сабақтастығы бір жүйеге келтірілуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметова С.М. Историческое краеведение в Казахстане. – Алматы, 1982. – 80-бет.
2. Ақназаров Н.В. Историческое краеведение. – Алматы, 2000. – 120-бет.
3. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 3-том. – А., 2000. – 397-б.
4. Қазақтар. Тарихи-этнографиялық зерттеулер. – Алматы, 1995. – 150-бет.

К.ЯСПЕРСТІҢ “БЕЛДЕУЛІК УАҚЫТ” КОНЦЕПЦИЯСЫ

Ләзиза СӘРСЕН,
Қазақстан-Ресей медициналық университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық
пәндер кафедрасының философия магистрі

Жоғарғы ғылыми техникалық прогресс, ақпараттық қоғам жүйесінде әлеуметтік болмысты дұрыс ұйымдастыру, адамзаттың өмірін мәдени бағдарлау дұрыс саясаттың бірі. Әлеуметтік-ақпараттық қоғам жүйесіне көшу жолында мәдениет адамдардың іс-әрекетіне бағыт-бағдар бола алады. Ғылыми техникалық прогресс, ақпараттық-техникалық революция, әлемдік дағдарыс, өркениет адамзатты керісінше тығырыққа әкеп тіреген сияқты. Әлемдік экономикалық дағдарыс былай тұрсын, ең жаманы адамзаттың рухани дағдарысы. Рухани-мәдени дағдарыс қандай да өркениет пен мәдениетті құлдыратуы мүмкін, оған тарихта мысалдар жетерлік.

Сондықтан да қазіргі таңда К.Ясперстің «Белдеулік уақыт» концепциясының өзектілігі артып отыр. Біздің мақсат – осы концепцияның тарихи кезеңдеріне тоқталып, оны қазіргі өркениетпен байланыстырып, мазмұнын ашып көрсету. Белдеулік уақытты автор адам санасындағы рухани жаңғыру дейді. Елбасымыз соңғы Жолдауында осы рухани жаңғыру бағдарламасын ұсынады.

Рухани құндылықты аша алған адам өзінің шынайы табиғатын таппақ. Белдеулік уақытта адам өз болмысы трагедияға толы екенін сезініп, «шекаралық ахуалға» түседі. Өзіндік қорқынышы күшейіп, әлем алдында дәрменсіздік танытады. Құзда тұрып, қордаланған сұрақтарды қойып, құтқару мен босатуды талап етеді. Өзінің шегін түсіне тұрып, өз алдына жоғары мақсаттар қойып, трансцендентті әлемнің абсалюттігін және тереңдігін сезінеді. Көптеген ойшылдар осы «белдеулік уақыт» аралығында пайда болған діндер кездейсоқ емес деушілер де бар.

К.Ясперс өзінің белдеулік уақыт концепциясының шығу тарихын ашық түрде қалдырады, оның құпиясын ашу алдыңғы ұрпақтың еншісінде.

Белдеулік ұғымын тұтастық, орталық, негіздік, тарихилық деп анықтауға болады. Ясперстің “Смысл и назначение истории” еңбегіне сүйене отырып белдеулік уақыт мәселесіне талдау жасап көрейік. Белдеулік уақыт – рухани қазынаны ашатын бірден бір құрал. Руханилық мәселесінде ұлтқа, дінге, тектілікке жіктелудің қажеті шамалы. Сыңаржақ адам болып қалмау үшін де руханилықты көтеру керек. XX ғасырда өмір сүрген философ Ясперс белдеулік уақыт мәселесін жайдан жай қозғамаған. Қазіргі газет, журнал, теледидардан соғыс, терроризм, экстремизм мәселесінен басқа ештеңе естуге де көруге де болмайды. Мүмкін осы мәселелер демократиямен тығыз байланысты шығар?! Мемлекеттің, адамның бостандығы, еркі шектеусіз, кімге қалай сөйлесе де, кімге соғыс ашам десе де өз еркі. Біздің таңдап алған демократия әлеміміз, демократия принциптері өзімізге кері әсерін тигізіп отырған шығар.

Мысалы, ежелгі грек философы Платон демократияға қарсы шығады. Неге? Бұл қоғамда көпшіліктің билігі үстемдік етеді, мұғалімді оқушы билейді, ата-ана болса өз туған баласынан қорқады, сөйтіп мұның бәрі ретсіздікке “хаосқа” алып келеді. Бәлкім, дүниежүзіндегі жағдай осы ретсіздікке келе жатқан шығар. Мысалы, қазір Америка, Ирак,

Пәкстан, Израиль, Солтүстік Корея, Қытай, т.б. ірі мемлекеттердің ішкі және сыртқы жағдайы бүкіл адамзатты алаңдатуда. Саяси тұрақсыздық орын алған кезде адам тек қана өмірінің тыныштығын, өмірінің қауіпсіздігін ойлайды емес пе. Бұл кезде мәдениет, өнер, руханилық, философия жайлы пайымдау қиынға соғады. Бәлкім, ортақ идея немесе дін қажет шығар.

Көптеген философтар осы мәселені шешу тұрғысында сан қилы идеялар, қағидалар, ойлар айтқан болатын. Барлық адамзатты ажыратпай, керісінше біріктіретін ортақ идея немесе дін бар ма? Мұндай қағиданы Иудаизм, Христиандық, Буддизм, тіпті Ислам да ұсына алмайды. Әрине, ортақ, жақын идеялар жоқ емес, бар, бірақ ортақ дін жасау мүмкін емес (Біздіңше, ортақ дін – Ислам. Адам Сәпиолладан бастап, барлық пайғамбарлар Алланың ақ жолымен жүрген, яғни мұсылман болған. Кейін «Құранда» айтылғандай, Мұсаның да, Исаның да жолын қуғандар ақ жолдан тайып, билеушілер «Тәуратты» да, «Інжілді» де бұрмалаған – ред.). Ал Ясперс адамзаттың бәріне ортақ философиялық сенім қажет деп үгіттейді.

Философиялық сенімнің түп тамыры тереңде жатыр. Философиялық сенімнің пайда болуы біздің қарастырып отырған “тарихи белдеуден” бастама алады. Ясперсше айтсақ, “белдеулік кезең жуықтап алғанда 800-200 жж. б.з.д. уақытты қамтиды. Осы уақытта Қытай, Үндістан, Персия, Палестина, ежелгі Грекияда ірі рухани қозғалыстар болды”. Сол кезеңде қалыптасқан адам бейнесі әлі күнге шейін сақталып келеді.

“Белдеулік кезеңде” көп құдайшылдықтың орнына дәстүрлі діндер келді, мифологиялық сана философиялық санаға ауысты. Ішкі құрылымы жағынан бір-біріне жақын рухани орталар бастама алды [1, 32-33-б.]. Ясперс белдеулік уақытқа Қытай, Үндістан және Грекия мәдениетін, философиясын жатқызады. Белдеулік уақытты жалпы тілмен “Алтын дәуір” деп те атауға болады.

“Қытайда, Үндістанда, Грекияда жаңа кезеңде, адам өз болмысының тұтастығын және өзінің шекарасын сезінеді. Оның алдында әлем қорқынышты және өзінің дәрменсіздігі ашылады. Жардың шыңында тұрып, радикалды сұрақтарды қойып, еркіндік пен құтқару жолдарын іздестіреді. Өзінің шекараларын сезінген сәттен бастап, алдына жоғары мақсаттарды қойып, сана-сезімнің абсолюттілігін танып, трансценденттік әлемнің айқындығы анықталады”.

Ясперстің ойы түсінікті, руханилыққа, трансценденттік күйге жету үшін, саналы ой-әрекет қажет екенін айтады. Адам өзінің шектеулілігін, өлім алдында әлсіздігін сезініп, болмыстың соңғы сұрақтары қойылады. Бұл сұрақтарды Ясперс экзистенциалистік философияда өте терең қарастырып, философиялық талдау жасайды. Осы сұрақтарды адам тіршілік етуінің мәнділігі, болмыс мәні деп жинақтауға болады.

Лазо Эрнст белдеулік уақыт жөнінде былай деп жазады: “ Бір уақытта б.з.д. 600 жыл ішінде Персияда Заратустра, Үндістанда Будда, Қытайда

Конфуцзы, иудейлерде әулиелер, Римде Нума (Ежелгі Римнің екінші патшасы 715-673 X.т.д.) патшасы, Элладада алғашқы философтар иондықтар, дарилер (пифагорейцтер), элеттардан пайда болуы кездейсоқтық емес. Оның идеялары Ясперспен үндестікте екенін байқаймыз.

Ясперс адамзаттың рухани тұтастығы туралы: “сол уақытта жасалып, пайда болғанымен, адамзат әлі күнге дейін сонымен өмір сүріп келеді. Оның әрбір жаңа үрдістері, белдеулік кезеңге оралуы, әр рухани шарықтауы белдеулік кезеңнің өрлеуі деп аталуы мүмкін”, – деп жазады [1, 50-б.].

Ясперс өзінің “Великие философы” атты еңбегін Иса, Будда, Конфуций және Сократтан бастайды. Олар адамзат болмысын анықтап, философиялық ойдың дамуына зор ықпал жасаған деп, оларды үлгі-өлшем ретінде қарастырады.

Ясперс Будда іліміндегі аман қалудың (спасение) практикалық жағына және оның жолдарына айрықша көңіл бөледі. Будда іліміндегі қайғы-қасіреттен құтылудың 4 жолы мен нирвана мезеттері Ясперстің экзистенция және трансценденциясына жақын келеді. Экзистенцияға, біріншіден, болмыс пен сана арқылы, екіншіден рух арқылы ғана жақындасуға болады. Экзистенцияны шекаралық күйде сезіну мүмкін. Ясперс бойынша шекаралық күйде адам тобырдан шығу мүмкіндігін басынан өткізеді. Экзистенция шынайы тіршілік, шынайы тұлғалы тіршілік. Ал трансценденция адам тіршілігінен тысқары жатса да, оған мәнділік пен құндылық беріп отырады.

Ясперс Будда ілімінің аман қалудың жолдары мен ақиқатқа жету деген идеяларын қолдайды. Будда – каста шынжырларын бұзған, әлеуметтік реформатор. Будда ілімі о бастан философия болды, кейін оны Құдайға сенімі бар дінге айналдырды, ал Будда «өз ілімін уағыздаған Құдай» деп танылды дейді Ясперс.

Конфуцзы ілімінде Ясперс ата-бабаларына тағзым жасап, ескіні қайта өрлету арқылы аман қалудың жолдарын іздеуді ең басты идея етіп алды. Конфуцзы жәй өткенге еліктеу емес, қашан да ақиқаттың қайталануы.

Ал, “батыстық сана үшін тарихтың белдеуі – Христос”. Ясперс христиандыққа грек пен римдіктердің әсері де болды, соның арқасында тұтас, ортақ дүние қалыптасты. Ал христиандық шіркеу қайшылықтарды шешіп, өз идеяларын тауып, тұрақты дәстүрін қалыптастыра алды дейді.

Белдеулік уақытқа жету үшін мифтік, діни кезеңдерден өтеді. Ясперс белдеулік уақытты сипаттай келе мифтік кезеңге тоқталады. Ясперс бойынша “Миф – ол бейнелеу, елестеу, суреттеу тілдері”. Миф туралы айтқанда бірнеше аргументтерге тоқталады: миф ойлау образы мен мазмұны жағынан тарихилық; миф тарихты сипаттайды; болмыс туралы тұтас көзқарасты қалыптастырады; мифте шындық туралы сөз қозғалады. “Миф экзистенциялды мағынаға ие бола алады, адамның әлемде өзін-өзі ұғынуын көрсетеді” [1, 222-б.]. Ясперс үшін шынайы мифтің үлгісі “гректік рух”. Ясперсті алаңдататын жайт – қазіргі рационалдық күрес заманымыз, мифке қарсы шығу.

Белдеулік мәдениет сол аймақта қалып қалмай көптеген Батыс Германия, Америка, Словян, Малайзия, Орта Азия, т.б. көптеген елдерге таралды. Әрине, кейбір үрдістер сақталып, басқалары өзгеріске ұшырап, жаңаланып, болмаса ұмыт қалды. Алысқа бармай, оны өз мәдениетімізден, салт дістүрден байқауға болады. Ол да табиғат заңы сияқты, тарихи дамудың жолдарының бірі шығар.

Тарих дейді Ясперс, руханилық фактормен анық-

талып, онда экзистенциялистік сарын негізгі рөл атқарады.

Әлемдік тарихтың белдеулік уақыт құрылымын ол үшке бөледі:

1. Белдеулік халық. Бұл халықтар өздерінің тарихын жалғастырушылар. Адамның тарихының рухани негізін қалыптастыра алғандар. Ясперс бұл халықтарға қытайлықтарды, Үндістандықтарды, ирандықтарды, иудей мен гректерді жатқызады.

2. Олқылықты білмеген халықтар. Олар белдеулік мәдениеттердің ықпалын басынан кешпей, өзінің мемлекетін, қоғамдық өмірін, сәулет өнерін, поэзия және магиялық діндерін жасады. Бірақ та бұл істер құлдырау кезеңде жасалып, жаңа пайда болған күштер оларды мүлдем жойып, ішкі мәдениетін жоғалтып алды. Ясперс оған мына мысалды келтірді. Египеттен римдікке жақын болған халықтар мен римдіктерді жатқызады.

3. Бұл халықтар белдеулік уақыттың рухани тәрбиесін қабылдай алмады. Сондықтан да олар тарихи әлемде билікке, саяси төңкерістерге жақын болған халықтар, оған Ясперс македониялықтар мен римдіктерді жатқызады.

Белдеулік уақыттың мәні неде? Ясперстің ілімінен осы сұраққа жауап ізделік: А) белдеулік уақытта өзіміздің әлемдік тарихи бейнеміздің негізін табуға болады. Тарих тұтастығын адамдардың бір-бірімен коммуникацияға түсуімен анықтай аламыз. Б) Бізді коммуникацияға шақырады. Ол үшін ортақ дін, Құдай болу керек. Бірақ онда фанатизмнен, билік үшін еріктен, өзін алдаудан, төкаппарлықтан алшақ болу керек дейді Ясперс. В) Белдеулік уақытқа оралған сайын оның маңыздылығы артады. Оған жету дегеніміз қазіргі жағдай мен тарихи дамуды дұрыс ұғыну.

Ясперс белдеулік уақытты мәселе етіп көтеруінің себебі ол руханилыққа, мәдениетке, философияға қайта жол ашу. Өйткені сол үштік орта адам өмірінің тіршілік етуіне, болмысына, өмірінің мәнін түсінуге, шынайы тіршілік етуіне, экзистенция сұрақтарына жол табады.

Үштік тарихи белдеу бізді шексіз шынайы коммуникацияға шақырады. Бұл коммуникация 3 бастаманың болуын қажет етеді. Жалпы Ясперстің философиясы жеткілікті, бір-бірінен ажыратып қарастыруды мақұлдамайтынын байқауға болады. Ол жалпылықты, орталықты, әлем, адамзат болмысының үйлесімдігін, қай жақта болса да байланысты табуға тырысады. Мысалы, оған дәлел Ясперстің “тұтас адам” ұғымы, әлемдік тарихы, экзистенциялистік философиясы, философиялық сенімі және саяси көзқарастарының арасында бір-бірімен байланыс жатыр.

Қорыта айтқанда Ясперстің белдеулік уақытында руханилыққа үндеу жатыр. Сол кездегі философия, адам өмірінің барлық философиялық сұрақтарына бағыт пен бағдар көрсететін құрал ретінде қабылдауға болады. Демек, Ясперстің “белдеулік уақыты” тарихпен, экзистенциялистік философиямен, руханилықпен тығыз байланыста деген қорытындыға келеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ясперс К. Смысл и назначение истории. М.: 1994.-527.
2. Типсина А. Немецкий экзистенциализм и религия. Л.: 1990.-152.
3. Кудуа Э. Немецкий экзистенциализм о сущности философии. Тбилиси 1989.-214.
4. Габитова Р. Человек и общество в немецком экзистенциализме. М.: 1972.-286.
5. Арлова Е. Очерки философских течение в XX веке. М.: 1993.-42.
6. Долгов К. От Кьеркегора до Камю: философия. Эстетика. Култура. М.:1990- 397.

ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

А.БӨЛЕНБАЕВА,
М.Әуезов атындағы педагогикалық колледж
директорының ғылыми-әдістемелік істер жөніндегі
орынбасары, қоғамдық пәндер оқытушысы

«Рухани жаңғырудың мән-маңызы да нақ осында. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық – біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс», – деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Жолдауында атап көрсетті. Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесінде қызмет етіп, қоғамның сұранысына төтеп бере алатын жастарды оқытып-тәрбиелеп отырған педагог қызметкерлерге қойылатын талап та өте жоғары. Білім алушылардың кәсіби құзырлығы мен жалпы дамуын бағалау жүйесін және оқытушының кәсіби қызметін инновациялық қамтамасыз ету арқылы оқу сапасының бақылау механизмін жетілдіру үшін әрбір оқытушының қызметіне үлкен міндет қойылып отыр. Әлемдік білім беру жүйесіне ену жағдайында саяси-құқықтық жағынан белсенді құзіретті маман даярлау үдерісіндегі ТЖКББ алдында тұрған маңызды міндет – оқу-тәрбие жұмысының барлық құрылымында құқықтық білім беру мен саяси-құқықтық сана-сезімін қалыптастыру.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» ҚР білім беру мекемелерінің алдына Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриотты қалыптастыру, тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, балалар мен жастардың құқықтық санасын өсіру, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету міндеттері қойылған. **Студенттерде құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттілікті қалыптастыруда «Құқық негіздері» пәнінің маңызы зор.** Іргелі білімнің қалыптасуы, оны жүйелі түрде жүзеге асуы, студенттер алған білімнің күнделікті тұрмыс талаптарына сәйкестігі мен адамгершілік нормаларына сабақтастығы – құқықтық білім берудің негізділігінің белгісі. Азаматтардың құқықтық білімі, ең алдымен, жеке тұлғаның құқықтық дамуының сипаты мен дәрежесін көрсетеді. Жастардың құқықтық білімін көтеру үшін теориялық-әдіснамалық негіздемелерін анықтау өте қажет. Қазіргі кезеңде құқықтық білім беруде дамыған елдердің жетістіктері мен өз еліміздің тарихи құндылықтарын кіріктіре оқытудың маңызы өте зор. Мәдениет пен ғылым, саясат пен экономика бір мақсатты көздеп, бір ортақ құндылықтарға қызмет ету керек.

Құқықтық білім беруде педагогикалық технологиялар ерекше маңызды. Білім сапасын және пәрменділігін арттыру мәселесі оқу үдерісіне оқытудың жаңа технологияларын тереңдете ендіру жолымен шешілері сөзсіз және бұл ретте тұтас алғанда білім берудің сапасы артып, шығармашыл тұлғаны дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткіземіз. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда.

Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалды, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық, т.б. адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. ХХІ ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оқу, есептеу) өлшенбейді, оның критерийі – функционалдық сауаттылық.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, *білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы, дамуын қойып отыр.* Білім алушының тұлғалық дамуына «Құқық негіздері» пәнінен: «брифинг», «пресс-конференция», «симпозиум», «презентация», «съезд», «дөңгелек үстел», «аукцион», т.б. - «концерт», «спектакль», «әдеби салон», «саяхат», «музейге экскурсия», «турнир», т.б. кино, теледидар, бейнетаспа сабақтар, т.б. - тарихи портрет сабағы, сот сабағы, танысу сабағы, т.б. - пікір-сайыс сабағы, проблемалық-іздену сабағы, интеллектуалды сабақ, т.б. дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу нәтижелі болатынын тәжірибемде байқадым.

«Кәметке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі» тақырыбында ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдаланып, дөңгелек үстел өткіздім. Сыныптан тыс шара барысында педагогикалық технологияның білу, түсіндіру, пайдалану, бағалау, түсіну, қолдану, атап көрсету, қайта құру, болжау, сауал қою, топтастыру, жүйелеу, қорытынды жасау, пікірін айту, ынтымақтаса қызмет ету әдістері қолданылды. 405 «ә» тобы (0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы), 402 «ә» тобы (0111063 «Өзін-өзі тану мұғалімі» мамандығы) студенттерімен «Жанұя» орталығының заңгері Қуатбек Берікболұлы, «Жанұя» орталығының офис менеджері, орынбасары Айжан Нұрмұхаметқызы, ШҚО ІІД Семей қаласы ІІБ Затон ПБ-нің КТІЖБ учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Темірболатқызы Жадыраның қатысуымен ұйымдастырылған шараға студенттер үлкен жауапкершілікпен қатысты. *«Дүниежүзілік құқық қатынастарындағы кәметке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі»* тақырыбын жан-жақты зерттеген 405 «ә» тобы студенті Мұрат Ерболатұлы жасөспірімдер арасында кездесетін қылмыстың түрлеріне, қылмыс себептеріне тоқталды. **Қылмыстың алдын алу жолын психологиялық, әлеуметтік сипатта, заң нормалары негізінде қарап, өз жобасын ұсынды:**

1) психологиялық тұрғыда: Статистикаға сүйенсек заң бұзып, қылмыс жасаушы кәметке толмаған жасөспірімдердің көбі толық отбасында тәрбиеленгендер, олардың ішінде 29% әкесіз тәрбиеленгендер, ал ата-анасының екеуі де қызметте болып, тәрбиеге уақыт болмауы 8 % құрайды. Осындай жағдайлардың әсерінен қадағалаусыз қалған жасөспірімдер әртүрлі психологиялық табыссыз факторлардың туындауына, одан әрі құқық бұзу-

шылық әрекеттерге, содан барып қылмыс жасауға орын береді. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының 90 % осы қадағалаудың болмауының салдарынан екенін атай кеткен жөн. Жасөспірімдерді психологиялық жағынан бақылап зерттеу көп факторлы құбылыс. Енді өмірге аяқ басып, оң-солын енді ажыратқан жеткіншектің отбасындағы қиын кезеңнің туындауы, ұрыс-керіс, кең көлемде қадағаламау бала психологиясының дамуына айтарлықтай әсер тигізеді. Қазақстан Республикасында аталған мінез-құлпты адамдарды оңалтуға арналған психологиялық бағдарламалар қаралмаған. Сол себепті кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алуға қажетті психологиялық тұрғыдан әсер ету тұжырымы, реттеуші бағдарламалар ашу қажет.

2) әлеуметтік тұрғыда: Тұрмысы төмен отбасыларға әлеуметтік көмек, ана мен баланы қолдау, ең бастысы отбасындағы қылмыстық, құқық бұзушылық мінез-құлпты алдын ала анықтауға баса назар аудару. Ата-аналарға қоғамдағы отбасы институтының бала тәрбиесіндегі рөлінің ерекшелігін сезіндіру, оны насихаттау. Ол үшін балаға қоршаған ортасы, мектеп, оқу орнының алдында негізгі тәрбие беруші ата-ананың бала тәрбиелеудегі, білім беру мен басқа да қажеттіліктерді өтеу міндетін атқаруда жауапкершілік жүктеу, қоғаммен қабылданған нормаларды орындауға үгіттеу, үндеу.

3) құқықтық тұрғыда: 1. Қазақстанның барлық өңірлерінде бала құқықтарын қорғайтын, қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған Ювеналды Әділет органдарын құру;

2. Баланың мүдделерін толық ескеру және оның негізгі құқықтарын мен бостандықтарын сақтау мақсатында, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалардың құқықтық жауаптылығы туралы 2010 ж. балаларды қорғау бағытындағы ынтымақтастық туралы Конвенцияны (Гаага, 1993 жылғы 29 мамыр) ратификациялау;

3. Бала құқықтары жөніндегі Ұлттық Омбудсмен лауазымын құру;

4. Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтары (КУОБОО) Ішкі Істер министрлігінің қарамағынан алынып, Білім және ғылым министрлігінің қарамағына беру;

5. Жергілікті бюджеттер есебінен білім беру ұйымдарына бекітілген полицияның кәмелетке толмаған балалар істері жөніндегі учаскелік инспекторлары (мектеп полицейлері) лауазымын енгізу;

6. Мектеп инспекторларын жұмысқа тарту;

7. Бала тәрбиесіне ата-ана жауапкершілігін күшейту мақсатында үлкен соммадағы айыппұл мөлшерін тағайындау;

8. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінде қылмыс субъектісін 14 жас деп тану көзделген. Бірақ жасөспірімдердің қылмыс жасы одан да аз болып келетінін статистика көрсетіп отыр. Осыған сәйкес шетел тәжірибесіне (Польшада 10 жастан, Англияда 12 жастан, Францияда 13 жастан) сүйене отырып, қылмыс субъектісін тану жасын азайту қажет.

Міне, осындай шараларды заңды күшіне енгізген жағдайда ғана біз кәмелетке толмағандар арасында қылмысты азайтып, сол арқылы қоғамда кездесетін заң бұзушылықтың өрескел бұзылуын тоқтата аламыз, – деп өз ойын қорытындылап, пікірін аудитория алдында талқыға салды, ой қозғай алды.

Дөңгелек үстел жұмысы компьютерлік технологиялардың білім берудің гуманистік концепциясын іске асыруда үлкен мүмкіншіліктері бар екенін көрсетті:

- студенттер пәндік білім бағыттылығынан танымдық іс-әрекеттерді игеруге ауысады;

- шешімін топтастырып, ойлауды қажет ететін, вербальды және бейнелі құрылымдық ойлауды дамытады;

- студенттердің өзара ақпарат алмасу мүмкіндігін көбейтеді;

- студенттің ақпараттық-коммуникациялық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін дамытады;

- оқыту-тәрбиелеу үдерісіндегі кешенді мәселелерді шешеді.

Педагогикалық технологияларды оқу үдерісіне ендіру белгілі бір шарттарды қажет етті:

- оқытушының оқу үдерісін жаңа технологиялар негізінде ұйымдастыруына құзырлығының жеткілікті деңгейі;

- оқыту субъектілерінің (оқытушы мен студент) жаңа технологияларды қолдануға дайындығы, жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал туғызу;

- оқытудың жаңа технологияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқу-әдістемелік, дидактикалық базаның болуы;

- оқу бағдарламасының қамтамасыз етілуінде жаңа мақсаттар мен қоғам талабына сай материалдық базамен қамтамасыз етілуі, ақпараттандырылуы.

Құқықтық мемлекет құруды мақсат ететін кез келген мемлекет оқу орындарында құқықтық тәрбие беруге, құқықтық білім беруге ерекше көңіл бөлуі тиіс, оқыту бағдарламаларын кеңейтуге, құқықты оқытуға бөлінетін сағат саны мен сапалы ғылыми-әдістемелік базамен қамтамасыз етуге, құқықтық сауаттылықты насихаттауға мүдделі болуы керек. Құқықтық білім беруде құқықтық тәрбие мен білім берудің тұтас жүйесін құру қажеттігі туындайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу деп, білім беру жүйесін қарқынды дамыту міндеттері қойылған. Бұл міндеттерді шешу үшін әр оқытушының күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә. Назарбаевтің халыққа Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», 9 қаңтар 2018 ж.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // (2016.22.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

3. **Искакова Г.К., Газизова Н.С.** Қазақстан Республикасының адам құқығы. Астана: Фолиант, 2008 г.

4. **Қалимұқашева А.** Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары // Заң. – 2005 ж., №8.

5. **Оразахынова Н.** Білім беру технологияларын оқу үдерісіне енгізудің тиімділігі // Қазақстан мектебі, 2010., №9.

6. **Закиров Ф.** Жаңа технология – сапалы білім негізі // Қазақстан мектебі, 2010 ж., №3

7. **Бұзаубақова Қ.Ж.** Жаңа педагогикалық технология. - Алматы, 2004 ж.

8. **А.Әлімов.** «Интербелсенді әдістемелік мектепте қолдану». Алматы, 2015 ж.

Семей қаласы.

ҚАҢЛЫЛАР

(Қазақстан тарихы. 6-сынып)

Анарбек ХАТЕШОВ,
М.Өтемісұлы атындағы облыстық сауықтыру
мектеп-интернатының тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: оқушыларға қаңлылардың қоныстанған жері, этникалық құрамы, қоғамдық құрылысы, шаруашылығы, саяси жағдайы, өнері, діні, тарихи археологиялық деректері жөнінде түсінік қалыптастыру. **Дамытушылық:** оқушылардың тарихи материалдарды меңгеру, салыстыру, қабылдау және білім-білік дағдыларын дамыта оқыту.

Тәрбиелік: оқушыларды адамгершілікке, кішіпейілділікке, тарихи сауаттылыққа, елжандылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: әңгімелеу, сұрақ-жауап, топтық жұмыс, ой қозғау, диктор-тілші.

Пәнаралық байланыс: дүние жүзі тарихы, география.

Көрнекілік құралдары: кескін карта, құмыра, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру кезеңі. Сынып оқушыларын түгендеу, назарын сабаққа аудару. Оқушыларға жағымды көңіл-күй орнату.

Суырма қағаздар арқылы үш топқа бөлу.

1-топ. Саяхатшылар. **2-топ.** Археологтар. **3-топ.** Тарихшылар.

II Үй тапсырмасын тексеру. «Кубизм стратегиясы». Оқушылар бір-бірден шығып, кубикты дөңгелетіп, беткі жағында орналасқан сұраққа жауап береді.

Кубизм сұрақтары: Үйсіндер қай уақытта өмір сүрді? Қазақстанның қай аумағын мекендеген? Үйсіндер басшысының аты?

1. Үйсіндер ордасы. Негізінен қандай шаруашылықпен айналысқан?

2. Зергерлік бұйымдар табылған қорым. Қандай зергерлік бұйымдар табылды?

3. Қандай салт-дәстүрлері болды, арнаулы құрбандықтары неге арналды?

4. Үйсін қоғамындағы бай мен кедейлер?

5. Жеке меншік түрлері?

Жаңа сабақтың тақырыбына көшу мақсатында ортасынан ҚАҢЛЫ сөзі ашылатын кроссворд шешіледі.

Кроссворд сұрақтары:

1. Үйсіндер қай елмен сауда қарым-қатынасын жасаған?

2. Үйсіндердің үйі неден тұрғызылды?

3. Үйсін қоғамында байлар өз жылқыларына өзге жылқылардан айыру үшін ... салды?

4. Үйсіндердің астанасы?

5. Қарғалы шатқалынан табылған үйсін мәдениетіне жататын зергерлік бұйым?

Оқушылар кестені толтырады.

Білемін	Білім келеді	Білдім
---------	--------------	--------

III Жаңа сабақ тақырыбы: §.50-51 Қаңлылар.

Әр топқа кітап материалы бойынша тапсырмалар

беріледі.

1-топ. "Саяхатшылар". Қаңлылар тарихы туралы қытай және иран жазбалары.

2-топ. "Археологтар". Қаңлылардың археологиялық ескерткіштері.

3-топ. "Тарихшылар". Қаңлылардың қоныстары, қоғамдық құрылысы.

Тапсырманы орындау үшін әр топқа бір-бір плакат беріледі. Сол плакаттарды пайдалана отырып тақырыптарын жазба, сызбалар арқылы қорғайды. Содан кейін өз тақырыптары бойынша «бізден сұрақ, сізден жауап» тәсілі бойынша келесі топтарға бір ауыр, бір жеңіл сұрақ қояды.

Қосымша материал беріледі (Бейнеролик) көрсетіледі.

IV Жаңа сабақты бекіту. Сабақты бекіту мақсатында БББ кестесінің «Білдім» бағаны толтырылады.

Венн диаграммасы арқылы өткен және бүгінгі тақырыптардағы үйсін және қаңлылардың ерекше және ұқсас қасиеттері анықталады.

V Қорытынды (Диктор және тілші).

Диктор (Ғабдықалиева Динара): Сәлеметсіздер ме құрметті телекөрмендер! Эфирде жаңалықтар топтамасы. Бүгін, Орал қаласы М.Өтемісұлы атындағы облыстық сауықтыру мектеп-интернатының 6 «а» сыныбында Қазақстан тарихы пәнінен ашық сабақ өткізілді. Ашық сабақ туралы толық ақпарат тілшіміз Ғабдықалиева Динараның сұхбатынан.

Тілші (Қуанышкалиева Айнұрлы): Сәлеметсіз бе Динара. Иә жоғарыда айтылып өткендей аталмыш мектепте өткізілген ашық сабақ жаңа ғана өз мәресіне жетті. Ашық сабақ тарих пәнінің мұғалімі Анарбек Нұрболатұлының ұйымдастыруымен өткізілді. Сабақ барысында еліміздің аумағында ертеректе мекендеген үлкен тайпалардың бірі «Қаңлылар» туралы жан-жақты ақпарат берілді. Тайпаның мекендеген жері, өмір сүру дағдылары, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы қызықты материалдар берілді. Оқушылар жеке және топпен жұмыс жасай отырып өздерінің білімдерін одан әрі дамыта түсті.

Ашық сабаққа оқушылардан тыс мектеп мұғалімдері де қатысты (2-3 оқушыдан және өз 1-2 мұғалімнен сұрайды). Бүгінгі ашық сабақ туралы пікіріңіз. Жалпы сабақ ұнады ма? Мендегі ақпарат осындай. Айнұр?

Диктор (Ғабдықалиева Динара): Рахмет Айнұр! Бұл ақпарат бүгінгі жаңалықтар топтамасын аяқтайды. Келесі кездескенше күн ашық болсын.

Рефлексия: екі жұлдыз бір тілек.

VI Үйге тапсырма. Үйсіндер тақырыбын толық оқу, қосымша материалдар жинақтап тест құрау.

VII Оқушылардың білімін бағалау.

Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

Қазақ тарихы

№3 (160), наурыз, 2018

КӨНЕ ТҮРКІЛЕР. ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ

(Құрылуы, дамуы, ыдырауы. 10-сынып)

Жұмабек ҒАБДОЛОВ (Габдулов),
Қоныс орта білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты:	Ерте орта ғасырлық қағанаттағы тарихи оқиғалармен танысу.							
Күтілетін нәтиже:	А) Көне түріктер туралы, шығу тегі және Түрік Қағанатының аумағы, халқы, саяси тарихы туралы біледі. В) Қағандарының саяси қызметін айырып, тарихи оқиғаларын сипаттайды. С) Түрік қағанатының қазақ тарихында алатын орны туралы қорытынды шығарады.							
Дерек-көздер:	Ө.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, М.Қойгелдиев, Е.Қалиева, Т.Далаева, Қазақстан тарихы. – Алматы: Мектеп, 2014. – 368 б., тақырыптық карта, портреттер, таратпа материал.							
Сабақтың барысы:								
Кезеңі	Тапсырмалар. Мұғалім әрекеті.	Оқушы әрекеті						
Кіріспе	Топқа бөлу әдісі: «Тайпа атаулары». I Қарлұқ. II Тоғыз-оғыз. III Печенек.	Амандасу, топтасу.						
Тұсау-кесер.	Топтарға үлестірмелі материалдар беріліп, оқушылар қағаздардан фигура жасақтап шығарады. Ромб жасақталып шығады.	Сұраққа жауап іздеу, сәйкестендіру, өткенді еске түсіру.						
Негізгі бөлім	<p>Топтық жұмыс – «Джигсо». I Ежелгі түріктер туралы деректер. II Көне түріктердің шығуы. III Түрік Қағанатының құрылуы. Тақырыптарды меңгеруге 5 минут.</p> <p>Әр топтан бір адам топтарға барып, оқығандары туралы түсіндіріп өтеді 4 минут, барлығы 8 минут беріледі. Әр топ 3 ұйғарым дайындайды. 2 дұрыс, 1 бұрыс болуы тиіс. «Атажұрт» ойынының желісімен.</p> <p>Ерте ортағасырлық Түрік Қағанатының 603 жылы екіге бөлінуіне түрлі жағдайлар себепші болды. Өз ішіндегі соғыстар қағанаттың ыдырауына әкеп соқты. Ел ішіндегі алауыздық қай уақыттан бастау алады? 581 жыл. VI ғасырдың 70 жж. Түрік Қағанаты Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің солтүстік жағалауына дейін үстемдік етті. Бұл жағдай оның ірі мемлекеттермен терезесі тең түсіп, саяси жағынан күшті ықпалды мемлекетке айналуына әкеп соқты. Ел байланыс орнатқан мемлекеттерді атаңыз? Қытай, Иран, Византия.</p> <p>Қол астындағы Батыс Түрік Қағанатының он қолбасшысының көмегімен ху елін жаулап алуға аттанып, Алтайдың теріскейіндегі тайпаларды бағындырған түрік қағаны, Бумын қағанның інісі? Иштеми. Түрік қағаны, оның бастауымен түріктер Орхонның жоғары жағындағы Букрат тауларындағы аварларды екінші рет жеңді, алайда бұл шайқаста қаза тапқан билеушіні, Бумынның баласын атаңыз? Қара-Еске.</p> <p>Көне түркі тайпаларын атаңдар. Осы тайпалардың қайсысы ортағасырлық Қазақстан халқының бет-бейнесінің қалыптасуында ерекше рөл атқарды? Өз жауаптарыңды дәлелдендер.</p> <p>«Көне Түрік дәуірінде Қазақстан аумағында мемлекеттілік болған жоқ» деген пікірді жоққа шығарыңдар.</p> <p><i>Негізден ерте ортағасырлық кезең Түрік Қағанатынан бастау алады деп ойлайсыздар?</i></p>	<p>Мәтінмен өз бетімен танысып, топта талдайды, берілген әдіспен басқа топтарға барып түсіндіреді.</p> <p>О й ы н ж и н а қ т а й д ы , қ о р ы т ы н д ы т ұ ж ы р ы м ы н а й т а д ы .</p>						
Қорытынды	<p>«Лездеме». Конверттен бір оқушы шығып, сөз жазылған қағазды алады, бірақ оқушы сөзді атамай түсіндіруі тиіс. Қалған оқушылар анықтауы тиіс. Тапқан оқушы келесі сөзге шығады. «Теле», «Ашына», «Бумын», «542 жыл», Жужандар (аварлар), Земарх елшілігі, Естемі.</p> <p>Ақпарат жинақтау. Түркі тілдес халықтарды тілдік топқа жіктеу.</p> <p>Еліміздің бас демографы Мақаш Тәтімұлының дерегі бойынша әлемдегі түркі халықтарының саны 150 миллион шамасында болып, тілі жағынан 5 топ, 40 тіл және 100 диалектіге бөлінеді екен.</p> <p>1. ҚАРЛҰҚ тобы – қырғыз, саха, тыва, хақас, алтай, ұранқой, шор, долған, топа.</p> <p>2. ОҒЫЗ тобы – түрікмен, қашқай, қызылбас, апшар, шақсыбан, қарадағ.</p> <p>3. ҚЫПШАҚ тобы – қазақ, татар чуваш, башқұрт, қырым, қарақалпақ, құмық, қарашай малқар, ноғай, қарайым, қырымшақ.</p> <p>4. ШАҒАТАЙ тобы – өзбек, ұйғыр, салар, бұқар еврейі, сарыұйғыр, хотан.</p> <p>5. САЛЖҰМ тобы – түрік, әзірбайжан, месхет, гагауыз, қыпыр, қарапапах, қаджар.</p> <p>«БББ» – кері байланыс.</p>	<p>Сөзді өзін атамай сөзбен түсіндіріп өтеді.</p> <p>Тапсырманы орындайды. Өзін-өзі бағалайды, сабаққа қатысты пікірін білдіреді.</p>						
	<table border="1"> <tr> <td>“Білемін”</td> <td>“Білдім”</td> <td>“Білгім келеді”</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	“Білемін”	“Білдім”	“Білгім келеді”				
“Білемін”	“Білдім”	“Білгім келеді”						
Үйге	Эссені “Менің арғы тегім” атты тақырыпта жазу.	Күнделіктеріне жазып алады.						

Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Шынар СЫМАҒҰЛОВА,
Семей көп салалы колледжінің тарих пәнінің оқытушысы

Жалпы мақсаты: Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы, түрлі ұлт өкілдерінің ынтымақтастығы, қазақ халқының батырлары, олардың ерліктері жайлы мәліметтерді пысықтау, тиянақтау.

Оқыту нәтижесі: Оқушылар өз ойларын жүйелеп жеткізе біледі. Топпен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады. Ортақ шешім қабылдай алады. Өзін-өзі және басқаларды да бағалай алады. Тарихи оқиғаларға баға бере алады.

Негізгі идеялар: Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қиярлық соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алынбас қамал болып жұмылды. Бұл жерде Фашистік Германияның негізгі мақсатының саяси және экономикалық астары болды. Германия империясы шикізат үшін, азық-түлік базасы ретінде қуыршақ мемлекет құруды көздеді.

Жұмыс түрлері: Жеке, жұптық, топтық жұмыс, рефлексия жазу.

Тапсырмалар: Топты берілген өлеңдер бойынша бөлу. Топтық тапсырма. Постер дайындау.

Сабақ жоспары: Ойлау деңгейлері, мұғалімнің іс-әрекеті, оқушының іс-әрекеті.

Психологиялық дайындық. Тренинг. Берілген өлең жолдарымен оқушыларды топқа бөлу. Топ басшысын сайлау, бағалау парағын беру. Берілген өлең жолдарымен оқушылар топқа бөлінеді. Араларынан топ басшысын сайлайды.

Осы өлеңдеріңізді оқып шығыңыздар. Бұл өлең жолдарында не туралы айтылған?

-«Соғыс» дегенді қалай түсінеміз?

- Қандай ірі соғыстарды білесіздер?

- Ұлы Отан соғысы қашан, қай елдердің арасында болды?

- Ұлы Отан соғысының аяқталғанына биыл қан-

ша жыл?

- Ақындардың өлеңдерінен үзінді білесіздер ме?

Берілген сұрақтарға оқушылар жауап береді. Оқушылар формативті бағаланады.

Түсіну. Оқушылар назарын экранға аударамыз. Бейнеролик «Зұлмат заман». Осы бейнеролик бойынша оқулықты пайдаланып постер құрайды. Өр топтың жұмысын қарсы топтар бағалайды. Тақтаға критериялды бағалау бетшесі ілінеді. Оқушылар бейнеролик тамашалайды. Постер құрайды, қорғайды. Өр топтың жұмысын қарсы топтар бағалайды. Тақтаға критериялды бағалау бетшесі ілінеді.

Қолдану. Өр топ мәтінді оқып шығып, сол мәтін бойынша қарсы топтарға ашық сұрақ дайындайды.

Оқушыларды смайликтермен бағалау. Өр топ 3 сұрақтан қарсы топқа қояды.

Сергіту сәті. «Бақыт сағаты» тренингке қатысады.

Талдау. АКТ-ны, оқулықты пайдаланып Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар туралы мәлімет жинақтайды.

Формативті бағалау. Ғаламторды пайдаланып оқушылар батырлар туралы мәлімет жинайды. Өр топтан бір баладан шығып қорғайды.

Дерек пен дәйек. Хатынь. Оқушылар тың дерекпен танысады.

Жинақтау. «Эстафета таяқшасы» әдісі мен сабақты қорытындылау. Оқушылар шеңбер құрып, бүгінгі сабақтан алған білімдерін сұрақ қою арқылы қорытындылайды.

Бағалау. «Ардагер атаға хат» Оқушылар өздері білетін соғыс ардагерлеріне (аталары болуы мүмкін) хат жазады.

Үйге: Өз облысымыздағы, қаламыздағы, ауданымыздағы соғыс ардагерлері жайлы қосымша деректер жинау.

Рефлексия. Екі жұлдыз, бір тілек әдісі мен сабаққа баға береді. Бүгінгі сабақтың екі ұнамды жағын, бір ұсыныс жазып қалдырады.

Семей қаласы.



ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!

«...ТАРБАҒАТАЙДЫҢ» ЕКІНШІ КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Бірір жылдай бұрын Тарбағатай ауданында туған бір топ азамат ел тарихынан сыр шертетін «Тарихқа толы Тарбағатай» альманағын жыл сайын шығарып тұруды ұйғарған еді. Оның тұңғыш саны 2016 жылы әйгілі педагог-журналист Сайраш Әбішқызының алғысөзімен, Тарбағатай ауданы, Екпін ауылының тумасы Дулат Тастекеевтің қаржылай демеушілігімен жарыққа шықты. Құрастырушысы – Ерден Оралбай.

2017 жылы «Мерей» баспасынан «Тарихқа толы Тарбағатай» альманағының екінші саны жарық көрді. Алғысөзін жазған – «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, белгілі сатирик Еркін Жаппас. Басылымның кезекті санында белгілі тарихшылар Ә.Төлеубаев, Ғ.Қарасаев, М.Асылбеков, Қ.Еңсенев, Ғ.Іргебаев бастаған бір топ тарихшының, өлкетанушының мақала-

зерттеулері жарияланыпты. Сондай-ақ осы санда тарихшы-өлкетанушылар Н.Қанапияұлы, Т.Салқынбаев, Ә.Салықбай, М.Ізғүттиновтың еңбектері де жарық көрген.

Альманахтың кезекті санының мазмұнын әйгілі педагог-журналист С.Әбішқызының, танымал суретші Е.Нұразханның ғұмырбаяндық шығармалары байыта түскен. Қазақтың белгілі ақындары З.Тілеужанұлы, Ә.Қайырбеков, А.Кәріпжанәулеті бастаған ақындардың туған жердің тарихы мен тағылымын, табиғаты мен таңғажайып суреттерін жырлаған бір топ өлеңдері мен толғаулары альманахтың екінші санының ажар-көркін аша түскен.

Биылдан бастап бұл альманах Шығыс Қазақстанның барлық өңірін қамтитын жинаққа айналмақ. Өйткені жарияланған сандары Тарбағатай ауданының ғана емес, мұқым Шығыс Қазақстан өңірінің көзі ашық, көкірегі ояу адамдарының қызығушылығын туғызыпты. Енді тек Тарбағатай ғана емес, бүкіл шығыс өңіріне қатысты мақалалар жарияланбақ көрінеді. Қазір оның кезекті 3-саны дайындалуда.

Редакциядан.

ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРИХЫ, ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ТАРАЛУЫ

(Дінтану пәні. 9-сынып)

Талап САДЫҚБЕКОВ,
Т.Рысқұлов атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабаққа негізделген оқу мақсаты.	Араб түбегіндегі ислам дінінің пайда болуы, таралуы және осы ілімнің қалыптасу жолындағы басты оқиғаларына сипаттама беру.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Ислам дінінің пайда болуы мен оның қалыптасқан ережелерін түсіндіре алады. Оқушылардың басым бөлігі: Исламның таралу территориясы мен басты тарихи оқиғалары туралы сипаттама бере алады. Кейбір оқушылар: Ислам дінінің әлемдік өркениетке қосқан үлесі туралы сыныптастарына түсіндіріп, оқулықтан тыс ресурстар қоса алады.	
Бағалау критерийлері	Ислам дінінің пайда болу тарихы туралы үш мәлімет айтып бере алады. Ислам діні пайда болғанға дейінгі араб түбегіндегі жағдайға үш мысал келтіре алады. Исламның парыздары мен мерекелерін түсіндіре алады. Мұхаммет пайғамбардың (с.ғ.с.) өмірі туралы түсіндіре алады. Ислам дінінің таралу аймағын картадан көрсете алады.	
Диалог-жазылымға қажетті тіркестер	Ислам дінінің пайда болу кезіндегі Арабия түбегінде... Діннің таралу аймағын территориясы туралы айтсақ... Біздің анықтағанымыз..... Біздің тобымыздың ойынша....	
Тілдік мақсаттар.	Оқушылар: бүгінгі сабақтан үйренген жаңа термин сөздерге түсініктеме береді. Негізгі сөздер мен тіркестер (пәнге байланысты сөздік және терминология): Ислам, пайғамбар, хижра, ансарлар, мүшріктер, айт, пітір, зекет. Сыныптағы диалог-жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Әлемдік діндер туралы түсінік бере алады. Ислам діні тарихындағы басты оқиғаларға сипаттама бере алады. «Худайбия» бейбіт келісімшартына сипаттама береді. Оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдылары бойынша ұсыныстар: - Оқулықта берілген мәтінді оқиды. - Ислам дінінің пайда болу тарихын түсіндіреді. - Ислам діні ережелері туралы түсінік бере алады. - Ислам дінінің рухани маңыздылығы туралы айта алады.	
Құндылық. дарыту.	Зайырлы қоғам және жоғары руханият.	
Сабақ барысы		
Незеңдері	Сабақта орындалатын іс-әрекеттер.	Ресурстары.
Басы 10 мин	Білу және түсіну. Исламның пайда болуы мен Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны туралы бейнематериал көрсету. Бейне роликті көру барысында екі жуан, екі жіңішке сұрақ құрастыру. Дескриптор: Ислам дінінің пайда болуына байланысты сұрақтар құрастырады.	Исламның пайда болуы мен дамуы. Видео.
Ортасы 25 мин	Қолдану. Оқулықтағы мәтінді және қосымша материалдарды пайдалана отырып исламның пайда болуы мен таралуының негізгі оқиғаларын тізімге түсіру. Топта исламның пайда болуы мен таралуын 751 жылға дейінгі үш негізгі оқиғаны табу керек. Дескриптор: Негізгі оқиға деген не? Неге оларды осылай атайды? Оқиғаларды дұрыс көрсете алады. Жауабын аргументтер келтіріп, дәлелдей алады. Сыныппен бірге негізгі оқиғаны бағалау критерийін жасау. Қандай жағдайда біз оны негізгі оқиға дейміз? Талдау. Топта талқылау. Әр топ негізгі оқиғаны ПОПС (ПТМС) Позиция (Мен солай санаймын), Түсіндіру (..себебі..), Мысал (арқылы дәлелдей аламын), Салдар (мынадай қорытынды жасаймын) әдісімен дәлелдеу. Кері байланыс: Өзге топтардың жұмысы сізге ұнады ма? Несімен ұнады? Сіз өзге топтың бақылау нәтижесімен келісесіз бе? Жинақтау. Ислам діні пайда болғаннан кейінгі өзгерістерді топтастыру. Саяси, мәдени, экономикалық, әлеуметтік. Дескриптор: Өзгерістерді саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік деп дұрыс топтастырады. Аргументтердің негізінде дұрыс қорытынды жасайды.	«Уақыт сызығын» құрастыруға арналған ресурстар. Ислам және арабтар. «Екі жұлдыз бір тілек».
Соңы 5 минут.	Бағалау. Сұрақтары бар қорап. Бүгінгі сабақта нені жақсы түсіндім немесе түсінбеген сұрақтары туралы жазып, қорапқа салады. Сұрақтарға топтағылар жауап береді.	

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Луговой ауылы.



ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

(Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы)

Сандуғаш ШАДИЕВА,
№ 26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақ: Қазақстан тарихы	Тақырыбы: Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты?
Негізделген оқу мақсаттары:	Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру. Қазақстан территориясында алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау.
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: Қаңлы мемлекетінде қалалық мәдениеттің дамуына ықпал еткен факторларды түсінеді. Оқушылардың басым бөлігі: Ұлы Жібек жолының пайда болуын берілген ақпарат арқылы біледі. Қаңлылардың көрші елдермен қарым-қатынас жасағанын талдайды. Кейбір оқушылар: Ұлы Жібек жолының тарихи маңызын сипаттайды.
Бағалау критерийлері:	Ұлы Жібек жолының пайда болуын анықтап, картадан көрсетеді. Қаңлылардың көрші елдермен қарым-қатынасын сипаттайды. Қаңлыларда қалалық мәдениеттің дамуын түсіндіреді.
Тілдік мақсаттар:	Жазылым: тақырып бойынша орындалатын жазбаша тапсырмалар. Айтылым: сипаттама береді. Оқылым: мәтінмен, қосымша деректермен жұмыс. Тыңдалым: картамен жұмыс және бейнетаспа бойынша. Пәндік лексика және терминдер: Мәдениет, Ұлы Жібек жолы.
Құндылыққа баулу	Тарих, мәдениет пен тілдің біртұтастығы құндылығына баулу.
Пәнаралық байланыс	Дүние жүзі тарихы.
Алдыңғы білім	Үйсіндер туралы жазба деректер. Сөйлемдерді толықтыр. 1. Үйсіндер өсірді. 2. Үйсіндерде о дүниеге сену, құрбандық шалу 3. Гуньмо-үйсіндердің мемлекеті..... 4. Үйсіндердің Чигучэн болды. 5. Үйсіндер мекендеді. 6. елі үйсіндермен құда болғысы келді. 7. Үйсіндерде жылқы болған. 8. Үйсіндерде дамыған. 9. Үйсіндерде әскер болған.
Сабақ барысы	
Сабақ кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері
Басы 7 мин Сабақтың ортасы: 25 мин	Ұйымдастыру шаралары: Оқушылармен амандасу, түгендеу, топқа бөлу, психологиялық ахуал қалыптастыру. 1-топ: «Жібек». 2-топ: «Қаратау». Сабақтың мақсатымен таныстыру. Бағалау түрлеріне тоқталу. 1-тапсырма. Оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында бейнефильмнен үзінді. Тақырыпқа кіріспе. Ұлы жібек жолы мен Қаңлы мемлекеті туралы бейнефильмнен үзінді. Топтар бейнефильмнің мазмұны бойынша топтың ішінде диалогқа түседі. Бейнематериалда кездесетін қажетті ақпарат болса дәптерге жаздыру. Дескриптор: Ұлы Жібек жолының пайда болу себептерін анықтайды. Қаңлы мемлекетінің территориясын атайды. 2-тапсырма: Мәтінмен жұмыс. Берілген мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындату. Ұлы Жібек жолы. Картамен жұмыс. Картадан Ұлы жібек жолын анықтау. Дескриптор: Ұлы Жібек жолының басты бағыттарын анықтайды. Қаңлы жерінің территориясын көрсетеді. 3-тапсырма: Интерпретация-Қаңлыларда қалалық мәдениеттің дамуы. Шығармашылық жұмыс. Тапсырма барысында алған білімдердің негізінде оқушылар сұлбасын жасайды. 1-топ: Екінші Отырар – Қаратау мәдениеті. 2-топ: Мал өсіруші Жетіасар мәдениеті. Дескриптор: Қаңлылардың қалаларының қалыптасуын анықтайды. Қалалық құрылысын сипаттайды. 3-тапсырма: Көрші елдермен қарым-қатынасын және сауда байланыстарын анықтайды. Топтар өз жұмыстарын презентация түрінде қысқаша таныстырады. Әр топқа өз мәтіндері бойынша 3 сұрақ құрастыртып, сыныпта аукцион өткізуді ұйымдастырыңыз. Әр топтың дайындаған сұрақтары мен оның жауаптары нақты болуы қажет. Нәтижесінде көп ұпай жинаған топ марапатталады. Дескриптор: Қаңлылардың қандай елдермен байланыс орнатқанын сипаттайды. Қарым-қатынас барысында қандай тауар түрлері сатып алынғанын айтады.
Сабақтың соңы: 8 минут	Кері байланыс: Бүгін мен білдім... ..қызықты болды. ...қиын болды. ...тапсырмаларды орындадым. ...екенін түсіндім. ...қазір жасай аламын. Үй тапсырмасы: Ұлы Жібек жолы-эссе жазу.
	Ресурстар
	Гүлдердің суреттері Бейнежазба Карта Қаңлы қалаларының суреттері Флипчарт, стикер.

XIII-XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Гүлнар ЖҰМАБАЕВА,
№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі


Сабақтың тақырыбы:	XIII-XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті. Зерттеу сұрағы: XIII-XV ғғ. өнер мен әдебиет ортағасырлық қоғамды қалай бейнелейді?	
Қол жеткізілетін оқу мақсаты.	Күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың дереккөзі ретіндегі маңыздылығын анықтау.	
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар. Күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың дереккөзі ретінде білу. XIII-XV ғғ. рухани мәдениеттің дамуын түсіну. Оқушылардың басым бөлігі. Мәтін бойынша ортағасырлық ғылым мен әдебиеттің дамуы туралы білімдерін толықтыру. Ислам дінінің XIII-XV ғғ. мәдениет және өнердің дамуына ықпалын талдау. Кейбір оқушылар. Бүгінгі күнге дейін сақталып жеткен күй, аңыз, шежірелердің тарихи маңызын анықтау.	
Бағалау критерийі	- Күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың дереккөзі ретінде біледі. - XIII-XV ғғ. рухани мәдениеттің дамуын түсінеді. - XIII-XV ғғ. мәдениет, өнер қайраткерлерін және олардың туындыларын атап көрсетеді. - Мәдениет және өнер қайраткерлерінің шығармаларының ерекшеліктерін түсіндіреді. - Ислам дінінің мәдениет және өнерге ықпалын талдайды.	
Тілдік мақсаттар:	Кілтті сөздер: фольклор, шаманизм, тәңіршілдік, тасаттық. Талқылауға арналған тармақтар: Тақырып бойынша берілген мәтінді оқиды және топпен талқылайды (тыңдалым, оқылым, айтылым). Тақырып бойынша терминологиялық сөздіктерді жазу арқылы жазу сауаттылығын арттырады (жазылым).	
Құндылықтарға баулу:	Құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм.	
Пәнаралық байланыс:	Әдебиет, музыка, дінтану.	
Алдыңғы білім	Моғолстан. Әбілқайыр хандығы. Үй тапсырмасын «Ашық микрофон» әдісі арқылы сұраймын.	
Сабақ кезеңдері:	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы: 10 мин	1-кезең. Оқушылар қызыл, жасыл, көк түстегі асықтар арқылы 3 топқа бөлемін. 1-топ «Ғылым»; 2-топ «Өнер»; 3-топ «Әдебиет». «Кинометафора» әдісі арқылы оқушыларға «Ақсақ құлан» мультфильмін көрсетемін және осы көріністе дереккөздердің қай түрлерін көрдіңдер? – деп сұраймын. Оқушылар бұл мультфильмде Шыңғыс ханның баласы Жошының өлімі туралы аңыз, Шыңғыс ханға қазалы хабарды жырау Кетбұғаның күй арқылы жеткізгені туралы екендігін айтады. Ары қарай оқушыларға дәптерлеріне кілтті сөздерді жаздырамын. Бұл сөздер тақырып барысында кездеседі. Оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамытады (оқылым, жазылым).	Қызыл, жасыл, көк түстегі асықтар. «Ақсақ құлан» мультфильм АКТ интерактивті тақта жұмысын пайдалану ережесі.
Сабақтың ортасы: 20 мин	Мәтінмен жұмыс. 1-кезең: «Үштік (ойлан, жұптас, бірік)» әдісін қолдану арқылы топтарға мәтіндер беріледі. Топта мәтін бойынша тапсырмаларды бір оқушы оқиды немесе айтады, екінші оқушы тыңдайды, үшінші оқушы түртіп алады, кейін өз пікірін айтады (айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым). 1-топ: Орта ғасырларда кеңінен тараған жырлар мен олардың авторларын табу. 2-топ: Туынды түрлеріне қарай атауларын табу. 3-топ: XIII-XV ғғ. өмір сүрген жырауларды атау. Бұл әдіс арқылы оқушылар топқа бірігеді, есте сақтау қабілеттері сақталады. Өз ойын ашық айта алады. 2-кезең: Оқушылар кесте толтырады. XIII-XV ғғ. мәдениет және өнер туындылары қандай тақырыптарға жазылды? Ислам діні XIII-XV ғғ. өнер мен мәдениеттің дамуына қаншалықты ықпал етті? Кесте толтыруда оқушылар тақырыпты талқылап, жинақтайды және жазбаша кері байланыс жасайды. 3-кезең: «Еркін әңгіме» әдісі арқылы оқушылар өз ойын нақты дәйектермен дәлелдеп, «Бүгінгі күнге дейін сақталып жеткен күй, аңыз, шежірелердің тарихи маңызы» тақырыбына оқушылар өз ойларын 15-20 сөйлеммен қағаз бетіне түсіреді.	Мәтін. Слайд. Кесте.
Сабақтың соңы: 5 мин	Кері байланыс: «Бес саусақ».	
Үй тапсырмасы	Тақырыппен байланысты тың мәліметтер алып келу.	
Саралау: «Кинометафора» әдісі арқылы.	Бағалау: Оқушыларды әр тапсырмаларды орындау барысында мадақтау жүргіземін. «Жақсы» «Жарайсың!». Әр топ «Смайликтер» арқылы жүргізеді.	

ТӘУКЕ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

(Қазақстан тарихы. 10-сынып)

Айгүл ИМАНБАЕВА,

№ 26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Жалпы мақсаты:	Қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық ойындарын насихаттай отырып, Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайы, өзге хандықтармен қарым-қатынастары туралы мағлұмат беру.
Оқу нәтижелері:	Оқушылар топпен жұмыс жүргізеді; Тақырыпты талқылайды; Оқушылар өз ойларын айта отырып, сөздік қоры молаяды; Өзгенің ойын тыңдап, білімдерін толықтырады; Тапсырманы орындау арқылы тақырыпты түсінеді, қазақтың ойындарын біледі.
Түйінді идеялар:	Оқушылар қазақ халқының ойыны түрінде берілген тапсырманы орындау арқылы тақырыпты түсінеді.
Жаттығулар:	Сақина салмақ; Асық иіру; Бәйге; Үш орындық; Көкпар.
Әдіс-тәсілдер:	1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; 2. СТО-ға үйрету; 3. Оқыту мен оқуда АКТ-ны пайдалану.
Ресурстар:	Оқулық, постер, маркер, асық, орындық, ұялы телефон.
I Ұйымдастыру. 1. Оқушылармен амандасу. 2. Түгендеу. 3. Әр топқа бағалау парағын тарату. 4. Балалар, бүгінгі сабағымызды ерекше етіп, халқымыздың салт-дәстүрін насихаттап өткіземіз.	Бағалау парағын беру.
II Үй тапсырмасын тексеру – Есім хан тұсындағы Қазақ хандығы. «Сақина салмақ» ойыны арқылы сұрақтар беріледі: Есім хандығының алғашқы кездегі саяси жағдайы қандай болды? Бұхар хандығы мен Қазақ хандығының арасындағы талас-тартыс немен аяқталды? Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы қайшылық неден басталды? Тұрсын ханның бүлігі немен аяқталды? «Есім ханның ескі жолының» қандай тарихи маңызы болды? Есім хан мемлекет билігін қолға алып, ішкі-сыртқы саясатта қандай тәртіп орнатты?	Оқушылар үйден дайындап әкелген сұрақтарын бір-біріне қояды, әр топтан 2 оқушы шығады.
	III Жаңа сабақ. Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығы.
Келесі ойынымыз « Асық иіру » ойыны. 1-топ: Тәуке ханның таққа отыруы. 2-топ: Тәуке ханның кезіндегі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы. 3-топ: Орбұлақ шайқасы туралы айтып беріңіз.	Әр топтан 1 оқушы шығып, асықтарды иіреді. Кімнің асығы алшы түссе 1-ші болып, екінші алшы түскен 2-ші болып, бірінен кейін бірі тапсырманы орындайды (5 мин.).
Ендігі ойынымыз « Бәйге » деп аталады. Тақырып: Тәуке ханның «Жеті жарғысы». 1-топ: «Жеті жарғы» заңына толық анықтама беру. 2-топ: «Жеті жарғы» заңының маңыздылығы. 3-топ: Билердің «Жеті жарғы» заңына қосқан үлесі.	Топтарға тапсырма беріледі, оқушылар 3 минутта бірінен кейін бірі толықтыра отырып тақырыпты ашады.
Ендігі тапсырма « Үш орындық » деп аталады. 1.Тәуке хан тағына отырған кезде хандықтың саяси жағдайы қандай еді? 2.Тәуке хан ел ішінде белең алған келеңсіз жағдайларға қарсы қандай шаралар қолданды? 3.«Жеті жарғыда» қоғам өмірінің қандай жақтары қамтылған? 4.«Хан кеңесі», «Билер кеңесі» қандай мәселелерді шешті? 5.Сыртқы жағдай жоңғар шауылы туралы не білесің? 6.Ішкі-сыртқы келеңсіз жағдайлар халықтың тұрмысына қалай әсер етті?	Бұл тапсырмада ортаға үш орындық қойылып, 3 топтан 3 оқушы шығады. Орындалған өнге оқушылар орындықты айналып жүреді де ән тоқтағанда орындыққа отырады. Отырып үлгермеген оқушыға басқа топ оқушылары сұрақ қояды. 3 оқушы да сұрақтарға жауап береді.
IV Жаңа сабақты бекіту. « Көкпар » ойыны.	Оқушылар АКТ-ны пайдалана отырып қосымша мәліметтер жинақтайды. Тапсырманы орындап болған топ қолдарын көтеріп болғандығын көрсетеді.
V Үйге тапсырма: Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығы тақырыбында тест құрау.	Сыр сандығым ашылды, Келесі сабақ күнінде, Үй тапсырма жазылды. Орындауды тапсырды.
Бағалау.	Топты бағалау.
Кері байланыс	Жақсы тілектер (ауызша немесе жазбаша).

ИСАТАЙ МЕН МАХАМБЕТ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС

(Қазақстан тарихы. 8-сынып)

Ғалия ТІЛЕКМЕТОВА (Тлехметова),
№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты. Білімділік: Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің тарихи маңызын және қозғалысын атқарған рөлін түсіндіре отырып, білім деңгейлерін қалыптастыру. **Дамыту:** тарихи фактілерді саралай білу, тұжырымдау, сөйлеу мәдениетін дамыту. **Тәрбиелік:** тарихын құрметтейтін, ұлтжанды тұлға тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, топпен жұмыс, Венн жүйесі.

Сабақтың көрнекілігі: М.Өтемісұлы мен И.Тайманұлы портреттері, картасы.

Сабақтың жоспары: I Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, түгендеу, сабаққа назарларын аудару.

II Үй тапсырмасын сұрау: 1. Сұрақ-жауап.

А) Кіші жүздің территориясы неше (850000) шақырым алқапты қамтыды?

Б) Бөкей ордасы қай жылы құрылды? (1801 ж.)

В) Жәңгір қай жылдан бастап ел биледі? (1823 ж.)

Г) Жәңгір кімнің тәрбиесінде болды? (Астрахан губернаторының үйінде).

2. Әр топ бойынша сөзжұмбақ шешу.

III Жаңа сабақ. 1. Миға шабу: а) Көтеріліс дегеніміз не? б) И.Тайманұлын қай жағынан білеміз? в) М.Өтемісұлын қай жағынан білеміз?

2. Мұғалім түсіндірмесі: Исатай мен Махамбет туралы толықтырып, көтерілістің тірек сызбасы мен кластерді пайдалана отырып, көтерілістің алғышарттары, себептері, барысы, қозғаушы күші, жеңілуі, тарихи маңызы туралы түсіндіру.

Патша өкіметінің отарлау саясаты.

Көтерілістің 3 себебі: 1. Феодалдардың озбырлығы.


2. Салық мөлшерінің көбеюі.

3. Қалыптасқан жер иеленудің бұзылуы.

3. Көтерілістің басты мақсаты: -хан озбырлығына шек қою; -шаруалар жағдайын жақсарту; -жер мәселесіндегі патша үкіметінің отаршылдық саясатын өзгерту; -әскери бекіністердің салынуын тоқтату.

4. Көтеріліс 3 кезеңнен тұрады: 1. 1833-1836 жылдар – көтерілістің алғышарттарының қалыптасуы; 2. 1837 жыл – көтерілістің етек алған кезеңі; патша үкіметі әскерлерімен қақтығыстар; 3. 1838 жылғы

шілдеге дейін көтерілісшілер күшінің әлсіреп жеңілуі.



Жазалаушы → 1837 жыл 15-қазан Терентіқұм ← Шаруалар көтерілісі
Балқы бидің ауылына шабуылы
Тастөбе ұрысы

Әскер → Исатай тобының жеңілісі
Шаруалар көтерілісінің жеңілуі

↑
1838 жыл 12-шілде Ақбұлақтағы ақырғы шайқас
Исатайдың қаза болуы.

Көтерілістің қозғаушы күші – көтерілісшілерді біріктіре алмады. Жақсы қаруланған, арнайы әскери дайындықтан өткен патша жазалаушы күштерімен арпалысу қиын болды.

Көтеріліс жеңілгенімен де Қазақстанның басты өмірінің кейінгі дамуында терең із қалдырды. Алымсалықтың көбеюіне белгілі дәрежеде шек қойылды. Патша үкіметі көтерілісті қолдаған старшындармен санасу керектігін сезді.

3. «Білім шыңы» ойыны. "Ел болашағы – бүгінгі жастардың қолында", – деп Елбасымыз артқан сенімді ақтар жастар – бізбіз. Сондықтан да екі топ «Білім шыңына» мына сұрақтар арқылы жарыса отырып шығамыз:

1. Көтерілістің басталу себебі?

2. М.Өтемісұлы қай жылдары өмір сүрді?

3. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші?

4. Көтеріліс неше кезеңнен тұрады?

5. Исатай қай шайқаста қаза болды?

6. Көтерілістің жеңілу себебі?

IV Жаңа сабақты бекіту:

1. Венн жүйесін толтыру (топтық жұмыс).

2. Викториналық сұрақтар.

V Бағалау:

VI Үйге тапсырма: Оқу, дерек көздерімен жұмыс.

Ш.УӘЛИХАНОВ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ

(Қазақстан тарихы. 8-сынып)

Сәбира БЕРТІЛЕУОВА,
№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Мақсат	Білімділік: оқушылардың Шоқан Уәлиханов туралы білімдерін жан-жақты кеңейту, сабақ барысында білім мазмұнын игеруде сын тұрғысынан ойлауға үйрету, тарихи сөздер туралы мағлұмат алады, сөйлеу тілінде атқаратын қызметті дамыту дағдыларын кеңейтеді. Дамытушылық: оқушылардың тарих ғылымына деген көзқарастарының қалыптасуына тарихи мағлұматтар арқылы ықпал ету, тарихи мәліметтерді терең түсіну, тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тәрбиелік: оқушылардың бойына тарихи түсінік пен ұғымды ұғындыру, өз елінің тарихына деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже	Топтық диалогтік жұмыс арқылы білім алмасып, оқушылар бір-бірінен үлгі алады, тарихи материалды меңгеруге назар аударады, өзіндік баға бере алады, тарихи және қоғамдық тілмен сөйлеуге көңіл аударады, тарихи мағлұматтарды меңгеруге қызығушылығы артады, сыни көзқарасын білдіру арқылы тарихи білімі молайды, өз бетінше ізденіп, жоба қорғауға үйренеді, жаңа ұғымдар мен атауларды меңгеруге талпынады.

Пәнаралық байланыс	Дүниетану, география, қазақ әдебиеті, өзін-өзі тану.																														
Әдістер	Сыни тұрғыдан ойлату, топтық жұмыстар жасату. Топ басшысы топ мүшелерін бағалауды қолдану. Оқушылардың жеке қабілеттеріне байланысты тапсырмалар беру мен оны дұрыс бағалау.																														
Жабдықтар	Оқулық, интербелсенді тақта, үлестірме қағаздар, флипчарт, стикер, маркер, т.б.																														
Сабақ барысы																															
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті		Оқушы іс-әрекеті																												
Кіріспе 2 мин.	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу. Түгендеу. Үй тапсырмасын сұрау: «Тарих әлеміне саяхат» арқылы сұралады: *«Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» деген еңбекті кім жазды? *Торғай облысының мал дәрігері А.И.Добросмысловтың еңбегін ата! *М.М.Красовскийдің еңбегін ата! *1917 жылға дейін Ә.Диваев қанша еңбек жариялады? *А.Н.Плещев қай жылдары саяси айдауда болды? *Орынбор корпусына 33 жасында солдат етіп жіберілген кім? *Қазақ зерттеушілерін ата! *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір сүрген жылдары? *Қазақтардан шыққан алғашқы дәрігерлерден кімді білесіңдер? Оқушыларды топқа бөлу. Оқушыларды екі топқа бөлу.</p>		Оқушылар амандасып үй тапсырмасына дайындалады. Үй тапсырмасын сұрақтарға жауап беру арқылы көрсетеді. Оқушылар 1, 2 деп санап, жұптарын табады.																												
Тұсаукесер. (2 мин.)	«Сыни тұрғыдан ойлау» дағдылары арқылы жұмыс жүргізледі. Шоқан Уәлиханов туралы тарихи фильмнен 1 минут үзінді көрсетіледі.		Оқушылар Шоқан туралы ой бөліседі.																												
5 мин.	<p>1-топ. Шоқанның жастық шағы. Омбыда оқуда болған жылдары. Кластер әдісімен түсіндіру. 2-топ. Ш.Уәлихановтың ғылыми зерттеулері. Шоқанның Қазақстан тарихында алатын орны. «Тақырыптың ағашы» арқылы жылдарды сөйлетеді. 1847; 1853; 1855; 1856; 1860; 1864; 1864.</p>		1-топ кластер әдісімен түсіндіреді. 2-топ «Тақырыптың ағашын» құрып, таныстырады.																												
Түсіну 5-мин.	<p>Мақсаты: оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін қадағалау. 1 «ПАЗЛ» әдісін қолдану. Тарихи даталар мен оларды сипаттайтын, түйін сөздерді тақырыпқа сай жинақтау. Түйін сөзбен түйіндеу. Сынып ішіндегі ортадағы үстелде екі топқа арналған тапсырмалар жатыр. Олар түрлі түсті қағаздарға жазылған. «Жасыл» түс – Шоқанның жастық шағы. Омбыда оқуда болған жылдары. «Қызыл сары» түс – Ш.Уәлихановтың ғылыми зерттеулері. Шоқанның Қазақстан тарихындағы алатын орны.</p>		Әр топ кезегімен өз топтарына берілген тапсырманы түске қарай, өз тобы мен мағынасына қарай жинайды.																												
Қолдану 6 мин.	<p>Мақсаты: Алған білімдерін практикада қолдана білу. 1-топ. Кесте толтыру.</p> <table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <td>Қай жылы, қай жерде дүниеге келген?</td> <td>Қандай оқу орнын бітірді?</td> <td>Қайда сахат жасады?</td> <td>Қандай құнды ғылыми мұра қалдырды?</td> </tr> </table> <p>2-топ. Кесте уяшықтарындағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіру.</p> <table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <td>Шоқанның шын аты</td> <td>1</td> <td>1</td> <td>Шоқан... бекінісінде дүниеге келген</td> </tr> <tr> <td>Шоқан ұрпағы</td> <td>2</td> <td>2</td> <td>Мұхамедханафия</td> </tr> <tr> <td>Құсмұрын</td> <td>3</td> <td>3</td> <td>Абылайдың</td> </tr> <tr> <td>Айғаным</td> <td>4</td> <td>4</td> <td>Шоқанның өмір сүрген кезеңі</td> </tr> <tr> <td>Шоқан оқыды</td> <td>5</td> <td>5</td> <td>Шоқанның әжесі</td> </tr> <tr> <td>1835-1865</td> <td>6</td> <td>6</td> <td>Сібір надет корпусында.</td> </tr> </table>		Қай жылы, қай жерде дүниеге келген?	Қандай оқу орнын бітірді?	Қайда сахат жасады?	Қандай құнды ғылыми мұра қалдырды?	Шоқанның шын аты	1	1	Шоқан... бекінісінде дүниеге келген	Шоқан ұрпағы	2	2	Мұхамедханафия	Құсмұрын	3	3	Абылайдың	Айғаным	4	4	Шоқанның өмір сүрген кезеңі	Шоқан оқыды	5	5	Шоқанның әжесі	1835-1865	6	6	Сібір надет корпусында.	Оқушылар тапсырмаларды орындайды.
Қай жылы, қай жерде дүниеге келген?	Қандай оқу орнын бітірді?	Қайда сахат жасады?	Қандай құнды ғылыми мұра қалдырды?																												
Шоқанның шын аты	1	1	Шоқан... бекінісінде дүниеге келген																												
Шоқан ұрпағы	2	2	Мұхамедханафия																												
Құсмұрын	3	3	Абылайдың																												
Айғаным	4	4	Шоқанның өмір сүрген кезеңі																												
Шоқан оқыды	5	5	Шоқанның әжесі																												
1835-1865	6	6	Сібір надет корпусында.																												
Сергіту сәті 2 мин.	<p>Сергіту сәті. «Есімдерді атау». Қатысушылар шеңбер құра отырып, өзінің есімін, сосын өзінің мінезіне сай есімінің бастапқы әрпіне қарай бір қасиетін айтады.</p>		Оқушылар жалығып кетпес үшін сергіту сәтін жасату.																												
Талдау 7 мин.	<p>Мақсаты: Оқушылардың ой-қиялдау дағдыларын жетілдіру. Шығармашылық тапсырма. «Сөз-бәйге». Топ мүшелерімен бірге. 1-топ «Бала Шоқан», 2-топ «Ғалым Шоқан» тақырыбында шағын мәтін құрап жазады. Талаптар: 1) көлемі 100-110 сөз болсын. Топ ішінде ең үздік мәтін иесі анықталады.</p>		Оқушылардың жеке жауаптары тыңдалады.																												
Жинақтау	5 мин	<p>Мақсаты: Оқушылардың тақырыпты меңгергенін қадағалау. Екі топқа 3-3-тен парақша беріледі. Топ мүшелері бірлесіп сұрақтар жазады да, мұғалімнің сандықшасына салады. Екі топтан топ басшысы шығып, бір-бір сұраққа жауап береді.</p>	Білімдерін жинақтауын қадағалау.																												
Қорытынды Рефлексия	3 мин	Оқушылардың өздеріне сабақты қорытындылату.	Сабақты қорытындылау.																												
Үйге тапсырма	1 мин	&46. Тақырыпты оқу. Шоқанның сапары, картасын дәптерге сызып келу.	Оқушылар күнделіктеріне жазып алады.																												
Бағалау	2 мин	Мұғалім қорытынды бағаны өзі қояды.																													

ҚАЗАҚСТАН – ЕГЕМЕН МЕМЛЕКЕТ

Нұргүл ҚАСЫНБАЕВА,
№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты.	Оқушыларға Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті және тәуелсіздікке жетудегі қазақ халқының тарихы, тәуелсіздік жолында күрескен қазақтың батырлары, зиялылары туралы мәлімет беру, егемендік, тәуелсіздік ұғымын түсіндіру.	
Көрнекілігі.	Интерактивті тақта, слайдтар, суреттер, карта, оқулық.	
Күтілетін нәтиже.	Сабақтың нәтижесінде оқушылардың сабаққа қызығушылығы артады. Алған білімдерін пайдаланып, тест тапсырмаларын орындайды. Постер қорғап, өз ойларын айта білуге дағдыланады.	
Психологиялық ахуал.	<i>Талаптанып, қанаттанып, Білім алып, тұлғаланып, Өмір сырын ұғамыз. Азамат боп шығамыз.</i>	Оқушылар шеңберде тұрып мұғаліммен сабаққа сәттілік тілейді.
Қызығушылығын ояту.	Тақтаға «Тәуелсіздік», «Егемендік» «Азаттық» «Еркіндік» сөздері ілінеді. Оқушылар осы сөздердің мағынасын ашады. Бұл сөздерді қатыстырып, мемлекет және адам құқықтарына қатыстырып, өз ойларын айтады. Мысалы: адамдардың құқықтары; -өмір сүру бостандығы. -сөйлеу бостандығы, т.б.	Оқушылар суретке қарап сөйлеу арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашады. Жаңа тақырыпқа деген қызығушылығы оянады.
Мағынаны тану.	Тақырыпқа байланысты бейне ролик көрсету. Әр оқушы бейне роликке байланысты өз ойларын сыни тұрғыдан талдап, өз ойларын айтады. Диалогтік әдісті пайдалану. «Тәуелсіз Қазақстанның» семантикалық картасын жасау. Постер қорғау. Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан және ЭКСПО».	
Сергіту сәті.	«Қара жорға» музыкасы қойылып, оқушылар 2-3 минут би билеп, миларын тынықтырады.	
Ой толғаныс.	Венн диаграммасын жасау. 1-топ тапсырмасы: Н.Ә.Назарбаев – Абылай хан. 2-топ тапсырмасы: Н.Ә.Назарбаев – Керей хан. 3-топ тапсырмасы: Ю.Гагарин – Т.Әубәкіров.	
Үйге.	§29, 127-13-беттер, қосымша мәлімет әкелу.	
Бағалау.	Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. Фишкалар тарата отырып, оқушыларды оқыту үшін формативті бағалау.	Бағалау парақшасын толтырады.
Кері байланыс.	-Жаңа нәрсе білдім. -Сабаққа көңілім толды. -Ештеңе түсінбедім. -Әлі де оқу керек.	Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ



Гүлбану ӘЛІМҚАДЫРОВА (Алимкадирова),
№26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты.	Оқушыларға мемлекеттік рәміздер туралы мағлұмат беру, еліміздің негізгі белгілері болып табылатын мемлекеттік рәміздермен таныстыру, олардың маңызын түсіндіру.	
Көрнекілігі.	Интерактивті тақта, слайдтар, суреттер, карта, оқулық.	
Күтілетін нәтиже.	Сабақтың нәтижесінде оқушылардың сабаққа қызығушылығы артады. Алған білімдерін пайдаланып, тест тапсырмаларын орындайды. Постер қорғап, өз ойларын айта білуге дағдыланады.	
Психологиялық ахуал.	<i>Талаптанып, қанаттанып, Білім алып, тұлғаланып, Өмір сырын ұғамыз. Азамат боп шығамыз.</i>	Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.
Қызығушылығын ояту.	Тақтаға мемлекеттік рәміздердің суреттері ілінеді және осы суреттер туралы не білетіндері туралы сұралады.	Оқушылар суретке қарап сөйлеу арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашады. Жаңа тақырыпқа деген қызығушылығы оянады.
Мағынаны тану.	Тақырыпқа байланысты видео ролик көрсету. Әр оқушы видео роликке байланысты өз ойларын сыни тұрғыдан талдап, өз ойларын айтады. Диалогтік әдісті пайдалану. Тест тапсырмаларымен жұмыс жүргізу. Постер қорғау. Тақырыбы: «Мәңгілік Ел – Қазақстан» балалардың көзімен.	
Сергіту сәті.	«Қара жорға» музыкасы қойылып, оқушылар 2-3 минут би билеп, миларын тынықтырады.	
Ой толғаныс.	Сингуэй әдісін пайдалану. Оқушыларға тапсырма беру. Бес жолды өлең құрастыру: 1-топ тапсырмасы: Елтаңба туралы. 2-топ тапсырмасы: Өнұран туралы. 3-топ тапсырмасы: Ту туралы.	
Үйге.	§30 131-136 бет, қосымша мәлімет әкелу.	
Бағалау.	Оқыту және оқуды бағалау. Фишкалар тарата отырып, оқушыларды оқыту үшін формативті бағалау.	Бағалау парақшасын толтырады.
Кері байланыс.	-Жаңа нәрсе білдім. -Сабаққа көңілім толды. -Ештеңе түсінбедім. -Әлі де оқу керек.	Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады.

ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ

(Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы. 5-сынып)

Света ИШЕБАЕВА,
№ 26 жалпы білім бергін мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақ тақырыбы:	Афинадағы адамдар қаншалықты еркін болды.	
Оқу мақсаты.	Афина мемлекетінде демократияның пайда болуын түсіндіру. Ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттау.	
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Афина мемлекетінде демократияның пайда болуын түсінеді. Басым бөлігі: Демократия туралы мәтіндер арқылы ақпаратты біледі. Ежелгі қоғамның әлеуметтік құрылымын ажыратады, салыстырады. Кейбір оқушылар: Афина тарихында ерекше орын алатын тұлғалардың өмірін талдайды.	
Бағалау критерийі	Оқушы: Афинада демократияның пайда болуын анықтайды. Тақырыпқа қатысты тірек сөздердің мағынасын ашады. Афина қоғамының әлеуметтік құрылымын талдайды. Тарихи тұлғалардың өмірін зерттейді. Мәтіннің мағынасын ашады, қолданады.	
Тілдің мақсаттар:	Негізгі ұғымдар: демократия, азамат, халық жиналысы, бес жүздік кеңес. Талқылауға арналған тармақтар: Тақырып бойынша берілген мәтінді оқиды және топпен талқылайды (тыңдалым, оқылым, айтылым). Тақырыпқа байланысты бейне көреді (тыңдалым), көргендері бойынша диалог жүргізеді (тыңдалым). Тақырып бойынша негізгі ұғымдарды анықтайды (жазылым).	
Құндылық баулу:	Демократия, бостандық, теңдік, тәуелсіздік, білімділік, мақсат қоя білушілік.	
Пәнар. байланыс:	Қазақстан тарихы.	
Алдыңғы білім:	Ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттайды. Үй тапсырмасын «Ақиқат» және «Жалған» әдісі арқылы жүргізу.	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңдері:	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы: 10 мин.	<p>Мұғалім оқушылармен амандасып, олардың назарларын сабаққа аудару, бүгінгі сабақтың бағалау критерийлерімен таныстыру. Ынтымақтастық атмосферасын құру, өзара тілек айтқызу. Оқушыларды түстер бойынша топқа құрастыру. 1-топ: Қызыл. 2-топ: Жасыл. 3-топ: Көк.</p> <p>1-тапсырма. Тақырыпқа кіріспе. Оқушылардың назарларын сабаққа аудару мақсатында Афина туралы бейнефильмнен үзінді көрсетіп. «Stop-кадр» әдісі арқылы сұрақтар беріледі: - Бейнефильмнен не көрдіңдер? - Онда қандай көріністер бейнеленген? - Жаңа сабағымыз не туралы өтеді деп ойлайсыңдар? Оқушылардың жауаптарын жинақтай келе, бүгінгі тақырыптың өзекті ұғымы демократияға анықтама беремін. Демократия – грек сөзі «демос – халық – народ – реорле»; «кратос – билік – власть – power» – халық билігі. Үш тұғырлы тілге де тоқталамын. Мысал ретінде - Топ басшыларын сайлау. Дескриптор: Бейнефильмді көріп талдайды (тыңдалым). БББ сызбаны толтыру. Білемін; Білгім келеді; Білдім. (Жазылым) үздіксіз сабақ барысында жүреді.</p>	<p>«Stop-кадр» әдісі Афина туралы бейнефильм.</p> <p>АКТ-ны қолдану БББ сызбасы сызылған Постер.</p>
Сабақтың ортасы: 25 мин	<p>2-тапсырма. Оқулық мәтінімен жұмыс жүргізу (оқылым). «Интервью» әдісі арқылы жаңа тақырып көлеміндегі сұрақ-жауаптармен диалог жүргізеді. Ол үшін әр топтан ортаға оқушы шығып интервью сәтін жүргізеді (тыңдалым). Дескриптор: Мәтіннің мазмұнын ашады, сипаттайды, диалогқа түседі. ҚБ – Жұлдызшалар арқылы бағалайды.</p> <p>3-тапсырма. «Тұлғаны таны» әдісі. Интерактивті тақтадан тұлғалардың суретін көрсетіп, тапсырмаларды орындайды.</p>	
	 <p>.....болған жойдысатып алдыталап етті</p>	 <p>..... стратег гүлдендіөмір сүрді мемлекет қайраткері</p>

	<p>Дескриптор: Тұлғаны таниды, анықтайды. ҚБ – Стикерлер арқылы бағалайды.</p> <p>4-тапсырма. Тірек сөздермен жұмыс. Ұғымдарды міндеттеріне сай орналастыр (жазылым).</p> <table border="0"> <tr> <td>1.Полис</td> <td>Афина тұрғындары</td> </tr> <tr> <td>2.Архонт</td> <td>Халық билігі</td> </tr> <tr> <td>3.Демос</td> <td>Басқарушы</td> </tr> <tr> <td>4.Халық жиналысы</td> <td>Қарапайым халық</td> </tr> <tr> <td>5.Азамат</td> <td>Қала-мемлекеттер</td> </tr> <tr> <td>6. Демократия</td> <td>Өкімет билігі.</td> </tr> </table> <p>Дескриптор: Ұғымдарды қызметіне қарай орналастырады, ажыратады. ҚБ – Жұлдызшалар арқылы бағалайды.</p>	1.Полис	Афина тұрғындары	2.Архонт	Халық билігі	3.Демос	Басқарушы	4.Халық жиналысы	Қарапайым халық	5.Азамат	Қала-мемлекеттер	6. Демократия	Өкімет билігі.	
1.Полис	Афина тұрғындары													
2.Архонт	Халық билігі													
3.Демос	Басқарушы													
4.Халық жиналысы	Қарапайым халық													
5.Азамат	Қала-мемлекеттер													
6. Демократия	Өкімет билігі.													
Сабақ соңы: 10 мин	<p>Кері байланыс: «БББ» кестесіндегі тармақтарды толтыру және өз ойларын қорытындылау. «БББ» әдісін әр оқушы жазбаша өткізеді. Үйге: Тақырып бойынша 5 сұрақ құрастыру. Перикл, Солон туралы жазып келу.</p>	БББ кестесі.												
Сабақ бойынша рефлексия:	Бағалау. Жаңа тақырыпты оқып-түсінуде уақыт тиімді пайдаланылды, топ басшылары өз топтарын бағалады.													

ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ МӘДЕНИЕТІ

Акбота ӘБЕНОВА,
№ 26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақ тақырыбы	Ежелгі Грекия гимназия, лицей, академияларында нені үйретті?	
Сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты	Ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуын шаруашылық іс-әрекет пен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау. Ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың рөлін сипаттау.	
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Ғылымдардың пайда болуын біледі. Ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың рөлін анықтайды. Оқушылардың басым бөлігі: Ежелгі ғылым саласындағы жетістіктерін ажырата алады. Ежелгі қарапайым жазумен қазіргі жазудың рөлін анықтайды. Кейбір оқушылар: Ежелгі грек ғалымдарының ірі жетістіктерін атайды, ғылым саласының ерекшеліктерін салыстырады.	
Бағалау критерийі	Оқушы: - Грекияда өмір сүрген ғалымдардың есімдерін атайды. - термин сөздердің мағынасын түсіндіреді. - Ежелгі қоғамдағы жазудың рөлін сипаттайды. - Ежелгі және қазіргі білім беру жүйесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.	
Тілдік мақсаттар:	Кілтті сөздер: стиль, палестра, академия. Талқылауға арналған тармақтар: Тақырып бойынша берілген мәтінді оқиды, жазады және топпен талқылайды (тыңдалым, оқылм, жазылым). Тақырып бойынша кесте толтырады (айтылым). «Сурет сөйлейді» әдісімен айтады.	
Құндылық баулу	Білімділік, төзімділік, мақсат қоя білушілік, патриотизм.	
Пәнар. байланыс:	Қазақ әдебиеті.	
Алдыңғы білім:	Ежелгі дүниенің мәдениетіне сипаттама беру. Ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттау. Үй тапсырмасын «оң» және «теріс» әдісі арқылы жүргізу.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері:	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
	<p>Мұғалім оқушылармен амандасып, олардың назарларын сабаққа аударады.</p> <p>1-тапсырма «Сурет сөйлейді» әдісі. Әр топқа сурет беріледі. Әр топ суретті талқылайды, әңгіме құрастырады, тақырыптың мағынасын ашып ортаға салады.</p> <p>Термин сөздермен жұмыс жасайды.</p> <p>Дескриптор: Білу – Ежелгі Грек ғалымдарының аттарын біледі.</p> <p>Түсіну – Термин сөздердің мағынасын түсіндіре алады.</p>	Суреттер
Сабақтың ортасы: 20 мин.	<p>2-тапсырма. "Спираль" әдісі. Оқушыларға мәтінді топ ішінде оқытқызып топпен талқылау. Топ ішінен бір сарапшыны тағайындап басқа топтарға түсіндіреді, қайтадан өз топтарына барып түсінгендерін түсіндіреді. 1-топ «Астрономия» – Ежелгі грекиядағы ғылым. 2-топ «Философия» – Ежелгі грекия мектептері. 3-топ «Жазу» – Ежелгі гректердің жазуы. 4-топ «Мектеп» – Философиялық мектеп. «Спираль» әдісі.</p> <p>Дескриптор: Қолдану – Ежелгі Грек жазуының, мектептерінің ерекшелігін сипаттайды. Ежелгі Грек ғалымдары туралы айта алады.</p> <p>3-тапсырма. «Венн диаграммасы» әдісі. Грек мектебі мен қазіргі мектептерін салыстырады, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды.</p> <p>Дескриптор: Венн диаграммасын толтыру арқылы тақырыптың негізгі ұқсастығы мен айырмашылығын біледі, талдайды.</p>	Ақпараттық қағаздар суреттер. Венн диаграммасы.

Сабақтың соңы: 10 мин.	«Ыстық орындық» әдісі. Өтілген тақырыпты қорытындылау үшін оған қатысты қандайда бір ұғымды сипаттайтын оқушыны таңдаймыз. Сыныптың қалған бөлігі бұл «кейіпкерге» кезек бойынша сұрақ қояды, ал ол сол кейіпкер сияқты жауап беруі керек. Кері байланыс. "Аралдар" әдісі: стикер беру арқылы.	Бағалау парақтары, стикерлер.
Сабақ бойынша рефлексия:	Мен сабақ барысында оқу мақсатының қаншалықты орындалғанын, орындалмағанын оқушылардың жазған стикер парақшалары арқылы анықтаймын. Келесі сабаққа сол бойынша оқу тәсілдерін енгіземін. Сабақта қызығушылығы төмен болған оқушылардың ішкі уәжін қалыптастыру жолдарын қарастырамын. Оқуда алға жылжуға көмектесетін кері байланыс ұсынамын. Оқушыларды өз оқуы үшін жауапты адам ретінде әрекет етуге тартамын.	

ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІ

(Дүние жүзі тарауы. 6-сынып)

Айтолқын АХАНОВА,

№ 26 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты:	1.Ежелгі Қытай данышпандары, ғылыми білімі мен өнер табыстары туралы мәлімет беру. 2.Қытайдың жазуы мен әдебиетінің ерекшеліктеріне тоқталу. 3.Топта бірлесіп жұмыс жасауға тәрбиелеу.	
Әдістері:	Топтықжұмыс, СТО элементтері, оқыту үшін бағалау, оқуды бағалау, ой-қозғау, джиксо әдісі, венн диаграммасы.	
Күтілетін нәтиже:	1.Ежелгі Қытай данышпандары, ғылыми білімі мен өнер табыстары туралы мәлімет білетін болады. 2.Қытайдың жазуы мен әдебиетінің ерекшеліктерін түсінетін болады.	
Сабақ жоспары:	I Ұйымдастыру кезеңі: мақсат қою, топқа бөлу. II Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі. 1.Білу. 2. Түсіну. 3. Қолдану. 4. Талдау. 5. Жинақтау. 6.Бағалау. 7.Үй тапсырмасы.	
Сабақтың барысы		
Ұйымдастыру кезінде оқушылармен амандасып, ынтымақтастық атмосферасын құрамын және топқа бөлемін. Онда оқушыларға арнайы таратылған екі түсті стикерге жазылған тілекті шаттық шеңбер құрып жанындағы оқушыға тапсырады. Топқа стикердің түсі арқылы бөлу.		
Мұғалімнің іс-әрекеті		Оқушының әрекеті
1.Білу. Екі бөлімнен тұрады. 1. Алмастырда қайта бер. 2. Тест тапсырмасы. Білім тексеру. «Даталар сөйлейді». Б.з.б 2 мыңжылдық – Б.з.б. VI-V ғ. – Б.з.б. V ғ.– Б.з.б. IV-III ғ. – Б.з.б. III ғ. – Б.з.б. 221 ж. – Бағалау. 1.2.3.ұпай –2; 4.5.6.7 ұпай – 3; 8-13 ұпай – 4; 14-15 ұпай – 5.		Алмастыр да қайта бер ойыны. Оқушыға арнайы таратылған ақ парақтың төменгі жағына өз тараптарынан қытай туралы сұрақтар жазып, жанындағы оқушыға береді, алған оқушы сұрақтың жауабын жазып, жауап жазылған шетін бүктеп келесі оқушыға тапсырады. Осылайша өз сұрағы өзіне келгенде сұрақтың жауаптарын тексеріп, бағалайды. Оқушылар даталар бойынша өз білімдерін көрсетеді.
2.Түсіну: - Элект. оқулықтан тақырып бойынша видео көреді. - Оқулық және қосымша дерекпен жұмыс жасайды.		Оқушылар видеоны мұқият тыңдап, кітаппен жұмыс жүргізеді.
3.Қолдану. Екі топта Ежелгі Қытай мәдениеті туралы мазмұнды сызба жұмысын жасайды. 4.Талдау.		- Оқушылар топ бойынша мазмұнды сызба жұмысын орындайды. - Өр топтан бір елші, бір баяндамашыны орындықтарының артына стикер жапсыру арқылы сайлап, тапсырманы Джиксо әдісі арқылы орындайды. Баяндамашылар сызба жұмыстарын қорғап, талдайды.
5.Жинақтау. Сабақты бекіту: - Шынжыр ойыны - Сөздердің мағынасын түсіндір. 1.Құбыланама – 2.Сейсмограф – 3.Жұлдызнамашылар – Бағалау шкаласы бойынша бағаланады. Венн диаграммасы.		Оқушылар топ бойынша шынжыр ойынын ойнайды. Онда бірінші топ екінші топқа, екінші топ бірінші топқа Ежелгі Қытай мәдениеті туралы сұрақтар қояды. 10 сұрақты үзбей жауап қайтару керек. Жаңа сөздердің мағынасын түсіндіреді. Венн диаграммасы. Ежелгі Қытай мәдениеті. Ежелгі Үнді мәдениеті.
1.Бағалау.		Өр топ ішінен бір оқушы бағалау парақшасы арқылы бағалап отырады және топ ішінде бағалау жүреді.
2. Үй тапсырмасы.		Ежелгі Қытай мәдениеті оқу және қосымша Қытай мәдениеті туралы деректер оқып келу.

Алматы қаласы.